

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі
«Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институты

Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
Национальный музей Республики Казахстан
Научно-исследовательский институт «Халық қазынасы»

ҰЛЫ ДАЛА МҰРАСЫ: ЗЕРГЕРЛІК ӨНЕР ЖАУҺАРЛАРЫ

НАСЛЕДИЕ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ: ШЕДЕВРЫ ЮВЕЛИРНОГО ИСКУССТВА



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

«Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі»
атты халықаралық көрме жобасы аясында

В рамках международного выставочного проекта
«Шествие Золотого человека по музеям мира»



ҒАСЫРЛАР ҚОЙНАУЫНАН

Көрме каталогы

ИЗ ГЛУБИН ВЕКОВ

Каталог выставки



ӘОЖ 069
КБЖ 79.1
Z 43

Редакциялық коллегия:

А. Оңғарұлы (редактор), Р. Дәрменов, Б. Хасенова, Ә. Нұсқабай, С. Есенов (құрастырушылар)

Редакционная коллегия:

А. Онгарулы (редактор), Р. Дарменов, Б. Хасенова, А. Нускабай, С. Есенов (составители)

Z 43 Ұлы дала мұрасы: зергерлік өнер жауһарлары = Наследие Великой степи: шедевры ювелирного искусства. – Астана: Национальный музей Республики Казахстан, Т1. Ғасырлар қойнауынан: көрме каталогы=Из глубин веков: каталог выставки: 2018. – 252 с. – Қазақша, орысша.

ISBN 978-9965-446-0

Топтамада Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің қорында сақталған, ерте темір дәуірінен бастап этнографиялық кезеңге дейінгі аралықты қамтитын Ұлы дала мәдениетінің ежелгі өнер туындылары ұсынылған. Жәдігерлер қатарында Есік обасынан табылған «Алтын адамның» киім әшекейлері, ортағасырлық Сайрам қаласына тиесілі алтын бұйымдар көмбесі мен қазақ халқының күмістен жасалған зергерлік өнер туындылары бар. Сонымен қатар Отандық ғалымдардың зерттеу мақалалары да қоса беріліп отыр.

В каталоге представлены произведения древнего искусства, являющиеся неоценимым сокровищем культуры Великой степи, хранящиеся в Национальном музее Республики Казахстан. Как изделия из драгоценных металлов, начиная с раннего железного века и до этнографического периода, они представляют художественный характер степной цивилизации. Среди представленных экспонатов имеются украшения одежды Иссыкского «Золотого человека», золотые изделия из Сайрамского клада, а также серебряные ювелирные изделия казахского народа. Вместе с этим в книге представлены научные статьи Отечественных ученых.

ӘОЖ 069
КБЖ 79.1

ISBN 978-9965-23-445-3 (общ)

ISBN 978-9965-446-0 (том 1)

**Баспаға Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің Ғылыми кеңесі ұсынған
Печатается по решению Ученого совета Национального музея Республики Казахстан**

© Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі, 2018
© Мақала авторлары, 2018
© «Экспонат» ЖШС, 2018



«Мы – Страна Великой степи. Великая степь, вечное синее небо, здесь наши предки жили. Тенгри – небо. От света, зелени Великой степи и синего неба родился цвет нашего Флага. Мы – дети Великой степи»

Н.А. Назарбаев

**Көрме Ресей Федерациясының Мәскеу қаласындағы Бүкілресейлік
сәндік-қолданбалы және халық өнері музейінде
04 сәуірден 13 мамырға дейін өтеді**

Көрменің ұйымдастыру комитеті:

Л.В. Кочетов, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі директорының міндетін атқарушы
Ж.Қ. Таймағамбетов, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі директорының ғылым жөніндегі орын-
басары
А.К. Сатубалдин, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі директорының қор қызметі жөніндегі орын-
басары
З.К. Сұрағанова, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің ғылыми хатшысы
Р.Е. Бекталиева, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің жинақтау, есеп жүргізу және сақтау
қызметінің басшысы, бас қор сақтаушы
Т.С. Мәжитова, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің көрме-экспозициялық қызметінің басшысы

Жұмыс тобы:

Ұ.Т. Садықова, Б.Р. Ақпасова, Ш.А. Мұқатаева, С.М. Хабар, А.К. Ақжасарова

Фотограф: Қ. Мусин, А. Қайырмағамбетов

**Выставка проходит с 04 апреля по 13 мая 2018 года
в Всероссийском музее декоративно-прикладного и народного искусства,
город Москва, Российская Федерация**

Организационный комитет выставки:

Л.В. Кочетов, исполняющий обязанности директора Национального музея Республики Казахстан
Ж.К. Таймагамбетов, заместитель директора Национального музея Республики Казахстан по научной
работе
А.К. Сатубалдин, заместитель директора Национального музея Республики Казахстан по фондовой
деятельности
З.К. Сураганова, ученый секретарь Национального музея Республики Казахстан
Р.И. Бекталиева, Руководитель службы комплектования, учёта и хранения, главный хранитель На-
ционального музея Республики Казахстан
Т.С. Мажитова, руководитель экспозиционно-выставочной службы Национального музея Республики
Казахстан

Рабочая группа:

У.Т. Садықова, Б.Р. Ақпасова, Ш.А. Мукатаева, С.М. Хабар, А.К. Ақжасарова

Фотограф: К. Мусин, А. Каирмагамбетов



МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

	Құттықтау сөз	8
	Приветственное слово	
	Құттықтау сөз	10
	Приветственное слово	
	Құттықтау сөз	12
	Приветственное слово	
	Алғы сөз	14
	Предисловие	16
1	Қайнар көз. Тас және қола дәуірлерінің өнері	
	З. Самашев, А. Оңғарұлы	20
	Истоки. Искусство каменного и бронзового веков	
	З. Самашев, А. Оңғарұлы	26
2	Сақтардың «алтын ғасыры»	
	К. Ақышев, Ө. Ақышев	33
	«Золотой век» саков	
	К. Ақишев, А. Ақишев	39
3	Сақтардың дүниетанымы	
	Р. Дәрменов	47
	Мировоззрение саков	
	Р. Дәрменов	49
4	Көшпелілер мәдениетіндегі қазанның нышандық мәні	
	Г. Джумабекова	52
	Символика котлов в культуре кочевников	
	Г. Джумабекова	58
5	Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық тұрғындарының сүйектен бұйым жасау ісі	
	Б. Сиражева	66
	Косторезное дело древнего и средневекового населения Казахстана	
	Б. Сиражева	69
6	Түркі-моңғол мифтік дәстүріндегі темір ұсташының бейнесі	
	З. Сұрағанова	73
	Образ кузнеца в тюрко-монгольской мифологической традиции	
	З. Сұрағанова	76
7	Қазақтың дәстүрлі қару-жарақ жасау өнері	
	Қ. Ахметжан	80
	Традиции изготовления оружия у казахов	
	Ахметжан К.	84
8	Қазақтың дәстүрлі тас қашау өнері	
	Р. Бекназаров	89
	Традиционное камнерезное искусство казахов	
	Р. Бекназаров	95
	Тақсайлық әйел абыз	102
	Таксаяская жрица	
	Алтын киімді Есік бекзадасы	108
	Иссыкский правитель в золотом одеянии	
	Сайрам көмбесі: алтын бұйымдар	184
	Сайрамский клад: золотые изделия	
	Қазақтың зергерлік бұйымдары	210
	Ювелирные украшения казахов	



Құрметті достар!

Мен «Ұлы дала мұрасы: зергерлік өнер жауһарлары» атты көрмеде Сіздермен қауышып отырғаныма қуаныштымын! Көрме «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» атты жобаның аясында жүзеге асырылып отыр және ол Азия, Еуропа мен АҚШ музейлеріне де жол тартатын болады. Бұл жоба біздің еліміздің мәдени құндылықтарын әлемге танытудағы маңызды құралдың бірі.

Мәдениет халықтар мен мемлекеттер арасындағы маңызды байланыстың бірі десек, артық айтқандық бола қоймас. Дәл осы мәдениет аса қуатты гуманистік елші ретінде: әр ұлт пен мемлекеттің теңдессіз мәдени дәстүрін және өзіндік ерекшеліктерін паш етеді.

Интеграциялық үрдістер белең алған әлемдік қоғамда біздер үшін өз мәдени кодымызды сақтап қалу аса жауапты міндеттің бірі. Бұл турасында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды» деп айқын ұстанымын білдірді, бұл дегеніміз кез-келген тұлғалардан біріге салған қауым емес, туған жеріне, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне ерекше ықыласпен қарайтын, шын мәніндегі ұлтты ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі.

Мыңжылдықтар бойы еуразиялық кеңістікте айрықша – далалық өркениет қалыптасты. Ал, оның түпкі тамыры энеолит дәуірінде жылқыны қолға үйретумен, қола дәуірі кезіндегі металл өңдеу ісін игерумен байланысты болса, оның ұлы тарихы сақ, сармат, үйсін, Түркі қағанаты, Оғыз, Қимақ, Қыпшақ, Моңғол мемлекеті, Қазақ хандығы сынды мемлекеттік бірлестік құру кезеңдерінде дәстүрлі жалғасын тапты.

Көрмеде далалықтардың ізі қалған, тарихи дәстүрінің өзіндік ерекшеліктерін толыққанды көрсетуге лайықты көне мәдениет туындыларының теңдессіз жәдігерлері назарларыңызға ұсынылып отыр. Көрменің басты экспонаты Алтын киімді адам – алғаш рет әлемдік ғылымда сақ көсемінің киімін қалпына келтіруге мүмкіндік берген қазақстандық археологтардың жемісі. Өлбетте, біз үшін Алтын адамның бас киіміндегі кейбір нышандық әшекейлердің еліміздің мемлекеттік рәміздерінде бейнеленуінің мәні ерекше.

Көне дәуір шеберлерінің таңғажайып туындылары көркемдік жайлы әмбебап түсініктерді, қандай да бір білімсіз өзге мәдениеттерді түсінуге болмайтын бірегей кодты талап етеді.

А. Мұхамедиұлы,
*Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрі*



Дорогие друзья!

Я рад приветствовать вас на выставке «Наследие Великой степи: Шедевры ювелирного искусства»! Выставка осуществлена в рамках проекта «Шествие Золотого человека по музеям мира» и на протяжении нескольких лет она посетит музеи Азии, Европы и США. Проект является важнейшим участником мероприятий по презентации нашего культурного наследия в мировом сообществе.

Не будет преувеличением сказать, что культура играет значительную роль в диалоге между народами и государствами. Именно культура несет в себе мощнейший гуманистический посыл: она провозглашает право на своеобразие и бесценность культурного опыта каждого этноса, каждого государства. В естественном процессе интеграции в мировое сообщество, всем нам чрезвычайно важно сохранить свой культурный код. В статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев четко обозначил свою позицию по этому поводу: «Никакая модернизация не может иметь место без сохранения национальной культуры», а основой культурно-генетического кода, который делает любую нацию нацией, а не собранием индивидов, является особое отношение к родной земле, ее культуре, обычаям, традициям.

На протяжении тысячелетий в пространстве евразийских степей формировалась особая – степная цивилизация. Ее истоки связаны с доместикацией лошади в эпоху энеолита, освоением навыков металлургии в эпоху бронзового века, ее величественная история продолжилась в период образования государственных объединений саков, сарматов, юэчжей, Тюркских каганатов, Огузского, Кимакского, Кыпчакского, Монгольского государства, Казахского ханства.

Бесценные артефакты прошлого, представленные вашему вниманию на выставке, являются шедеврами древнего искусства и в полной мере отображают своеобразие исторического пути, пройденного степняками. Главным экспонатом выставки, по праву является Золотой человек – уникальная находка казахстанских археологов, позволившая впервые в мировой науке воссоздать костюм вождя сакского племени. Конечно, знаковым для нас является тот факт, что некоторые из образов, задействованных в оформлении головного убора Золотого человека, воспроизведены в государственной символике нашей страны.

Великолепные изделия мастеров прошлого утверждают универсальные представления о красоте, но, в свою очередь, воспроизводят уникальный код, без знания которого невозможно понимание других культур.

А. Мухамедиулы,
*Министр культуры и спорта
Республики Казахстан*



Қымбатты достар!

Назарларыңызға ұсынылып отырған «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» атты халықаралық жоба аясындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінің тағы бір көрмесі. Жоба қазақ даласының ежелгі өнер туындыларын қалың көпшілікке насихаттауға арналған. Көрме жобасы Шығыс Азия (Жапония, Корея), Оңтүстік-шығыс Азия (Қытай), Еуропа (Австрия, Франция), сондай-ақ Ресей, Белоруссия және Америка Құрама Штаттарын қамтиды.

Көрмеде Ұлы даланың теңдессіз қазынасы болып табылатын ежелгі өнер туындыларын тамашалауға болады. Бұл бұйымдар дала империяларының тарихы, жойқын жеңістер мен ғажайып көріністердің куәсі болып табылады. Ұсынылған барлық бұйымдардың алтыннан жасалуы да кездейсоқтық емес. Ерте заманда, көптеген халықтар арасында аталған қымбат металл мен материалдан жасалған бұйымның иелері айрықша мәртебеге ие болған. Қазіргі уақытта Қазақстан аумағында бес Алтын киімді адамның жерлеу орны анықталды. Көрмеде сіздердің назарларыңызға Алтын киімді үш адамның әртүрлі әшекейлері ұсынылып отыр. Бұл заттардың барлығы дерлік жануарлар бейнесінде сомдалған. Жануарлардың бейнесін біз адамзат тарихының ең ерте кезеңінен-ақ білгенімізбен, аң стилі – ерте темір дәуіріндегі алғашқы далалық мемлекеттер дәуірінің мұрасы ретінде еш нәрсемен алмастыру мүмкін емес! Материалдың қасиеттерін игеру қабілеті, аса жоғары талғампаздық, бейнеленген жануарлардың ең маңызды тұстарын жеткізе білуі, асқан шеберлік, мұның барлығы таңғажайып туындыларды өмірге әкелді. Аң стилінде жасалған заттар, жануарлардың түп-тұлғаларына тән, көркемдік пен сәндікті бейнелейді. Бай символизм дала өнерінің кейінгі кезеңдеріне де тән. Осыған байланысты көрмеде дәстүрлі қазақ киімінің үлгілері де берілген. Көне заттар ғаламының өмір сүруі жалғасын тапты. Қазақтың зергерлік өнеріндегі өсімдік текті, аң бейнелі, адам тәрізді сарындар – ата-бабаларының естелігі мен мұрасы.

Ұлы даланың ежелгі және дәстүрлі өнер туындыларын бүкіл әлемдік қоғамдастыққа таныстыру құрметінің Қазақстан Республикасының Ұлттық музейіне бұйырып отырғаны мен үшін үлкен қуаныш. Біздің музей Орталық Азиядағы ең жас әрі ірі орталықтың болып табылады. Ол бүгінде еліміздің жетекші музей алаңына, ғылым, білім мен шығармашылық инновациялар орталығына айналды.

Л.В. Кочетов,
Қазақстан Республикасы
Ұлттық музейінің директоры



Уважаемые друзья!

Выставка, представленная вашему вниманию, является частью грандиозного выставочного проекта Национального музея Республики Казахстан «Шествие Золотого человека по музеям мира». Проект призван представить шедевры древнего искусства казахских степей на международном уровне. Маршрут выставочного проекта включает Восточную Азию (Япония, Корея), Юго-Восточную Азию (Китай), Европу (Австрия, Франция), а также Россию, Белоруссию и Соединенные Штаты Америки.

На выставке вы можете увидеть шедевры древнего искусства, являющиеся подлинной сокровищницей информации о прошлом Великой степи. Эти предметы являются свидетелями истории степных империй, громких побед и великолепных деяний. Не случайно, практически все предметы, представленные здесь, выполнены из золота. Именно этот драгоценный металл стал тем материалом, с помощью которого провозглашался особый статус владельцев таких изделий у многих народов в прошлом. На территории Казахстана в настоящее время обнаружены погребения восьми Золотых людей. На выставке вашему вниманию представлены различные детали одежды трех из них. Практически все эти предметы выполнены в зверином стиле. Хотя мы знаем изображения животных, начиная с самых ранних страниц человеческой истории, звериный стиль – порождение эпохи первых степных государств, созданных племенами раннего железного века, невозможно ни с чем перепутать! Блестящее знание свойств материала, великолепная наблюдательность, умение передать самое главное в изображаемом животном, мастерство, все это дало поистине грандиозный результат. Предметы, выполненные в зверином стиле, отображали грацию и пластику, присущие их прообразам-животным. Богатая символика характерна для степного искусства и в последующее время. На выставке представлены предметы традиционного казахского костюма. Космос древних вещей продолжил жить. Растительные, зооморфные, антропоморфные мотивы в ювелирном искусстве казахов – память и наследие предков.

Я рад, что честь представить шедевры древнего и традиционного искусства Великой степи мировому сообществу выпала Национальному музею Республики Казахстан. Наш музей является самым молодым и крупным в Центральной Азии. Он стал ведущей музейной площадкой нашей страны, центром науки, образования и творческих инноваций.

Л.В. Кочетов,
*Директор Национального музея
Республики Казахстан*



Бүкілресейлік сәндік-қолданбалы және халық өнері музейі (БСҚХӨМ) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше елдер арасындағы мәдени байланыс пен әріптестікті қолдау және нығайту мақсатында 2014 жылдан бері «Достастық мұрасы. Келешек дәстүрі» атты көпжылдық бағдарламасын сәтті жүзеге асыруда. Өткен уақыт ішінде әртүрлі көрме және білім беру жобалары, халықаралық конференциялар, әзірбайжандық, қырғызстандық, өзбекстандық әріптестерімен бірлескен таныстырулар ұйымдастырды.


«Достастық мұрасы. Келешек дәстүрі» бағдарламасының 2018 жылғы стратегиялық әріптесі ретінде Қазақстан таңдалды. Халықаралық VI Санкт-Петербург мәдени форумында БСҚХӨМ мен Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі бірлескен көрмелер өткізу және алмасу жобаларын орындау, сонымен қатар Астанада Ұлттық музей қабырғасында халықаралық конференция өткізу жөнінде ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Мүсіні Алматы қаласындағы Тәуелсіздік алаңына орнатылған сақтардың ұлы жауынгері – «Алтын адамды» бейнесі – Қазақстан халқы үшін мемлекеттік рәмізге айналған нышандардың бірі. 1960–1970 жж. қазба жұмыстары кезінде табылған ж.с.д. VI–V ғасырларға тиесілі деп мерзімделген сақ көсемінің сүйектері мен археологиялық жәдігерлер қасиетті де, символдық мәнге ие және Еуразия кеңістігіндегі бүкіл мәдениет үшін көркем, әрі тарихи зор құндылық саналады.

Әлемді таңғалдырған археологиялық қазба жұмысынан жарты ғасырға жуық өткеннен кейін «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» атты әсерлі халықаралық шеру басталып отыр. Осы көрме жобасын 2018 жылы қабылдап отырған бірінші ел – Ресей және алғашқы ресейлік әріптес – Бүкілресейлік сәндік-қолданбалы және халық өнерінің музейі.

Мен Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігіне және Ұлттық музейіне көрсетілген құрмет үшін зор алғысымды білдіремін. Мұндай дәрежедегі экспозиция ресейлік көрермендерге ортақ тарихты, ұлы мәдениеттер мен бай дәстүрлер арасындағы көпғасырлық байланыстарды еске түсіреді деп сенемін.

Е.В. Титова,
*Бүкілресейлік сәндік-қолданбалы
және халық өнері музейінің директоры*



С 2014 года Всероссийский музей декоративно-прикладного и народного искусства (ВМДПНИ) успешно осуществляет многолетнюю программу «Наследие Содружества. Традиции для будущего», цель которой – поддерживать и укреплять культурные связи и отношения с партнерами в странах-участницах Содружества Независимых Государств. За прошедшее время были осуществлены различные выставочные и образовательные проекты, международные конференции, презентации с коллегами из Азербайджана, Кыргызстана, Узбекистана.

Стратегическим партнером программы «Наследие Содружества. Традиции для будущего» 2018 года был выбран Казахстан. На VI Санкт-Петербургском международном культурном форуме ВМДПНИ и Национальный музей Республики Казахстан подписали меморандум о сотрудничестве, предусматривающий обменные и совместные выставочные проекты, а также проведение международной конференции на базе Национального музея в Астане.

Для народа Казахстана одним из символов государства стал образ великого сакского воина – «Золотого человека», чья скульптура установлена на площади Независимости в Алматы. Выявленные во время раскопок в 1960–1970-х гг. останки сакского царя и археологические находки, датируемые VI–V веками до н.э., несут особый сакральный и символический смысл, представляют огромную художественную и историческую ценность для всей культуры на пространстве Евразии.

Спустя почти полвека после сенсационных археологических раскопок дан старт впечатляющему международному турне – «Шествие Золотого человека по музеям мира». Первая страна, принимающая этот выставочный проект в 2018 году, — Россия, первый российский партнер – Всероссийский музей декоративно-прикладного и народного искусства.

Выражаю свою благодарность Министерству культуры и спорта и Национальному музею Республики Казахстан за оказанную честь. Уверена, что экспозиция такого уровня напомнит российской публике об общих глубинных корнях и многовековой связи наших великих культур и богатых традиций.

Е.В. Титова,
*Директор Всероссийского музея
декоративно-прикладного и народного искусства*

АЛҒЫ СӨЗ

Ата-бабаларымыздан тарихи мұра болып жеткен, алтынмен апталып, күміспен күптелген бағалы металдардан жасалған бұйымдар баршылық. Олар өз иелерінің ерекше мәртебесін айқындайды. Құнды жәдігерлер – Ұлы Дала тарихының естелігі. Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің қорында Есік обасынан, Берел қорымынан, Нагорненский, Бесоба, Ақтасты және басқа да ескерткіштерден табылған жәдігерлер сақталуда.

Дала өнері орталық Еуразия кеңістігін мекендеген тұрғындардың дүниетамы мен оның ерекшеліктерін айқын көрсетеді. Көрмеде ұсынылып отырған заттар, ата-бабаларымыздың қатаң қағидалармен шектелмейтін, дүниенің жаңалықтарына бейімділігін, қалыптасқан салт-дәстүрі бар, өзіндік қайталанбас мәдениетін қалыптастыруға деген қабілетін дәлелдейді. Әр тарихи кезең өзіндік түрлі техникаларын, материалдарды, қолайлы бейнелерді, сарындар мен сюжеттерін береді. Қашанда дала өнерінің стильдеудегі жоғары шеберлігі, яғни ойды жеткізудегі басты нәрсені айқындай білу ерекшелігі басым.

Көрме ерте темір дәуірінен этнографиялық кезеңге дейінгі ежелгі және дәстүрлі өнердің туындыларын ұсынады. Бұл жерде сіз Есік обасынан, Шығыс Сарыарқаның ерте сақ кезеңінің обаларынан, сарматтық әйел адамның жерлеу орнынан, ортағасырлық Сайрам қаласынан табылған алтын заттардың қазынасын көре аласыз. Ежелгі өнер туындыларының жалғасы – қазақ халқының дәстүрлі зергерлік өнері болып табылады. Көрмеде XIX–XX ғғ. басында Қазақстанның әртүрлі өңірлеріне таралған көптеген әйел адамның зергерлік бұйымдары, ерлер мен әйелдердің белдіктері берілген.

Ж.с.д. IV–V ғғ. мерзімделген сақ көсемінің аса бай жерлеу орны, Жетісу жерінің Есік обаларының бірін қазу барысында табылған. Обадағы қазба жұмыстары 1969–1970 жылдар аралығында жүргізілген. Табылған төрт мыңнан астам алтын бұйымдардың көпшілігі, зергерлік өнердің туындылары, «Алтын адам» атауымен сенсациялық жаңалық болып тарихқа енді.

Ескерткішті қазақстандық белгілі ғалымдар К.А. Ақышев және Б.Н. Нұрмұханбетов зерттеген. «Алтын адамның» киімдерін қайта қалпына келтіру барысындағы ауқымды жұмыстар негізінен А.К. Ақышевтің қисынды ғылыми тұжырымдары мен реставратор В. Садомсковтың шеберлігінің нәтижесінде жүзеге асты.

Бұл жерлеу орнының құнды материалдары мен анықтамасы жайлы егжей-тегжейлі алдарыңызға ұсынылып отырған топтамадағы К.А. Ақышев пен Ә.К. Ақышевтердің мақаласынан танысуға болады. Табылған заттардың біреуіне ерекше назар аударғымыз келеді – ол күміс тостаған, оның сыртқы жағының төменгі бөлігінде 26 әріпті белгісіз таңбалар бар. К.А. Ақышев бұл таңбаларды арамей тілінің негізінде құрылған, Жетісу сақ тайпалары ойлап тапты деген пікірді ұсынды. Оның ойынша, ең оңтайлы нұсқа, танымал венгер лингвисті Ж. Харматтының аударған нұсқасы. Таңбаланған белгілерді ғалым былай деп аударды: «Бұл тостақта жүзім шарабы бар. Қайтыс болған адамға жетерліктей тағам бар. Әрі таза май дайындалған». Қайтыс болған ханзаданы түрлі ыдыстармен қоса жерлегендіктен, жерлеу ыдыстардың құрамына қарап, мәтіннің мағынасы қисынға келетіндігін аңғарамыз. Айта кетерлігі, бұл аударма көпшілік нұсқалардың бірі және оның түпкілікті бекітілген нұсқасы жоқ. Сондықтан, мәтінді толық зерттеу әлі де болса өз уақытын күтуде!

2009–2010 жылдары Шығыс Сарыарқадағы Талды-II қорымындағы археологиялық жұмыстар кезінде 200-ге жуық алтын бұйымдар, сондай-ақ 22 мыңнан астам ұсақ әшекейлер табылды. Сонымен қатар осы аймақтағы басқа да ескерткіштерде жүргізілген археологиялық жұмыстар барысында – Қарашоқы, Шерубай I қорымдарында зергерлік өнердің тамаша туындылары табылған. Өкінішке орай, жерлеу орыны тоналып кеткен, сақталған тамаша бұйымдарға, көпшілігінің ерекше нәзік стильде жасалғанына қарағанда, далалық билеушілердің киім-кешектері өте таңғажайып үлгіде болғандығын болжай аламыз.



2012 жылы Батыс Қазақстан облысының Тақсай I қорымындағы 6-обадан беделді абыз әйелдің жерлеу орны табылған. Ақсүйек сармат әйелі мен оған қызмет көрсеткен, тағы да екі әйел адаммен қоса жерленген. Ақсүйек әйелдің жерленген жерінде жергілікті және сырттан келген өндірістің көптеген элементтері кездеседі. Олар ерте кезеңдегі құдайға ғибадат ететін әйелдің наным-сенімі мен сыртқы дүниесін елестетуге мүмкіндік береді.

Заттар көбіне тек белгілі бір іс-әрекетті орындауға ғана пайдаланылмаған. Олар өз иесінің сипатын, ол туралы ақпаратты, қорғаныс пен қауіпсіздігін қамтамасыз етуі мүмкін. Мысалы, киім бөлшектері оның жасы, жынысы, әлеуметтік мәртебесі, этникалық немесе діни көзқарасы жайлы мағлұматтар беруі мүмкін. Осыған орай заттардың бетіндегі суреттер мен пішініне баса назар аударылды. Бұл ерте темір дәуіріндегі жануарлардың суреттеріне деген сүйіспеншілік немесе орта ғасырлар мен этнографиялық кезеңдерде бұйымдардың сыртқы бетін гүлді өрнектермен көркемдеумен байланысты.

Көне дәуір шеберлерінің қиялынан шыққан бейнелер адамзатты таңқалдырады. Аң стиліне тән сипаттар: бірінші кезекте бейнені беру, суреттелген жануардың белгілі бір қасиеттеріне ерекше назар аудару, әртүрлі стилистикалық әдістерді қолдану болып табылады.

Аң стилінде қоғам өмірінде маңызды мағынасы бар бұйымдар суреттелген: жоғары биліктің белгілері, киім-кешектің бөліктері, зергерлік бұйымдар, қару-жарақ және діни нысандар (олардың ішінде қола шамдар, қазандар, құрбандық тастары).

Оңтүстік Қазақстанның ежелгі елді-мекендерінен қазба жұмыстары кезінде табылған көптеген қазыналар Алтын Орда кезеңімен байланысты. Олар монеталардан, сондай-ақ әртүрлі ұсақ-түйек заттардан тұрады, олардың арасында; әйелдердің зергерлік бұйымдарын атап өтуге болады.

Сайрам көмбесі 2013 жылы ортағасырлық Сайрам қаласындағы тандырды тазарту кезінде ашылды. Ол білезіктерден, сақиналардан, сырғалардан және олардың бөлшектерінен, қапсырмалар, салпыншақтар, металл құймаларынан, інжу тастардан, өңделген тастардан, түрлі сынықтар мен монеталардан тұрады. Барлық бұйымдар алтыннан жасалған. Бұйымдар матамен оралып, мата іздері тиындардың беттерінде жабысқан күйінде қалған. Сонымен қатар, тандырға жақын жерде 2600 күмістен тұратын көмбе анықталды.

Алтын Орданың бедерлеу өнері жаңа технологиялық әдістерді енгізу, әртүрлі шеберлік мектептерінің дәстүрлерін үйлестіру арқылы теңдессіз гүлдену дәрежесіне дейін жетті. Қымбат металдардан өндірілетін және жасалуы ұзақ уақыт алатын, көлемді нысандармен қатар, біз кішігірім өлшемдерден тұратын заттарды, көбінесе майда жұмыстарды да көре аламыз. Металл осы күнге дейін маңыздылығын жоғалта қойған жоқ.

Зерттеушілер қазіргі замандағы көптеген түркітілдес халықтардың дәстүрлі мәдениеті мен әдет-ғұрыптарында, көне дәуірдің көптеген сарқыншақтары сақталғанын растайды. Дәстүрлі киім-кешек дизайнының ерекшеліктері, оның бай символизмі бізге көне ескерткіштерден жеткен жәдігерлер арқылы жетті.

Ертедегі ерлер мен әйелдердің басына киген конус тәрізді сәнді бас киімдерді жасау дәстүрі ғасырлардан бері сақталып қалды және осы пішінде қайта жаңғыртылған – сәукеле түркітілдес халықтардың әйелі немесе қалыңдықтың дәстүрлі бас киімі. Қазақтың дәстүрлі қоғамындағы ер адамның символын, металл қапсырмалармен әшекейленген белдіктер жалғастырып келе жатыр, ең ескі үлгілері, ерте темір дәуірінің жерлеулерінен табылған.

Көне жәдігерлер ерекше тартымды болып келеді. Оларда қозғалыстың белгісі, шексіз кеңістіктің бейнесі сезіледі, онда қалалар мен обаларды салушылардың ізі қалған. Осынау қатал да, тағы сұлулық дала рухын бейнелейді!

ПРЕДИСЛОВИЕ

Замечательным достоянием истории наших предков являются предметы из драгоценных металлов – золота и серебра. Некогда они были призваны обозначить особый статус своих владельцев. Эти драгоценные артефакты – память о великой истории.

Степное искусство блестяще отобразило особенности мироощущения людей, населяющих пространство срединной Евразии. Предметы, которые вы увидите на выставке, свидетельствуют об умении наших предков быть открытыми новому, не застывать в жестких границах, установленных традицией, способности найти свой собственный неповторимый язык искусства. Каждая историческая эпоха демонстрирует разные техники, материал, набор предпочитаемых образов, мотивов, сюжетов. Но всегда степному искусству присуще высокое мастерство в стилизации, то есть умении выделить главное в передаче идеи.

Выставка знакомит с шедеврами древнего и традиционного искусства, датируемых периодом от раннего железного века до этнографического времени. Здесь вы сможете увидеть уникальные находки из кургана Иссык, курганов раннесакского времени Восточной Сарыарки, погребения сарматской жрицы, клад золотых изделий, обнаруженный на городище Сайрам. Продолжением древних традиций является традиционное ювелирное искусство казахов. На выставке представлены разнообразные женские украшения, мужские и женские пояса, получившие распространение в разных регионах Казахстана в XIX – начале XX вв.

Богатейшее погребение сакского вождя, датируемое V–IV вв. до н.э., было обнаружено при раскопках одного из курганов могильника Иссык в Жетысу. Раскопки кургана проводились в 1969–1970 гг. Более четырех тысяч золотых изделий, многие из которых являются шедеврами ювелирного искусства, определили название сенсационной находки – «Золотой человек».

Памятник был исследован известными казахстанскими учеными К.А. Акишевым и Б.Н. Нурмуханбетовым. Создание объемной реконструкции костюма Золотого человека, выполненной на высоком уровне, состоялось благодаря убедительному сочетанию научной части, осуществленной К.А. Акишевым, с виртуозной работой реставратора В. Садомскова.

Более подробно с материалами этого поистине драгоценного погребения можно ознакомиться в статье К.А. и А.К. Акишевых, предваряющей этот каталог. Хотелось бы обратить особое внимание к одной из находок – серебряной чаше, на дне которой с внешней стороны процарапаны 26 букв неизвестной письменности. К.А. Акишев придерживался мнения о том, что этот алфавит был изобретен сакскими племенами Жетысу на основе какой-либо из существовавших письменностей, скорее всего, арамейской. Наиболее предпочтительным, по его мнению, является вариант перевода известного венгерского лингвиста Я. Харматты. Загадочные процарапанные знаки этот ученый переводит в текст такого содержания: «В этой чаше виноградное вино. Припасено пищи столько, сколько необходимо усопшему. Затем приготовлено чистое масло». Показательно, что текст находит подтверждение, судя по составу погребального инвентаря, так как умершего принца похоронили в сопровождении разнообразной посуды. Необходимо отметить, что такое прочтение является лишь одним из вариантов и не стало окончательно признанным. Так что, загадочный текст еще ждет своего часа!

Во время археологических работ на могильнике Талды-II в Восточной Сарыарке в 2009–2010 гг. были обнаружены около 200 золотых изделий, а также свыше 22 000 мелких украшений. В ходе работ на других памятниках региона – могильниках Карашоқы, Шерубай-1, также были найдены подлинные шедевры ювелирного искусства. К сожалению, погребения были ограблены, и мы можем только предполагать, судя по сохранившимся прекрасным изделиям, многие из которых выполнены в особом ажурном стиле, каким великолепным был костюм степных правителей.

Уникальное погребение знатной женщины или «Таксайской жрицы», было обнаружено в кургане № 6 могильника Таксай I (Западно-Казахстанская область) в 2012 г. Знатная сарматка была похоронена в сопровождении двух женщин, видимо, находившихся у нее в подчинении. В яме, где размещалось погребение знатной женщины, находилось множество предметов местного и импортного производства. Они позволяют представить, из чего состоял вещный мир женщины, являющейся служительницей культа в то далекое время.

Некогда вещи предназначались не только для выполнения тех или иных практических функций. Они могли наделять своего владельца необходимыми характеристиками, сообщать информацию о нем, обеспечивать защиту и безопасность. Например, детали костюма могли рассказать о возрасте, поле, социальном положении, этнической, религиозной принадлежности. Исходя из этого, важнейшее значение придавалось изображениям на поверхности предметов и их форме. С этим связана любовь к звериным образам в эпоху раннего железного века или стремление покрывать поверхность изделий растительным орнаментом в эпоху средневековья и этнографического времени.

Поражает продуманность образов, созданных мастерами прошлого. Для звериного стиля характерны, прежде всего, передача экспрессии, акцент на определенных качествах изображаемого животного, выполненный с помощью различных стилистических приемов.

В зверином стиле украшались предметы, имевшие огромное значение в жизни общества: знаки верховной власти, детали костюма, предметы украшений, оружие и культовые предметы (к ним относятся бронзовые светильники, котлы, каменные жертвенники).

Эпохой Золотой Орды датируются многочисленные клады, обнаруживаемые при раскопках городищ Южного Казахстана. В их состав входят монеты, а также нередко различные вещи; среди них необходимо отметить различные женские украшения.

Сайрамский клад был обнаружен в 2013 г. при расчистке тандыра на городище Сайрам. Он состоял из браслета, перстней, серег и их фрагментов, бляшек, подвесок, слитков металла, жемчуга, обработанных камней, различного лома и монет. Все предметы были выполнены из золота. Вещи были сложены в матерчатый узелок, следы от ткани которого отпечатались на монетах. Рядом, также в тандыре, находился клад из 2600 серебряных монет.

Торевтика Золотой Орды достигла невиданного расцвета в связи с насыщением ее иноземными образами, введением новых технологических приемов, сочетанием традиций различных ремесленных школ. Наряду с объемными предметами, на изготовление которых затрачивалось значительное количество драгоценного металла, мы видим и совершенно иные вещи небольших размеров, зачастую ажурные. Металл продолжал обладать значительной ценностью и в данное время.

Исследователи констатируют, в традиционной культуре и обычаях многих современных тюркоязычных народов сохранились многочисленные реликты предшествующих эпох. Особенности в оформлении традиционного костюма, его богатейшая символика понятны только с учетом информации, которую нам дают памятники прошлого. Идея создания высоких конусообразных головных уборов, некогда украшавших головы древних мужчин и женщин, сохранилась спустя века и именно такую форму воспроизводит саукеле – традиционный головной убор невесты и жены у многих тюркоязычных народов. Символом мужчины в казахском традиционном обществе продолжал оставаться пояс с металлическими бляшками, наиболее ранние экземпляры, которых обнаружены в погребениях эпохи раннего железного века.

Древние артефакты имеют особое притяжение. В них чувство движения, ощущение безбрежного пространства, в них память о тех, кто когда-то возводил города и курганы. Эта суровая и даже хищная красота воплотила дух степи!





A7



A7

ҚАЙНАР КӨЗ. ТАС ЖӘНЕ ҚОЛА ДӘУІРЛЕРІНІҢ ӨНЕРІ

З. Самашев, А. Оңғарұлы

Қазақстанның музейлерінде сақтаулы сан алуан өнер туындыларын тас дәуірінен бастап көптеген буын өкілдері болып табылатын шеберлер жасаған.

Бейнелеу ескерткіштері (икемді мүсін өнері, тақтатастар және алып мүсіндер, бұғытастар, петроглифтер, ою-өрнектеу – сәндік-қолданбалы және басқа түрлері) тікелей тіршілікті қамтамасыз ету қызметімен емес, адамның рухани болмысымен байланысты. Олар көзбен қабылдауға арналған, мәдени мазмұны ортақ және көп бөлігі адамдардың рәсімдік-ғұрыптық тәжірибе жүйесіне кіреді.

Осы уақытқа дейін Қазақстан аумағынан табылған бейнелеу өнері туындыларының ең ежелгі үлгілері неолит және энеолит дәуірлеріне жатады.

Ұсақ пластика. Қола дәуіріндегі икемді мүсін өнері туындыларының алдындағы шағын пішінді ең ертедегі өнер үлгілерінің ішінде Павлодар облысындағы Шідерті-III қонысының неолиттік қабатынан табылған және қабанға көбірек ұқсас, сұр кремнийлі топырақтан жасалған шағын мүсінді атап көрсетуге болады.

Аңның ұзын тұмсығы үшкір, бірақ сәл иіле алға созылған. Төбесі мен қабанға тән еңіс маңдайы ерекше көзге түседі. Аяқтары «кілт тоқтаған» күйде көрсетілген, аңның жотасын немесе басқа да өзіне тән бөліктерін ерекшелеп көрсету үшін шынайы түрде жасалған дене сұлбасы екінші қайтара өңдеп түзетілген. Аңның денесі мен аяқтарының төменгі бөлігін бөліп көрсетіп тұрған қиғаш нақыстың түзу сызықтары мүсіннің сұлбасына ерекше бояу мен әсемдік беріп тұр.

Қазақстан аумағындағы ең ертедегі икемді мүсін өнері туындыларының қатарына энеолиттік Ботай қонысының мәдени қабатынан табылған, тастан жасалған, бір бөлігі сақталған шағын адам мүсінін және адам тәрізді «үтікті» жатқызуға болады (Зайберт, 2009, 189–190, 318-бб.).

Адам тізерлеген немесе дұға оқып тұрған қалпында, қолдары қарнына қойылған қалыпта бейнеленген. Мүсіннің белгілі бір ғұрыпты атқару тәжірибесімен байланысты екені сөзсіз. Егер жүкті (немесе босанып жатқан) әйелдің бейнесін жеткізіп тұр десек, онда мұны өсіп-өнумен байланыстыруға болады. Бұл мүсінде арбакеш бейнеленген болуы да мүмкін.

Қазақ Алтайының аумағынан табылған, күйдірген саздан дайындалған адам басының мүсіні асатаяқтың ұшы болуы да ықтимал. Көздері көз түбіндегі шұңқырлардың ішіне салынған шар жапсырмалар түрінде жасалған. Көлденең қысқа сызықша түрінде белгіленген аузы томпайған бетімен және шығыңқы көз домалақтарымен үйлесіп, бас мүсініне ерекше мәнерлілік беріп тұр.

Ботайдағы адамның сол қол буынының жылқының тісінен жасалған шағын мүсінінің, әрине, салт-рәсімдік құндылығы жоғары, белгілі бір кодқа ие және ғарыш элементтері туындайтын адам денесінің бөліктері тура-

лы ежелгі идеологиялық ұғым-түсініктерді көрсетеді және түрлі мифтік-рәсімдік кешендермен, өмір кезеңдерімен, өсіп-өну құдіретімен және қатарынан әлемнің көптеген халықтарының этнографиясында барынша кең тараған әрі қызықты көптеген басқа да ұғым-түсініктерімен байланысты.

Кейбір зерттеушілер жылқының нақыштап жасалған бақай сүйектерін антропоморфизм идеясымен, дәлірек айтсақ, әйелге табынушылықпен байланыстырады және Ботайлық әйелдер киімін қайта құрастыру нұсқаларын ұсынады, ал қазу жұмыстарының авторы В.Ф. Зайберт олардың беретін мағынасын түсіндірудің өзге нұсқаларын ұсынып отыр.



*Геометриялық сызба өрнектермен нақышталған жылқы бақайлары. Ботай қонысы. В.Ф. Зайберттің қазбасы
Гравированные фаланги лошади из поселения Ботай.
Раскопки В.Ф. Зайберта*

Қола дәуірінде Еуразияның далалы аймақтарындағы халықтарда бейнелеу өнері жақсы дамығаны байқалады, соның нәтижесінде қоғамның сан алуан өнер туындылары сол замандағы технологиялық және рухани даму деңгейін көрсетіп, адамның тіршілік әрекетінің көптеген салаларына енеді.

Қостанай облысынан табылған, бәлкім, ерте металл дәуіріне жататын адам тәрізді кейіпкерлердің тас мүсіндері ерекше қызығушылық тудырады. Олардың біреуі қошқылтым құм тастан жасалған, «ер адам» түріндегі кейіпкердің мүсіндік бейнесі болып келеді, бірақ бейне ерекше жеткізілген. Оның үйлесімсіз үлкен басы біршама алға қарай созылған жуан, әрі қысқа мойнына қондырылған; бетінің сүйегі шығыңқы, екі жалпақ, әрі сопақ кескінделген көз шарасын білдіретін ойықтары бар, бірақ толық көрсетілмеген. Еріндері қатты жұмылған. Ұшы үшкір және танауы делдиген мұрны ерекше мәнерлі жасалған.



«Тобыл ойшылы» – Қостанайдан табылған антропоморфты мүсінше. Кездейсоқ олжа
«Тоболский мыслитель» – каменная антропоморфная скульптура из Костаная. Случайная находка

Мүсін, бәлкім, белгілі бір рәсімдік-ғұрыптық әрекеттерді жүргізген кезде айрықша белгі ретінде пайдалануға арналған болуы ықтимал, не болмаса өзі сиыну объектісі болуы мүмкін. Ол сол заманда дәстүрлі болған отырған қалпындағы адам тәрізді «құдай» бейнесін жеткізіп тұр. Адам тәрізді бейне шынтақ тұсынан бүгілген және тізесіне қойылған қол буындарымен қарын тұсында қандай да бір доп-домалақ оймалы затты ұстап тұрғандай, оның төменгі жиегіне бедерлі және кедір-бұдыр тілік жалғасқан. Бұл кейіпкер әлденені (түнгі аспан шырақтарының қозғалысын, күннің шығуын немесе батуын және т.с.с.) қалт етпей қадағалап отырғандай.

Назар аударарлық бір жайт, осы мүсіндегі адамның және сеймин үлгісіндегі қола пышақтардың, тас асатаяқтардың және келсаптардың ұштарында бейнеленген бірнеше адам тәрізді кейіпкердің баскиімі, бәлкім, қола дәуірінің белгілі бір кезеңінде болған жабысып тұратын доғал пішінді баскиім – телпек (қазақтың тақиясына ұқсас) үлгісіне жатады.

Ақмола облысынан табылған тас мүсінде бейнеленген тағы бір адам тәрізді кейіпкердің баскиімі, шамасы, аталған қостанайлық үлгідегі баскиімнің құрылымының ері қарай түрленген түрі болса керек, дегенмен айқын

иконографиялық (және технологиялық) жақындығына қарағанда, олардың арасында хронологиялық алшақтық жоқ.

Тағы бір тас мүсін қазақ даласының солтүстігінде қола дәуіріндегі мал өсірушілер мен металлургтар қоғамында болған бірқатар діни-идеологиялық нормалар мен мақсаттармен, сондай-ақ көркем және иконографиялық дәстүрлермен байланысты (Ченченкова, 2004).

Бұл адам мүсінінен басын, көзін, мұрнын, аузын және қолының тұрған қалпын, сондай-ақ отырған қалпын дәл сол тәсілмен үлгілегенін байқаймыз. Алайда өте маңызды тұсы, жоғарыда аталған екі адам тәрізді мүсінде бейнеленген домалақ зат мұнда көрінбейді. Сондай-ақ баскиімі анық бейнеленбеген, аяғы да біршама өзгеше қалыпта бейнеленген.

Зайсаннан табылған шағын мүсін киім киісіне (ұзын етек халат, «әйел» баскиімі және т.б.) қарағанда, жиынтық адам бейнесі сияқты. Төбесі жатық, кейіпкердің басындағы баскиім цилиндр пішінді сияқты болып көрінеді. Зайсандық пұттың баскиімінің пішіні өзгеше. Адамның көздері мен аузы ою техникасымен белгіленген. Қола дәуіріндегі адам тәрізді мүсіндердің көпшілігі сияқты мұрынды үлгілеуге ерекше көңіл бөлінген.

Зайсандық пұт барлық белгілі мүсіндерден қолының шынтақ тұсынан бүгілу қалпымен ерекшеленеді: оң қолы арқасына қайырылған, сол қолы кеудесінде.

Адам тәрізді асатаяқтардың қатарына Семей төңірегінен табылған екі асатаяқ және тағы екі келсап жатады, олардың біреуі Ақмола облысының Қорғалжын ауданынан табылды, ал Көкшетау қаласының облыстық музей қорларында сақтаулы тұрған екіншісі кездейсоқ табылған.



Антропоморфтық мүсіндер. Қостанай облысынан табылған кездейсоқ олжалар
Антропоморфные скульптуры. Случайные находки в Костанайской области



Жылқыбас асатаяқ. Семей қаласының маңынан табылған кездейсоқ олжа

*Каменный жезл с изображением головы коня.
Случайная находка из окрестностей Семей*

Үстірттегі Тоқсанбай қола дәуірі қонысының мәдени қабатынан кристалл дақтары бар күңгірт тастан жасалған жылқының бас мүсіні табылды. Төменгі бөлігінде қандай да бір затқа саптауға арналған тік бұрышты өзек-тығын ойып жасалған. Жылқының бас мүсіні тұрмыстық мақсаттағы немесе табынушылық сипаттағы қандай да бір заттың құрамдас бөлігі болған.

Шығыс Қазақстан аумағынан кездейсоқ табылған (біреуі Томск университетінің музейінде сақтаулы, РФ) ұштары аттың бас мүсіні түріндегі екі тас асатаяқты зерттеушілер қайта құру үлгілерінде жиі пайдалануда. Аталған асатаяқтар – бейнелеу өнерінің нағыз жауһарлары: олар дайындау технологиясы бойынша, сол сияқты жануар бейнесін көркемдеп көрсету стилі бойынша кемел орындалған, сондықтан олар сеймин-турбин бейнелеу стилі деп аталатын стильде жасалған эталондық үлгілер болып табылады деп тұжырымдауға толық негіз бар. Олар жалы қысқа орталықазиялық жылқының өзгеше сырт бітімінің кейбір ерекшеліктерін дәл жеткізіп тұр.


Шемонаихадан табылған қола қанжардың жоғарғы ұшы дәл осы аласа бойлы орталықазиялық қыр жылқысының сырт бітімінің ерекшеліктерін жинақы түрде жеткізіп тұр. Жануар «кілт тоқтаған» қалыпта, артқы қысқа аяқтарымен сәл отырыңқыраған күйде бейнеленген. Жылқының көлемді басы төмен түсірілген, бірақ сәл алға қарай созылған, сәл ашылған аузы мен делдиген танауы көрсетілген. Танауын бұлайша мұрынның ұшындағы сопақ және домалақ шұңқыр түрінде көрсету – тас асатаяқтарды көмкеріп тұратын аттың бастарына да дәстүрлі әдіс. Пржевальск жылқысынікіндей кекілге жалғасып кететін қысқа жалының үлгісі «сеймин-турбиндік» барлық жылқы мүсіндеріндегі сияқты жуан мойындағы сәл иілген доға түрінде жасалған. Жануардың төменгі ернінен қанжардың жоғарғы ұшының мүсін орналасқан жатық бетінің жиегіне дейін жететін көлбеу жолақ аттың тізгіні ретінде түсіндіріледі (Самашев, 2010, 14–15-бб.).

Қостанай облысындағы Жетіқарадан табылған найзаның қола ұштығының тығынының қарама-қарсы жақтарына дәнекерленген екі шағын мүсінді аттың басы. Жылқының мүсінді бастары аққудікіндей иілген мойындарға қондырылған, сейминдік стильде жинақталып жасалған. Олар түрлі пішіндерде құйылған, сондықтан біршама техникалық айырмашылықтары бар және өлшемдері де әр түрлі. Жылқының басының алдында жыртқыш тектес екенін көрсететін айқын белгілері жоқ құс мүсіні орналасқан. Қарама-қарсы жағына да құстың стильденген мүсіні дәнекерленген.

Семей қаласының өлкетану музейінде сақтаулы ашық сұр тастан жасалған келсаптың жоғарғы ұшы қойдың басы түрінде мүсінделген. Жануардың айқын дөңес мұрны мен аузы ерекше көзге түседі, мүйізі төмен түсірілген түрде бейнеленген, көздері томпақ. Келсаптың бетінде жеті немесе сегіз бедерлеп жасалған білік-сақина болар-болмас байқалады.



*Шемонаихадан табылған қола қанжар. Шығыс Қазақстан
Бронзовый кинжал из Шемонаихи. Восточный Казахстан*



*Бедерлі «үтікше». Маңқыстау
Орнаментированный «утюжок». Манкыстау*

Жетісудағы Есік қаласының төңірегінен табылған, жоғарғы ұшы қойдың басы түрінде жасалған келесі асатаяқ жанартау тасынан дайындалған. Жетісудан қойдың басы бейнеленген тағы бір тас біліктің бөлігі табылғанын атап өтейік.

Икемді заттардың ішінде үтік деп аталатын заттар ерекше қызығушылық тудырады. Орталық Қазақстандағы Талдысай кейінгі қола дәуірі қонысының мәдени қабатынан табылған тас бұйымның сынығы жануардың, дұрысы, тұқыл өгіздің басы түрінде безендірілген «үтіктің» бөлігі ретінде бағаланады.

Қазіргі уақытта Астананың музейлерінің бірінде сақтаулы, Арқалықтан табылған, қара талькохлориттен жасалған тағы бір «үтіктің» мұндай бұйымдарға тән оймасынан бөлек, тегіс жағында шотбалта құюға арналған құю қалыбы бар. Зат бастапқыда көп қызмет атқарған ба немесе бастапқы қызметі тоқтағаннан кейін құю қалыбы ойып жасалған ба – бұл белгісіз.

Ұзынша «үтіктің» жіңішке шет жағында тастың бетін күрделі технологиялық өңдеу арқылы жасалған адамның

басының бедерленген бейнесі бар. Бұл бедер біраз шығыңқы пішін құрап, қырынан шолып қарағанда және бұйымның жоғарғы тұрпатымен үйлескенде қандай да бір аңның (борсықтың?) мұрнының ұшына ұқсайды. Сонымен, салынған зерде аң және адам тәрізді элементтердің болуы, әмбебап (ғұрыптық-қолданбалы) қызмет атқарғаны оның таңбалық дәрежесін айтарлықтай арттырып, осы заттың мазмұнында қамтылған мағыналық жүктің күрделілігін ерекшелеп көрсетіп тұр.

Бозашы түбегіндегі Тұщықұдық қонысының төңірегінен кездейсоқ табылған біреуінің бетінде үш-үштен екі ассиметриялық үлкен жолақтарға біріктірілген алты өрнектелген жолақ бар, олар көлденең ойманың жан-жағына орналасқан. Оларға көп мөлшерде қысқа әрі қиғаш керткіс жасалған, бұған қарап, белгілі бір сандық символика бар деп болжауға болады.

Энеолиттік Ботай мәдени қабаттарынан сүйектен жасалған балық мүсінінің бөлігі табылды. Жалпақ мүсіннің бөлігінде қашап жасалған қиғаш жолақтары бар екі жүзбеканат және қабыршақты білдіретін керткістер бар. Тастан жасалған балық мүсіндері палеолит дәуірінде-ақ белгілі болған; олар сондай-ақ барлық кейінгі дәуірлердегі Еуразия халықтарының салт-рәсімдік айрықша белгісіне қосылады.

Икемді заттардың қатарында жансыз объектілердің көлемді бейнелері бар, олардың беттерінің пішіндері және сәндік безендірілуі қола дәуіріндегі халықтардың бейнелеу өнеріндегі маңызды бағыт болып саналады. Бұлар – жабық кешендерден де шығатын, бірақ көбінесе кездейсоқ табылған, сирек кездесетін түрлі түсті тас жыныстарынан жасалған, түрліше безендірілген түйреуіш ұштары.

Қола дәуіріндегі ерте сақ заманындағы халықтар пайдаланған икемді заттардың ерекше санатын шет жақтары қойдың бас мүсіндерімен безендірілген тегіс тақталар құрайды. Олар негізінен еліміздің солтүстік аймақтарынан табылды.

Сонымен, осы бөлімде қарастырылған материалдарда пішіні мен тақырыбы, мазмұнының берер мағынасы мен қызмет мақсаты, сондай-ақ дайындау технологиясы бойынша барынша алуан түрлі икемді мүсін өнерінің, ұсақ пластиканың үлгілері сипатталады, олар жабық кешендер-



*Қой басы бейнеленген тақтатас. Солтүстік Қазақстан
Плита с изображением головы барана. Северный Казахстан*



*Ойшілік ауылының маңынан табылған бұғытас. Шығыс Қазақстан
Олений камень, обнаруженный у с. Ойшилик. Восточный Казахстан*

ден де шықты, сол сияқты түрлі жағдайларда кездейсоқ табылған. Олар ең алдымен діни, мифтік-рәсімдік кешендермен, сондай-ақ Еуразия орталығының далалы, орманды-далалы және таулы-жазық аймақтарындағы мал өсірушілер мен металлургтардың шаруашылық қызметімен байланысты.

Монументтік өнер. Монументтік өнер ескерткіштері түрлі тарихи кезеңдердегі әлеуметтік-мәдени құрылымдардың негізгі идеологиялық бағдарларымен және дүниетанымдық құндылықтарымен, сондай-ақ эстетикалық нормаларымен байланысты.

Тас мүсіндердің бетін жауып тұратын құс басты бұғылардың астарлы бейнелері бойынша ғылымда «бұғытастар» деген атқа ие болған тақтатастар қола дәуірінің соңғы кезеңіндегі және ерте темір дәуірінің бастапқы кезеңіндегі жарқын әрі жұмбаққа толы монументтік өнер ескерткіштері болып саналады. Бұғытастар құрбандық шалу-еске алу кешендерінің құрамдас элементтері болып табылатын түрлі бейнелері бар арнайы өңделген тақтатастар түрінде болып келеді.

Бұғытастардың беретін мағынасының негізін қарулы жауынгер бейнесі құрайды, сондықтан бейнелер мифтік-поэтикалық ойлауда микрокосмға сәйкес келетін адам денесінің сатылы құрылымын, яғни әлемнің үштік моделін ескере отырып түсірілген: жоғарғы бөлігінде – адам бетінің сұлбасы, көбінесе келбетін алмастыратын қиғаш жолақтар, күн нышандары, сосын сырғалар, айна, сымалқа, алқа, тізбе моншақ; ортаңғы бөлігінде – бірқатар зерттеушілер киімнің зері ретінде қарастыратын, жоғары қарай ұмтылып тұрған тұмсықты бұғылардың мүсіндері, ал төменгі бөлігінде – қару құралдары (садағы бар қынап, бедерлейтін құрал, қайрақ тас, ілгек, қалқан және т.б.) ілінген белдік.

Тарбағатай тауының шегінде, Қазақстанның шығысындағы Жартас, Ойшілік, Түйемойнақ шатқалдарынан классикалық үлгідегі бірнеше бұғытасты анықтадық, бірақ екіншіше орай, олардың кейбірі бастапқы орнатылған жерлерінен орындары ауыстырылған болып шықты.

Мерзімі қола дәуірінен ерте темір дәуіріне ауысатын кезең деп анықталатын Павлодар облысындағы Торайғыр жерлеу-еске алу кешенінің құрамында да құс басты бұғылардың және жыртқыштардың бейнелері бар бұғытастар кездеседі.

Жоғарғы бөлігінде сақина тәрізді белгілердің және қынап пен садағы бар белдіктің бейнелері бар бұғытастың қарапайым түрі шығыста және Орталық Қазақстанда кең тараған, кейде Жетысу аймағында кездеседі.

Тас қоршаулардан, жәшіктерден және тігінен орнатылған объектілерден тұратын күрделі құрбандық шалу-еске алу кешендерінің элементтері болып табылатын бұғытастардың жоғарғы бөлігіндегі бұғылардың, күн шеңберлерінің, дискілердің мүсіндерінде құс тұмсығы бейнелерінің болуына қарап, олардың жоғарғы аспан құдайлары туралы кейбір ұғым-түсініктермен байланысы болған деп топшылауға болады, аспан құдайларының құрметіне мұндай ғибадатханаларда түрлі рәсімдік-ғұрыптық кәде-жоралар мен құрбандық шалу рәсімдері жүргізілген.

Мұрындары тұмсық тәрізді бұғылардың бейнелері – қола дәуіріндегі тайпалар өнеріндегі жұмбақ құбылыс, алайда тақтатастарға қарағанда кең тараса да, әлі күнге дейін ғылымда көңілге қонарлық түсіндірмесі жасалған жоқ.

Құс басты бұғылардың мүсіндері жасалмаған, бірақ қару құралдарының және басқа да айрықша белгілердің бейнелері бар басқа түрдегі бұғытастар бұдан әрі батысқа

қарай тарап, қазақ даласын, Орал мен Поволжьені, Кавказды қамтиды, ал бірлі-жарым үлгілері Орталық Еуропада белгілі.

Ою-өрнек. Қола дәуірінде мәдени феноменнің бөлігі ретінде ою өнерінің дамуы, әрине, адамдардың тіршілік әрекетінің өндірістік саласымен байланысты, өйткені ою-өрнек сол кезде болған техникалық-технологиялық тәсілдерді пайдалану арқылы жасалған заттардың және түрлі тұтыну мақсаттарына арналған заттардың бетіне салынады. Сондықтан әлеуметтік құрылымы әр түрлі мәдени-тарихи қауымдастықтардың мифтік-рәсімдік кешенімен байланысты сәндік дәстүрлердің бастапқы мотивтері мен элементтерінен бастап үлгі жасаушы таңбалар жүйесін қосуға дейін ою-өрнектеудің дамуы мен түр өзгерісі қола дәуіріндегі күрделі мәдени шығу тектік үрдісінің бағытын көрсетеді.

Заттың (әр түрлі табиғи және жасанды материалдардан жасалған) бетінің өлшеміне және қызмет мақсатына қарай ою-өрнектің кеңістікте үйлестірілу күрделілігі әр түрлі дәрежеде болады: бірлі-жарым мотивтерден немесе ықшам элементтерден бастап бейнелеу «мәтіндері-нышандары» деңгейіне дейін жеткізілген күрделі композициялық құрылымдарға дейін. Алайда эстетикалық, таңбалық немесе өзге де қызметіне қарамастан, ою-өрнектің табиғатының осы ою-өрнек түрлі технологиялық тәсілдермен (түйреу, қалып, ою, құю, бояу және т.б.) бетіне қондырылатын заттың өзіне қатысты алғанда қосымша нәрсе екені анық. Тастардағы, саздан жасалған тақтайшалардағы және басқа заттардағы ақпаратты бастапқы жеткізуші болып табылатын петроглифтерден немесе жазбалардан ою-өрнек осы арқылы ерекшеленеді.

Заттарды (ою-өрнек салынған) дайындау технологиясы олардың пішіндерімен, жерлеу-еске алу ғұрпымен, қоныс материалдарымен және басқа да деректермен арақатысты болған кезде ою-өрнек аумақтық субмәдениет белгілерін және т.б. айқындайды. Ою-өрнек түсірудің таңбалық-коммуникативтік қызметі ең маңызды зерттеу аспектісі болып саналады.

Палеометалл дәуіріндегі ою өрнекті өнімдердің басым бөлігі керамикалық ыдысқа түсірілген айшықтар түрінде берілген. Ботай және онымен қатарлас Торғай иіріміндегі Терсек ескерткіштерінің (Калиева, Логвин, 1997, 71–99-бб.), сол сияқты Алтай мен Оңтүстік Сібірдегі Афанасьев ескерткіштерінің материалдарына қарағанда, ерте кезеңде ыдыстардың (көбінесе үлкен табаны сүйір және табаны жұмыр) бүкіл бетін көбінесе бір қалыпты үйлестірілген күрделі құрылымды ою-өрнек композицияларын құрайтын геометриялық мотивтермен және элементтермен безендіру дәстүрі басым болған.

Кейінгі кезеңдерде ою-өрнектеу бұдан әрі геометрияландыру арқылы және қола дәуіріндегі ыдыстардың пішіндеріне сәйкес дамиды, ою-өрнектің құрылымы тұрақты болып, симметриялық композициялар, күн нышандары, үш бұрышты мүсіндер, жаншу тәсілі, каннелюралар, меандр құрылымдары көп қолданыла бастайды және оларды үйлестірудің әр аймаққа тән тәсілдері туындайды.

Әрине, Андронов ою-өрнек түсіру дәстүрі кейінгі мәдени құрылымдарда да сақталады. Алайда қола дәуірінің аяғында ыдыс пішіндерінің және шаруашылық құрылыстың, сондай-ақ дүниетанымдық бағдарлардың өзгерістері еріксіз керамикалық ыдысты өрнектеу жүйесінің түр өзгерісіне әкеледі, бұл Орталық Қазақстандағы (Кент қонысы және басқалары) Беғазы-Дандыбай мәдениетінің бірқатар ескерткіштеріндегі және Жоғарғы Ертіс маңындағы (Измайловка және басқалары) ескерткіштердегі материалдардан байқалады (Евдокимов, Варфоломеев, 2002; Ермолаева, 1987, 64–94-бб.).

Орталық Қазақстанның Беғазы-Дандыбай ескерткіштеріндегі (Мыржық, Кент және т.б.) сүйек бұйымдардағы асқан шеберлікпен жасалған ою-өрнекті композициялар барынша алуан түрлі және сүйектен ою өнерінің және ежелгі ою-өрнек түсірудің нағыз жауһарлары болып саналады.

Жартаста бейнелеу өнері. Қола дәуірінде бейнелеу өнерінің осы түрі ең көп тараған тәсіл болған (Самашев, 2006).

Біз сол замандағы шынайы өмірдің көрінісін және «әлем картинасының» архетиптік бейнелерін көргіміз келетін палеометалл дәуірінің петроглифтерінің ең маңызды мотивтері – ұсақ пластика туындыларында және ою-өрнектеуде де берілген күн белгілері мен нышандары (Шығыс Қазақстандағы Ақбауыр үңгіріндегі жазбалар), айрықша белгілер (асатаяқтар) және басқа мотивтер.

Бұл заманда дәстүрлі аңшылық сюжеттермен қатар, шоқпар, соғыс балталары, қалқандар, жақыннан және қашықтан соғысу қаруының өзге де түрлері, пышақтар, сондай-ақ соғыс күймелері пайдаланылған соғыс көріністері; «жасанған», «күн басты» кейіпкерлердің қатысуымен жұптасып және топтасып орындалатын билер; өсіп-өнуге табынушылыққа байланысты эротикалық көріністер; құрбандық шалу рәсімдері пайда болады.

Мүйізді жануарлардың үштігі – өгіз, бұғы және ешкі/таутеке – қола дәуірінің өнеріндегі аң бейнесінің негізін құрайды. Қола дәуірінде бейнелеу өнерінің объектілері сондай-ақ сол замандағы жартаста бейнелеу өнерінің құрамын айтарлықтай толықтырған басқа да шөпқоректі жануарлар, жыртқыш аңдар мен құстар болған. Онда қандай да бір бейненің көп кездесуі себебін ең алдымен Еуразияның нақты бір географиялық аймақтарының табиғи-экологиялық бөлігінің ерекшеліктеріне бейімделген халықтардың тіршілік әрекеті мен тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі тығыз байланыста болған жануарлар әлемінің қандай да бір популяцияларының таралу аймағынан іздеген жөн.

Барлық археологиялық кезеңдердің ішінде қола дәуіріндегі Еуразияның жартаста бейнелеу өнерінде жалғыз тұрған, сол сияқты түрлі көріністер мен композициялардың құрамындағы адам тәрізді бейнелер көп кездеседі.

Қазақстанның қола дәуіріне жататын жартаста бейнелеу өнеріндегі адам бейнесі көп қырлы әрі алуан түрлі. Ол барлық дерлік баяндау түріндегі, мифологиялық, соғыс және өзге де сюжеттерде орталық бейне ретінде кездеседі.

Бейнелердің көрнекі топтамасын аң тәрізді немесе құс

бейнесіндегі бетперделер, ерекше баскиімдер, жануарлар терісінен киім киген және құйрықтары бар жасанған кейіпкерлер құрайды.

Қазақстандағы ең көп мөлшері Жетісудан, бірлі-жарым үлгілері Сарыарқадан, Тарбағатайдан және басқа жерлерден табылған «күн басты» адам тәрізді кейіпкерлер әлі күнге дейін талдауға және түсіндіруге ең күрделі бейнелер болып қалуда.

Алғаш рет Тарбағатай тауларындағы Оралбай шатқалынан анықталған қола дәуіріндегі тұрғын жайлар мен қоныстардың бейнелері ерекше назар аударуға тұрарлық. Шимайлы шатқалындағы (Тарбағатай) бір тастың бетіндегі қос ирек сызықтың бейнеленуі нақты жер тұрғын жайларына немесе тәңірлерге апаратын жол идеясымен байланысты болуы әбден мүмкін. Жануарлардың тұяқтары түріндегі нышандық белгілердің мазмұны да құдайға апаратын жол туралы ұғым-түсініктермен қиыстырылуы мүмкін.

Сонымен, негізінен Қазақстанның аймақтарынан шығатын монументтік өнер, ұсақ пластика, ою-өрнек және жартастағы бейнелер бойынша материалдар қола дәуіріндегі халықтардың бейнелеу өнерінің өзіндік көрініс табу түрлерін көрсетеді, олардың қола дәуірінде ұлан-байтақ Еуразия аумағында өмір сүрген этникалық-мәдени құрылымдардың мифтік-рәсімдік кешенімен байланыстарын ашады және қарастырылып отырған тарихи кезеңдегі

олардың көркем шығармашылығының жоғары деңгейде дамығанын көрсетеді.

Әдебиет

Зайберт В.Ф. Ботайская культура. – Алматы: ҚазАқпарат, 2009. – 576 б.

Евдокимов В.В., Варфоломеев В.В. Эпоха бронзы Центрального и Северного Казахстана. – Караганда: Изд-во КарГУ, 2002. – 138 б.

Ермолаева А.С. Памятники переходного периода от эпохи бронзы к раннему железу // Археологические памятники в зоне затопления Шульбинской ГЭС. – Алма-ата, 1987. – 64–94-бб.

Калиева С.С., Логвин В.Н. Скотоводы Тургая в третьем тысячелетии до нашей эры. – Кустанай: Изд-во Кустанайского университета, 1997. – 180 б.

Ченченкова О.П. Каменная скульптура лесостепной Азии эпохи палеометалла III–I тыс. до н.э. – Екатеринбург: Тезис, 2004. – 336 б.

Самашев З. Петроглифы Казахстана. – Алматы: Өнер, 2006. – 200 б.

Самашев З. Изобразительные памятники бронзового века // Кадырбаевские чтения-2010 // Материалы II Международной научной конференции. – Актобе: 2010. – 4–33-бб.

ИСТОКИ. ИСКУССТВО КАМЕННОГО И БРОНЗОВОГО ВЕКОВ

Самашев З., Онгарулы А.

Разнообразные произведения искусства, хранящиеся в музеях Казахстана созданы многими поколениями мастеров, начиная с каменного века.

Изобразительные памятники (мобильная скульптура, стелы и монументальные статуи, оленные камни, петроглифы, орнамента, – декоративно-прикладные и другие виды) связаны с духовным бытием человека, а не с функциями непосредственного жизнеобеспечения; они предназначены для визуального восприятия, входят в общий культурный контекст и большей частью включаются в систему ритуально-обрядовой практики людей.

Наиболее древние образцы произведений изобразительного искусства, выявленные на территории Казахстана к настоящему времени, относятся к неолиту и энеолиту.

Мелкая пластика. Из числа наиболее ранних образцов искусства малых форм, предшествующих произведениям мобильной скульптуры бронзового века, можно указать на миниатюрную фигурку из серой кремнистой породы, больше напоминающую кабана из неолитического слоя стоянки Шидерти- III в Павлодарской области.

У зверя заостренная, но вытянутая вперед под слабым углом длинная морда. Выделяются макушка головы и покатый, характерный для кабана, лоб. Ноги показаны в со-

стоянии «внезапной остановки», реалистично выполненные контуры тела для подчеркивания, например, холки и других характерных частей зверя, подправлены вторичной обработкой. Особый колорит и изящество придают силуэту скульптурки прямые линии косоугольного скола, выделяющие нижнюю часть корпуса и ног зверя.

К числу наиболее ранних произведений мобильного искусства на территории Казахстана можно отнести одну фрагментарно сохранившуюся миниатюрную фигурку человека из камня, найденную в культурном слое энеолитического поселения Ботай и антропоморфный «утюжок» (Зайберт, 2009, с. 189–190, 318).

Человек изображен в коленах преклоненной или молитвенной позе, со сложенными на животе руками. Нет сомнения, что скульптурка связана с практикой отправления какого-то культа. Если допустить, что она передает образ беременной (или рожавшей) женщины, то можно связать ее с культом плодородия. Допускают, что данная скульптурка может изображать возникшего.

Терракотовая скульптурная голова человека, найденная на территории Казахского Алтая, возможно, служила навершием жезла. Интересны глаза, выполненные в виде шариковых налепов внутри глазничных впадин. Рот, обо-



Өрнектелген қыш ыдыс. Ботай қонысы.

В.Ф. Зайберттің қазбасы

*Орнаментированный керамический сосуд. Поселение Ботай.
Раскопки В.Ф. Зайберта*

значенный поперечной короткой черточкой, в сочетании с раздутой щекой и выпуклыми шариками глаз придает скульптурной голове особую выразительность.

Ботайская миниатюрная скульптурка кисти левой руки человека, выполненная из зуба лошади, обладает, естественно, сакральной ценностью повышенной степени, кодом и отражает древние идеологические представления о частях человеческого тела, из которых возникают элементы космоса и связана с различными мифо-ритуальными комплексами, жизненными циклами, магией плодородия и множеством других представлений, которые имеют достаточно широкие и интересные параллели в этнографии многих народов мира.

С идеей антропоморфизма, точнее, с женским культом, некоторые исследователи связывают гравированные фаланги лошади и предлагают варианты реконструкции одежды женщин ботайского населения, хотя автор раскопок В.Ф. Зайберт предлагает иные варианты расшифровки их смысловой нагрузки.

В бронзовом веке наблюдается широкое развитие изобразительной деятельности у населения степного пояса Евразии, в результате которой разнообразные произведения искусства проникают во многие сферы жизнедеятельности человека, отражая уровень технологического и духовного развития общества того времени.

Особый интерес представляют каменные фигурки антропоморфных персонажей из Костанайской области, относящиеся, вероятно, к эпохе раннего металла. Одна из них выполнена из коричневатого песчаника, представляет собой скульптурное изображение «мужского» персонажа, но с особой трактовкой образа. У него непропорционально большая голова, посаженная на заметно вытянутую вперед мощную, но короткую шею; лицо скуластое, с двумя широкими, овальных очертаний выемками, обозначающими глазницы, но без детализации. Губы плотно сжаты. Наиболее выразителен нос с заостренным кончиком и расширенными ноздрями.

Статуэтка, возможно, предназначена для использования в качестве атрибута при проведении определенных ритуально-обрядовых действий, либо сама являлась объектом поклонения. Она передает образ антропоморфизированного «божества» в традиционной для того времени сидячей позе. Кистями согнутых в локтях и покоящихся на коленях рук антропоморф словно придерживает на уровне живота какой-то идеально круглый выемчатый предмет, к нижнему краю которого примыкает рельефная и неровная полоска. Создается впечатление, что рассматриваемый персонаж напряженно наблюдает за чем-то (за движением ночного светила, за восходом или заходом солнца и т.д.).


Обращает на себя внимание тот факт, что головной убор человека на этой статуэтке и нескольких антропоморфных персонажей, изображенных на навершиях сейминского типа бронзовых ножей, каменных жезлов и пестов, принадлежит к типу округлого облегающего убора – шапочки (наподобие казахского такия – тюбетейка), бытовавшего, возможно, в определенный период бронзового века.

Головной убор другого антропоморфного персонажа, изображенного на каменной скульптуре из Акмолинской области, представляет собой, видимо, дальнейшую модификацию конструкции указанного типа убора, хотя хронологического разрыва между ними, судя по явной иконографической (и технологической) близости, нет.

Еще одна каменная скульптура связана с кругом тех же религиозно-идеологических норм и установок, а также художественных и иконографических традиций, которые имели место в обществе скотоводов и металлургов бронзового века на севере казахских степей (Ченченкова, 2004).

У этой человеческой фигуры наблюдаем тот же прием моделировки головы, глаз, носа, рта и положения рук, а также позы. Однако, что очень важно, у него мы не видим обозначения круглого предмета, который был изображен на двух отмеченных выше антропоморфных статуэтках. Также нет четкого изображения головного убора, несколько отличается и положение ног.


Небольшая статуэтка из Зайсана передает, судя по типу одеяния (длиннополый халат, «женский» головной убор и др.), обобщенный образ человека. Макушка горизонтальная, и создается впечатление, что у персонажа на голове убор цилиндрической формы. Глаза и рот человека обозначены техникой резьбы. Как и у большинства антропоморф-



Геометриялық өрнекпен безендірілген шағын қыш ыдыс.

Павлодар облысы. В.К. Мерцтің қазбасы

Миниатюрный глиняный сосуд, покрытый геометрическим орнаментом. Павлодарская область. Раскопки В.К. Мерца



*Қола дәуірінің қыш ыдыстарындағы өрнектік композициялардың элементтері
Элементы орнаментальных композиций на сосудах
бронзового века*

ных статуэток эпохи бронзы, особое внимание уделено моделировке носа.

Зайсанский идольчик отличается от всех известных статуэток положением согнутых в локте рук: правая рука заведена за спину, левая – на груди.

К числу антропоморфных жезлов относятся два экземпляра из окрестности Семей и два песта, один из них найден в Коргалжинском районе Акмолинской области, а другой, хранящийся в фондах областного музея г. Кокшетау, обнаружен случайно.

В культурном слое поселения эпохи бронзы Токсанбай на Устьурте обнаружена скульптурная головка лошади из матового камня с кристаллическими включениями. В нижней части вырезан прямоугольный стержень-втулка для насадки на какую-то основу. Скульптурная головка лошади явилась составной частью какого-то предмета бытового назначения или культового характера.

Два каменных жезла с навершием в виде скульптурной головы коня, случайно найденных на территории Восточного Казахстана (один хранится в музее Томского университета, РФ), активно используются исследователями в разных реконструкциях. Указанные жезлы – подлинные шедевры изобразительного искусства: они совершенны как по технологии изготовления, так и по стилю художественного воплощения образа животного, поэтому с полным осно-

ванием можно утверждать, что они являются эталонными образцами, выполненными в так называемом сейминско-турбинском изобразительном стиле. Они точно передают некоторые особенности экстерьера типично центральноазиатской лошади с короткой гривой.

Навершие бронзового кинжала из Шемонаихи лаконично передает особенности экстерьера этой же низкорослой центральноазиатской степной лошади. Животное изображено в позе «внезапной остановки», как бы присевшим на задние короткие ноги. Массивная голова лошади опущена вниз, но слегка вытянута вперед, показана с приоткрытым ртом и с большими ноздрями. Такая трактовка ноздрей в виде овальных и круглых углублений на кончике морды традиционна и для лошадиных головок, венчающих каменные жезлы. Короткая грива, переходящая в челку, как у лошади Пржевальского, смоделирована в виде слабой дуги на массивной шее, как у всех лошадиных фигур «сейминско-турбинского» облика. Наклонная полоска, идущая от нижней губы животного до края горизонтальной площадки навершия кинжала, на которой расположена фигурка, интерпретируется как ремень для управления (Самашев, 2010, с. 14–15).

Необходимо отметить две миниатюрные фигурные головки коня, припаянные с противоположных сторон втулки бронзового наконечника копья, которое было обнаружено в окрестностях города Жетыкара в Костанайской области. Фигурные головки лошади посажены на по-лебединому



*Қола дәуірінің қыш ыдыстарындағы өрнектік композициялардың элементтері
Элементы орнаментальных композиций
на сосудах бронзового века*

изогнутые шеи, выполнены обобщенно в сейминском стиле. Они отлиты в разных формах, поэтому имеют небольшие технические различия и разные параметры. Перед лошадиной головкой помещена фигура птицы без явных признаков хищной породы. На противоположной стороне также припаяна стилизованная фигура птицы.

Каменный пест из светло-серого камня, хранящийся в краеведческом музее г. Семей, имеет скульптурное навершие в виде головы барана. У животного выделяются выразительный горбатый нос и рот, рога изображены опущенными вниз, глаза выпуклые. На поверхности песта едва заметны семь или восемь рельефно выполненных валиков-колечек.

Следующий пест с навершием в виде головы барана, найденный на окраине г. Иссык в Жетысу, изготовлен из вулканического камня. Отметим еще один фрагмент каменного стержня с изображением головы барана из Жетысу.

Среди мобильных вещей особый интерес представляют так называемые утюжки. Обломок каменного изделия, найденный в культурном слое поселения эпохи поздней бронзы Талдысай в Центральном Казахстане, квалифицируется как фрагмент «утюжка», оформленного в виде головы животного, скорее, комолого быка.


Другой «утюжок», аркалыкский, из черного талькохлорита, ныне хранящийся в одном из музеев г. Астаны, кроме характерного для таких изделий желобка имеет на гладкой стороне литейную форму для отливки тесла. Предмет изначально являлся полифункциональным или литейная форма вырезана после прекращения первоначальной функции.

На узком торце продолговатого «утюжка» имеется рельефное изображение человеческой головы, выполненное путем сложной технологической обработки поверхности камня. Этот рельеф образует небольшой выступ, который при осмотре сбоку и в сочетании с верхним абрисом изделия напоминает кончик носа какого-то зверька (барсука?). Таким образом, наличие зоо- и антропоморфных элементов в декоре, универсальный (культуво-прикладной) характер функции значительно повышают семиотический статус и подчеркивают сложность семантической нагрузки, заложенной в содержание данной вещи.

Один из них, случайно найденный в окрестности пос. Тушыкудык на полуострове Бузачи, содержит на поверхности шесть орнаментальных полос, объединенных по три в две ассиметричные макрополосы, которые расположены по сторонам поперечного желобка. На них нанесено большое количество коротких и косых насечек, что позволяет предположить наличие определенной числовой символики.

В культурных слоях энеолитического Ботая обнаружен фрагмент костяной скульптурки рыбы. Фрагмент плоскостной скульптуры содержит два плавника с резными косыми полосками и насечки, обозначающие чешую. Фигурки рыбы, выполненные из камня, были известны еще в палеолите; они также включаются в сферу сакральной атрибутики народов Евразии всех последующих эпох.

В числе мобильных вещей – объемные изображения неживых объектов, формы и декоративное оформление поверхностей которых представляет собой важное направ-



*Қола дәуірінің қыш ыдыстарындағы өрнектік композициялардың элементтері
Элементы орнаментальных композиций на сосудах
бронзового века*

ление в изобразительной деятельности населения бронзового века. Это различным образом оформленные навершия булавы из редких цветных пород камней, которые происходят и из закрытых комплексов, но в большинстве своем найдены случайно.

Особую категорию мобильных вещей, использованных населением бронзового века и в раннесакское время, составляют плоские плиты, торцы которых украшались скульптурными бараньими головками. Они происходят в основном из северных регионов страны.

Таким образом, рассмотренные в данном разделе материалы характеризуют чрезвычайно разнообразные по форме и тематике, смысловому содержанию и функциональному назначению, а также технологии изготовления образцы мобильной скульптуры, мелкой пластики, которые происходят как из закрытых комплексов, так и случайно обнаружены при различных обстоятельствах. Они связаны в первую очередь с религиозными, мифо-ритуальными комплексами, а также с хозяйственной деятельностью скотоводов и металлургов степной, лесостепной и горно-долинной зон центра Евразии.

Монументальное искусство. Памятники монументального искусства связаны с фундаментальными идеологическими ориентирами и мировоззренческими ценностями, а также с эстетическими нормами социокультурных образований различных исторических периодов.

Яркими и загадочными памятниками монументального искусства финальной бронзы и начального этапа раннего железного века считаются стелы, получившие в науке название «оленные камни» по вычурным изображениям пти-



*Қола дәуірінің қыш ыдыстарындағы свастика тәрізді өрнектер.
А.В. Логвин, И. Шевнина және т.б. бойынша
Свастикаобразные орнаментальные мотивы на глиняных
сосудах бронзового века. По А.В. Логвину, И. Шевниной и др.*

цеголовых оленей, покрывающим поверхность изваяний. Оленные камни представляют собой специально обработанные каменные стелы с различными изображениями, которые являются составными элементами жертвенно-поминальных комплексов.

В основе семантики оленных камней лежит образ вооруженного воина, поэтому изображения нанесены с учетом иерархической структуры человеческого тела, соответствующей в мифопоэтическом мышлении микрокосму, т.е. троичной модели мироздания: в верхней части – контур человеческого лица, часто заменяющие лик косые полосы, солярные символы, затем серьги, зеркало, гривна, ожерелье, низка бус; в средней части – устремленные вверх фигуры клювастых оленей, рассматриваемые рядом исследователей как декор одежды, а в нижней части – пояс с подвешенными к нему предметами вооружения (горит с луком, чекан, оселок, крюк, щит и др.).

В пределах горы Тарбагатай, в районе урочищ Жартас, Ойшилик, Туйемойнак на востоке Казахстана нами зафиксированы несколько оленных камней классического типа, но, к сожалению, некоторые из них оказались перемещенными с первоначальных мест установок.

Погребально-поминальный комплекс Торайгыр в Павлодарской области, который датируется переходным временем от бронзового к раннему железному веку, также содержит в своем составе оленные камни с изображениями птицеголовых оленей и хищников.

Простой тип оленного камня с изображениями кольцевидных знаков в верхней части и пояса с горитом и луком шире распространен на востоке и в Центральном Казахстане, изредка встречается в регионе Жетысу.

Наличие изображений птичьего клюва у фигур оленей, солярных кругов, дисков в верхней части оленных камней, являющихся элементами сложных жертвенно-поминальных комплексов, состоящих из каменных оград, ящиков и вертикально установленных объектов, позволяет предположить наличие их связи с некими представлениями о высших небесных божествах, в честь которых в таких святилищах совершаются различные ритуально-обрядовые мистерии и акты жертвоприношения.

Образы оленей с клювовидными мордами – явление загадочное в искусстве племен эпохи бронзы, однако, хотя и имеют более широкое распространение, нежели стелы, до сих пор в науке не получили удовлетворительного пояснения.

Оленные камни другого типа, без фигур птицеголовых оленей, но с изображениями предметов вооружения и других атрибутов, распространяются далее на запад, охватывая казахские степи, Урал и Поволжье, Кавказ, а единичные образцы известны в Центральной Европе.

Орнамент. Развитие орнаментального искусства в бронзовом веке как части культурного феномена связано, естественно, с производственной сферой жизнедеятельности людей, поскольку орнамент наносится на поверхности вещей, изготовленных путем использования существовавших технико-технологических приемов и предназначенных для различных целей потребления. Поэтому развитие и трансформация самой орнаментики от первичных мотивов и элементов декоративных традиций до сложения моделирующей знаковой системы, связанных с мифо-ритуальным комплексом культурно-исторических общностей с различным социальным устройством, отражает динамику сложного процесса культуругенеза в бронзовом веке.

В зависимости от параметра поверхности и функци-



*Жылқы бақайларындағы кесіп салынған өрнектік композициялар.
Энеолит дәуірінің қонысы. В.Ф. Зайберттің қазбасы
Орнаментальные композиции на фалангах лошади.
Поселение эпохи энеолита. Раскопки В.Ф. Зайберта*

онального назначения вещи (из разных природных и искусственных материалов) орнамент имеет разные степени сложности организации в пространстве – от единичных мотивов или лаконичных элементов до сложнейших композиционных построений, возведенных до уровня изобразительных «текстов-символов». Однако ясно, что природа орнамента, независимо от его эстетической, семиотической или иной функции, вторична по отношению к самой вещи, на поверхности которой он наносится различными технологическими способами (накол, штамп, резьба, литье, краска и др.). Этим орнамент отличается от петроглифов или надписей на камнях, глиняных табличках и других вещах, которые являются первичными носителями информации.

Орнамент при корреляции технологии изготовления вещей (на которые он нанесен) с их формами, погребально-поминальной обрядностью, с поселенческими материалами и другими данными определяет и территориальные субкультурные признаки и др. Знаково-коммуникативная функция орнаментальной деятельности составляет важнейший аспект изучения.

Подавляющая часть орнаментальной продукции эпохи палеометалла представлена узорами, нанесенными на керамическую посуду. На ранней стадии, судя по материалам ботайских и синхронных ему терсекских памятников Тургайского прогиба (Калиева, Логвин, 1997, с. 71–99), равно как и афанасьевских на Алтае и в Южной Сибири, превалировала традиция украшения всей поверхности сосудов (чаще крупных остродонных и круглодонных) геометризированными мотивами и элементами, составляющими нередко ритмично организованные сложносоставные орнаментальные композиции.

В последующие периоды орнаментика развивается по пути дальнейшей геометризации, и в соответствии с формами сосудов эпохи бронзы, происходит формализация структуры орнамента, начинают преобладать симметричные композиции, солярные символы, треугольные фигуры, вдавления, каннелюры, меандровые образования, и возникают зональные принципы их организации.

Естественно, что андроновская орнаментальная традиция сохраняется и в последующих культурных образованиях. Однако изменения форм сосудов и хозяйственного уклада, а также мировоззренческих ориентиров в конце эпохи бронзы приводят к неизбежной трансформации системы орнаментации керамической посуды, что видно в материалах ряда памятников бегазы-дандыбаевской культуры Центрального Казахстана – поселение Кент и другие и синхронных памятников Верхнего Прииртышья – Измайловка и другие (Евдокимов, Варфоломеев, 2002; Ермолаева, 1987, с. 64–94).

Виртуозно выполненные орнаментальные композиции на костяных изделиях бегазы-дандыбаевских памятников Центрального Казахстана (Мыржык, Кент и др.) чрезвычайно разнообразны и представляют собой подлинные шедевры косторезного искусства и древнего орнаментализма.

Наскальное изобразительное искусство. Данная категория изобразительной деятельности в бронзовом веке являлась наиболее широко распространенной (Самашев, 2006).



Әртүрлі кескінді оюлармен безендірілген Орталық Қазақстандағы бегазы-дәндібай мәдениетінің сүйек бұйымдары. В.В. Евдокимов, В.В. Варфоломеев, Ж. Құрманқұлов және т.б. қазбалары
Костяные изделия бегазы-дандыбаевской культуры Центрального Казахстана, покрытые различными резными узорами. Раскопки В.В. Евдокимова, В.В. Варфоломеева, Ж. Курманкулова и др.

Важнейшие мотивы петроглифов эпохи палеометалла, в которых мы пытаемся увидеть отражение реальной действительности времени и архетипические образы «картины мира», – это солярные знаки и символы (писаницы грота Акбаур в Восточном Казахстане), атрибуты (жезлы) и другие мотивы, представленные также в произведениях мелкой пластики и в орнаментике.

Наряду с традиционными охотничьими сюжетами в это время появляются батальные сцены с использованием палиц, боевых топоров, щитов и других видов оружия ближнего и дистанционного боя, ножей, а также боевых колесниц; парные и групповые танцы с участием «ряженных», «солнцеголовых» персонажей; эротические сцены, связанные с культом плодородия; ритуалы жертвоприношения.

Триада рогатых животных – бык, олень и козел/горный баран – составляет основу звериного образа искусства бронзового века. В эпоху бронзы объектами изобразительной деятельности были также и другие травоядные животные, хищные звери и птицы, которые существенно расширяли репертуар наскального изобразительного искусства этого времени. Причины превалирования того или иного образа в нем следует искать в первую очередь в ареале тех или иных популяций животного мира, с которым были тесно связаны жизнедеятельность и система жизнеобеспечения

народов, адаптированных к особенностям природно-экологической ниши конкретных географических зон Евразии.

Из всех археологических периодов наибольшее количество антропоморфных изображений, как в одиночку, так и в составе различных сцен и композиций, зафиксировано в наскальном изобразительном искусстве эпохи бронзы Евразии.

Образ человека в наскальном изобразительном искусстве Казахстана, относящемся к бронзовому веку, многопланов и разнообразен. Он присутствует как центральный почти во всех повествовательных, мифологических, батальных и иных сюжетах.

Представительную серию изображений составляют так называемые ряженные персонажи в звериных или орнитоморфных масках, в особых головных уборах, в одежде из шкуры животных и с хвостами.

Наиболее сложными для анализа и интерпретации остаются до сих пор «солнцеголовые» антропоморфные персонажи, наибольшее количество которых в Казахстане зафиксировано в Жетысу, единичные экземпляры известны в Сарыарке, на Тарбагатае и в других местах.

Особого внимания заслуживают изображения жилищ и поселений эпохи бронзы, впервые зафиксированные в горах Тарбагатая в урочище Оралбай. Вполне возможно, что изображение парной извилистой линии на поверхности одного камня в урочище Шимайлы (Тарбагатай) связано с идеей пути к реальным земным жилищам или к небожителям. Смысловое содержание символических знаков в виде копыт животных также может быть увязано с представлениями о божественном пути.

Таким образом, материалы по монументальному искусству, мелкой пластике, орнаменту и наскальным изображе-

ниям, происходящие в основном из регионов Казахстана, характеризуют специфические формы проявления изобразительной деятельности населения бронзового века, раскрывают их связи с мифо-ритуальным комплексом этнокультурных образований, существовавших в бронзовом веке на обширной территории Евразии, и показывают высокий уровень развития их художественного творчества в рассматриваемый исторический период.

Литература

Зайберт В.Ф. Ботайская культура. – Алматы: ҚазАқпарат, 2009. – 576 с.

Евдокимов В.В., Варфоломеев В.В. Эпоха бронзы Центрального и Северного Казахстана. – Караганда: Изд-во КарГУ, 2002. – 138 с.

Ермолаева А.С. Памятники переходного периода от эпохи бронзы к раннему железу // Археологические памятники в зоне затопления Шульбинской ГЭС. – Алма-ата, 1987. – С. 64-94.

Калиева С.С., Логвин В.Н. Скотоводы Тургая в третьем тысячелетии до нашей эры. – Кустанай: Изд-во Кустанайского университета, 1997. – 180 с.

Ченченкова О.П. Каменная скульптура лесостепной Азии эпохи палеометалла III–I тыс. до н.э. – Екатеринбург: Тезис, 2004. – 336 с.

Самашев З. Петроглифы Казахстана. – Алматы: Өнер, 2006. – 200 с.

Самашев З. Изобразительные памятники бронзового века // Кадырбаевские чтения-2010 // Материалы II Международной научной конференции. – Актобе: 2010. – С. 4–33.



САҚТАРДЫҢ «АЛТЫН ҒАСЫРЫ»

К. Ақышев, Ә. Ақышев

Область, где обитают грифы и находятся золотые рудники – пустынейшая. Поэтому, желающие добыть металл, о котором идет речь, отправляются туда, снаряженные (всем необходимым), по тысяче и две, приносят заступы и мешки и копают, дождавшись безлунной ночи. И если уходят от грифов, то достигают двойной выгоды: и сами остаются живыми и уносят домой ношу (золота). Те, кто научился очищать золото, выплавляя его каким-то своим способом, приобретают себе путем этих опасностей огромные богатства» (Элиан, IV, 27)

Дәл осы Элиан әңгімелеп берген Ктесияның «Индики» туындысындағы (ж.с.д. V ғасырдың соңы мен IV ғасырдың басы) бактриялықтарға қатысты жартылай аңыз, жартылай мифтік хабарламалардың Қазақстан, Оңтүстік Сібір және Орталық Азияға тікелей қатысы бар (Пьянков, 1976, 19-б.).

Көптеген ғалымдардың Аристейдің бізге жетпей қалған «Аримаспия» шығармасына және Геродоттың хабарларына сүйеніп пайымдауынша, «алтын қорыған грифтер» мен олардан алтын ұрлаушы аримаспылар сақ дәуірінде Шығыс Қазақстанда және Алтайда тіршілік еткен. Геродот аримаспылар деген сөз «жалғыз көзді» дегенді білдіреді деп болжайды. Барлығы болмаса да, кейбір ирантанушылардың пайымдауынша (Herzfeld, 1986, p.173–193), бұл атаудан «шөл жылқыларын иеленушілер» дегенді білдіретін эллиндандырылған иран терминін байқауға болады. Сақ дәуірінде үндіевропалық және иран тілді халықтардың әлемі шығыста Батыс Сібір мен Орталық Азияға дейін жайылып жатқан, бұл лингвистикалық мәліметтермен де белгіленген, яғни қола дәуіріндегі мәдениеттердің тіршілік ету аймақтарымен сәйкес келеді.

Дүниежүзілік тарихта скиф-сақ халықтарының үлесі ете зор болды. Соңғы мәліметтерге сәйкес, скифтер славяндардың этногенезінде, ал сақтар қазақтардың, қырғыздардың, сонымен қатар оғыздардың, түркімендердің, якуттардың, тәжіктердің және ауғандықтардың этногенезінде маңызды рөлге ие болды. Барлық этномәдени процестердегі сақ компоненттерінің маңызы мидия, грек-бактрия патшалығы сынды мемлекеттердің қалыптасуында жалғасып отырғандығы барынша айқын байқалады.

Скиф-сібірлік «аң» стилінің қалыптасуында, оның күрделілігі мен шиеленістігіне қарамастан, негізгі рөлді сақ тайпалары алды. Өнердің бұл стилі адамзат өнері тарихындағы жарқын құбылыс болды.

«Скиф алтындары» топтамаларындағы грек шеберлерінің зергерлік техникалары мен көркемөнер тәсілдерін паш ететін туындылар арасында «скифтік» антикалық еліктеушіліктен өзгеше бірегей заттар бар, оны ысылмаған көрерменнің өзі де ажырата алады. Бұл сақ өнерінің жарқын үлгілері.

Бастапқыда жеке топтамаларда, кейіннен Петр кунтскамерасының Сібір коллекциясы (Руденко, 1962) мен Эрмитажға әкелінген бұл жәдігерлер XVII–XIX ғасырларда Батыс Сібірдегі «таңғажайып қабірлерді»

«қазына іздеушілердің» тонауы әсерінен табылған еді. Бүгінде олардың нақты археологиялық анықтамасын беру (мерзімдеу, атрибуциялау) қиындық тудыруда. Дегенмен де олардың басым бөлігі ерекше, көркем стильдік белгілері бойынша бірыңғай. Олар археологиялық қазба жұмыстары кезінде алынған бірен-саран заттарға ұқсайды және ежелгі көшпелілердің өнері ретінде айқындалады (сақ, юечжы, савромат, ғұн). Бұл өнердің өзіндік ерекшелігі – Алдыңғы Азиядан (Вавилон, Ассирия, ахеменидтік Иран) әр уақыттарда қабылданған көркемдік мотивтер мен жолдардың экспрессивті ою-өрнек деформациясына түсіп, қайта өңделуінде. Дегенмен сақтардың «цитата стилі», шын мәнінде, мүлдем жаңа өнер. Жергілікті сақтар толықтырған зооморфты мотивтер репертуары аң стилі тарихындағы маңызды эволюциялық факторларды білдіретін, бейнелеу емес, стилизацияға бағытталған үрдіспен байланысты болды. Абстрақтылы, аиконикалық ою-өрнектер, мәселен, ғұн полихромды стиліне, кейінірек Азияның орта ғасырдағы және қазіргі халықтарының декоративті және қолданбалы өнеріне ұқсас. Дегенмен осынау кейінгі ою-өрнек кешендері мен аң стильдерінің ұқсастығы (немесе туыстығы) аппликация және инкрустация тәсілдерін қолданудағы тәжірибелік заттардың берілген формасын декоративті игерудің жалпы ұстанымдарында ғана байқалады. Кейінгі көшпелілердегі ою-өрнек элементтері натуралистік зооморфтық бейнелердің жеңілдетілген түрі емес. Заттың эстетикалық тектоникасын айқындайтын аиконикалық ою-өрнектер палеолит дәуірінен белгілі. Сол кезде олар тотемдік аң бейнелерінде болған, көрнекілігі әлеуметтік қарым-қатынастың символы – аң бейнелерінің әдеттегі мифологиялық эпитеттерінің блоктарымен байланысты икондық таңбалардың (нысанмен ұқсастығы негізінде) «оқылатын» кодтарында айқындалады. Сақ өнеріндегі аң бейнелері, әдетте, тотемдік саналады, бұл дұрыс емес. «Скифтік бұғы» мен «скифтік қабылан» – бұл басында ғана тотемизмнен бастау алатын көнерген әмбебап зооморфтық жіктелім мен эмблематиканың ежелгі қоғамдағы өзгерген түрі. Жыл санауымызға дейінгі VI–III ғасырлардың өзінде мемлекеттік пен жазудың ежелгі формасына иелік еткен сақтардың сана-сезімі кезеңін сипаттайтын тотемизмді құбылыс ретінде айту дұрыс емес. Ал савроматтар мен массагеттердегі патриархаттың айтарлықтай сарқыншағы туралы болжамға негізделген көмескі аңыздар да теріс. «Аң стилі» танымының феномені ретінде тайпалар одағының империя ретінде шоғырлану уақытынан бастап сақтардың ерте санатты көшпелі қоғам идеологиясына бой ұсыну кезеңіндегі мифологиямен және магиямен байланысты екені сөзсіз. Өзірше скиф-сібірлік аң стилдік белгілері бар ерте сәндік заттар сақтардың ж.с.д. VIII–VI ғасырлардағы кешендерінен табылды (Аржан, Быжы, Түгіскен, Ұйғарақ) (Акишев К.А., Акишев А.К., 1978, 38–63-бб.). Еуразиядағы кейінгі қола дәуірінің аң стилі (бірақ скиф-сібірлік емес) қарасұқ-луристандық топ ескерткіштерінде көрініс тапқан.

Олар генетикалық тұрғыда Таяу Шығыс өнерімен байланысты. Кейіннен қалыптасқан скиф-сібір аң стилі көшпелілер арнайы символикалар таққан заттарда көрініс тапқан: сәнді ер-тұрман, қару-жарақ, діни және рәсімдік заттар. Олардың шартты түрде Минусин қазаншұңқырынан Кіші Азияға дейінгі ауқымды кеңістікте жедел тарауы жаңа әлеуметтік факторлармен түсіндіріледі: ішкі саяси (күрт мүліктік теңсіздіктің орын алуы; беделді әскерилердің, абыздықтың бөлектенуі; қасиетті көсем культінің дамуы) және сыртқы саяси (шаруашылық-мәдени түрі ұқсас, бірақ, мүмкін, этникалық жағынан әртүрлі тайпалардан құралған сақ конфедерациясы құрылымының күрделенуі; этникалық супер құрылымдардың пайда болуы). Мұның барлығы бейнелеусіз белгілердің символикалық жүйелеріне жарамды ру-тайпалық дәстүрлерден де кең, әлеуметтік «тұжырымдаманы» паш ететін эмблематика қажеттілігін туындатты. Ж.с.д. VIII–VII ғғ. Ұлы дала белдеуінде дәл осындай жағдай қалыптасқан сияқты. Археологиялық мәліметтерге сәйкес, сол уақытта осы жерде ірі одақтас бірлестіктердің шаруашылық аумақтарына шамалас үлкен этномәдени қауымдастықтар пайда болған. Мүліктік және топтық бөлшектену жерлеу орындарының көлемі мен түрінің градациясын және мүлік байлығын паш етеді. Өндірістік мамандану да жүргізілген секілді. Ол мүмкін этникалық реңкте болуы ықтимал. Орта ғасырлық геральдикамен толық салыстыруға боларлықтай регалияға қажеттілікте прокламативтік өнер пайда болады.

Дереккөздерге сүйенсек, сақ тайпаларының орналасуындағы әртүрліліктің бір себебі – көшпелілердің қозғалысқа өте бейімдігімен түсіндіріледі. Жайылымдық мал шаруашылығы аймағы ретіндегі Тәңіртаудың солтүстік етегі, Тарбағатай мен Алтай тауларын парсыларға тиграхауда сақтары деген атаумен (Геродоттың ортокарибантийі) жақсы таныс тайпалық бірлестік мекендеді. Тиграхауда сақтарының ою-өрнектері стилистикалық түрде бірыңғай және скиф-сібір өнеріндегі Алтай-Жетісу бағытына ұқсас келеді. Стилистикалық белгілер осылайша маңыздылыққа және этнодифференциялыққа ие болып келеді. Сол себепті бірлескен тайпалық одақтардағы зооморфты белгілерді дәл оқу қажеттілігі сәйкесінше олардың «Аң стилі» жалпылама даму генезисін қалыптастырды.

Скифтануда «скиф өнерінің» құпиясын «конвергенттілік» немесе «мәдени кірмелік» тұрғысы негізінде түсіндіру талпынысы болды. Алайда олар нәтиже бермеді. Стильдің шығу тегі факторлар біркелкілігін көрсетті. Қазіргі уақытта стильдің дамуын түсіндіру үшін тек қана формальды-типологиялық талдауды қолдану баламасыз екі болжамның тууына әкеліп соқты. Біз скиф-сақ өнерінің шығуының екі негізгі орналасу аймақтарына байланысты «еуразиялық» және «алдыңғы азиялық» болжамдары жайлы айтып отырмыз.

Дәлелдер ескерткіштердің бір-біріне негізделген салыстырмалы хронологиясына негізделген, сондай-ақ тарихи кеңістіктегі тайпалардың «орын ауыстыруы», болмаса стиль мотивтерінің диффузиясы теңдей түскен шахмат ойындарымен пара-пар. Нұсқалардың бірде-бірі де аяқ асты пайда болған аң стилінің (жыртқыш қабылан, жылқы, мүйізді жануар, мысық тұқымдас жыртқыш) кең тараған

көріністерін түсіндіре алмайды, тек қана сол және басқа да мотивтердің тууы, бағыттарды шешу жолдары түсіндіріледі, стильдің қоғамдық идеологиялық туу себептері мүлде қарастырылмайды.

Ерте қола дәуіріндегі алдыңғы сақ тайпаларында зооморфтық этно-әлеуметтік эмблематикалардың пайда болуы үшін барынша жағдай қалыптасқан болатын, олардың технологиясы дамыған дәрежеде болды, ою-өрнек үлгілерін жасау үшін пайдаланатын дағды мен кешен де қалыптасқан еді. Алайда зооморфтық өнер негізгі өнер болып есептелмеді.

Сақтардың «әлеуметтік конвенциясы» мен олардың Алдыңғы Азиядағы халықтармен тарихи байланысы соңғы үлгідегі «аң стилі» мен иконографиялық техниканы қолдануға себеп болды. Алдыңғы Азияда жануарлардың бейнелері ж.с.д. IV мыңжылдықтан бері культтік иконографияда дамыды, әсіресе отырықшы халықтардың мобильді және монументалды өнерінде ерекше өркендеді. Кіріккен компоненттер (кейбір жағдайларда иконографиялық «цитаталар» санасыз түрде жаңғыртылып отырған) көшпелі «империялардың» жаңа белгілер жүйесіне айналды. Олар, бір жағынан, жаңа нақыштарды туғызды, екінші жағынан, олар даланың эстетикалық талаптарына сай мәнерлі түсіндіру, аикониялық стилизация секілді энергетикалық стилистикалық деформацияға ұшырады. Регалия ретінде утилитарлы заттар саналды. Көрнекі зооморфты әшекейлер қоғам өміріндегі жағдайға бейімделді, ғарыш пен қоғамның элементтері туралы мифологиялық дүниетанымының бірқатар іргелі элементтерін бейнеледі. Ерте сақ дәуірі суретшілері бейнелеген аң бейнелерінің үштігі (құс – тұяқты жануарлар – жыртқыш) әлем мен қоғамның өзіндік сабақтастығы туралы идеяны білдірді. Бұл таңғажайып логикаға, оның қолданбалылығына сәйкес келетін заттарға киелілік сипат берді. Қоғамның бірлігін бейнелейтін адамдар – әскери шенділер, көсемдер мен абыздар дәл осы ғарышпен тікелей байланысы бар адамдар болып танылып, аң символдарын-космограммалардың нақты пайдаланушылары болды. Халық өнерінде дәстүрлі шынайы ою-өрнектер басымырақ болды.

Сақ, савромат, скиф конфедерацияларының саяси тұрақтылығы ж.с.д. VII–III ғасырларда Таяу Шығыстан (үндістандық, ахеменидтік, грек-бактрийлық) зооморф өнерінің толқындарын сіңіре отырып, аң стилінің дамуын негіздеді. Кейінірек одақтардың ыдырауы, халықтардың қоныс аударуы «әлеуметтік конвенцияның» өзгеруіне алып келді, бұл бұрынғы өнердің жылдам өшуіне және ж.с. бірінші ғасырларында полихром стилінің тууына себеп болды. Сәйкесінше, Орталық және Орта Азияда Кушан империясы, Хорезм, Парфия, Боспордағы сармат династиясы, Скифия секілді билеушілері көшпенді болып саналатын монархиялық мемлекеттер құрылды. Олардың этникалық құрамы, мемлекеттік жазуы түрлі болды және көшпенділер мен отырықшылардың бірыңғай саяси құрылымына біріктірілді. Салт аттылардың киімдері мен атрибуттары ендігі кезекте антропоморфтік мүсіндердің мектептерін құруда маңызды рөл атқарған салтанатты киімдер ретінде түсіндірілді. Аң стилінің жаңғырығы (тапсырыс берушілер ортасы тарылды) иконография мен инвеститурлық атри-

бутикада ұзақ орын алды. Олар, өз кезегінде көркемдік құралдармен прокламативтік және діни өнерді дамытты, бұл эллинизм дәуірі мен ерте ортағасыр кезеңінің өрлеуіне әкелді.

Бұрынғы көшпелі әулеттердің күші билік ету саласына ауысты. Олардың мемлекеттерінде, мүмкін этностардың өндірістік мамандандырылуы болған болар. Сондықтан да прокламативті өнерді ендігі кезекте отырықшы атанған малшылардың қатарындағы қала тұрғындары тудыра бастады. Көшпелілердің дәстүрлі сәндік-қолданбалы өнері осылайша айқоналық ою-өрнекке айналды.

Дегенмен, бұл өнер жоғалып кетпей, қолайлы даму жағдайында көшпелі қоғам өте ықтимал жоғары прогрессивті саяси құрылымның тұрақты статистикалық экономикалық тәртіппен тұрақсыз өзара байланысын мысалға келтірді. Егер бұл жағдайлар бұзылса, тұқымдық тайпалық архаизмдер жанданады, бұл көпжылдық қасіретке және көшпелілердің «варварлық» жабайылығына қатысты қате түсініктердің пайда болуына әкеледі. Дала да жарылғыш затқа ұқсас. Ол қалалық өркениеттерге ескірген әлеуметтік-экономикалық қатынастарды жандандыруды ынталандыра отырып, бірнеше рет мәдени инновацияның күшті серпінін жеткізді. Өзі болса, күшсіз қалып, әлсіреп, «бұрынғыға» қайта оралды. Көшпелі мәдениеттің бір сәт гүлденуі – мәңгілік және өзгермейтін болып көрінетін патриархалдық архаизмдер секілді... Классикалық антикалық стереотиптерге тәрбиеленген Еуропалық тарихнама үшін бұл парадокс түсініксіз болып қала берді (Акишев К.А., 1978; Акишев А.К., 1980; 1976, 183–196-бб.).

Ерте сақ өнері

Түркі-моңғол шеберлерінің атауларын талдау барысында өзара кірігу үрдісі байқалады. Буряттарда темір ұсташыларының аттары түркілердің «Тархан», «Дархан» - Шар-тархан, Толон-Арык-Дархан атауларымен бірге жүрді (Потанин, 1883, 28, 610 б.). Негізінде ұста сөзі бурят тілінде «дархан» ұғымын береді (Дашиева, 2013). «Ежелгі түркі тілінде тархан тақ немесе адам дегенді, айып пен салықтан босатылған, билердің сүйіктісі, марапатталған, кешірген сияқты ұғымдарды білдірді. Темір штатында елорданың барлық тұрғындарын тархандар деп жариялау оларды салық басқармасында болған ұлы оқиғаларға байланысты салықтар мен міндеттерден босату заңды қағида болып саналды» (Сурағанова, 2009, 33 б.). Бурятиядағы Ж.Б. Жалсанова жүргізген қызықты этнопсихолінгвистикалық зерттеу «дархан» сөзі мен шаман, бурхан - құдай туралы сөздердің арасындағы байланысты дәлелдейді. Автордың пікірі бойынша, бұл әрекет «бурят мәдениетіндегі темір ұстаға куәлік етіп, бұл моңғолдардың нанымдары мен салт-жоралғыларында маңызды рөл атқарған» (Жалсанова, 2017, 94 б.). Сонымен қатар, заманауи буряттарда әлемнің тілдік көрінісінде, темір ұсталардың екі деңгейі көрініс табады: ұста – «құдайлық тәңірге лайық, жаратушы күш» және ұста «делдал, яғни құдайлар мен адамдар арасындағы делдал» (Жалсанова, 94 б.). Бурят тілінде сөйлейтін респонденттер «Дархан» деген сөзді «металл, қару-жарақ және алтынмен жұмыс істейтін шебері» деп түсінеді (Жалсанова, 2017, 97 б.).

Түркі-моңғол халықтарының ұсталыққа мамандануы белгілі бір ұғымдармен айқындалады. «Буряттарда хара дархад – темірмен жұмыс істейтін «қара» ұсташылар, сагаан дархад – зергерлер, негізінен күміспен жұмыс істейді (Банаева, 2008, 296 б.). Сондай-ақ, металлургиямен айналысатын шеберлер буряттарда тумэр дархашуул, темір ұсташылар

және мунгэн дархашуул – күміс зергерлер (Гармаева, 2009, 298 б.). Қазақ мәдениетінде металл өңдеу өнерімен ұста және зергерлер айналысады.

Түркі-моңғол әлеміндегі ұсталар бейнесінің айырмашылықтарына қарамастан, әртүрлі көріністерінде көптеген ұқсастықтары да бар.

Ұста – құдай және ұста – құдайдың қызметшісі, ұста – елді-мекеннің рухтандырушысы

«Оңтүстік Сібір түркілерінің дәстүрлі дүниетанымы» сериясы бойынша жарық көрген «Діни дәстүр және белгі» монографиясының авторы тәжірибелік қызметінде құдайдың құпия білімдерімен тығыз байланыста: «Биліктің қасиетті табиғаты оның иелерінің құпиясымен жасырын білімдер мен қолөнерге қатысуымен байланысты болды. Түркі әлемінде мұндай техниканы темір қожалығы деп санауға болады... Алғашқы түрік қағандары... ұста-шамандармен тығыз байланыста болды» (Сағалаев, Октябрьская, 1991, 75 б.). Сонымен қатар, осы жұмыстың авторлары А. Сағалаев пен И. Октябрьскаяның «ұстаның негізгі мінездемесін анықтаудағы маңызды әлеуметтік еркешелігі ретінде ол билеушіге, шаманға, ақсақалға (авторлардың барлауы) тең деп есептеген. Бұл бурят авторы Л.Л. Абаевтың, белгілі бір жағдайларда, нақты құдіретті алып жүруші ретінде әрекет еткен құдайдың құрметіне ие болған деп ойлайтын тұжырымдарымен байланысты (Сағалаев, Октябрьская, 1991, 75 б.).

Алтай түріктерінің Құдайдың антагонистік жұбының бірі – Улген-Ерлік бірнеше жолмен пайда болады: Шығармашылық және мәдени кейіпкер. Оның мәдениетке қосқан үлесі темір соғу өнерін ашуы еді. Ерлік темір үйде тұрады, бірінші темір ұсташы (Сағалаев, 1992, 31 б.) және бірінші шаман болып саналады (Сағалаев, 1992, 168 б.). Ұсташылар мен шамандардың өзара байланысы ұсталардың негізгі шамандық рәсімдерге дайындық – дабыл кезінде орын алған. Олар дабылдың темір элементтерін «алқа, темір арқалық кириш (адырна)» дайындады (Сағалаев, 1992, 109 б.). Шығыс буряттарының қазіргі шеберлері, мұрагерлік ұсталар шамандық киімге арналған бөлшектер дайындау кезінде тек балғамен және қысқыш қана емес, сонымен қатар ара мен бұрғыны қолдыну сияқты ұзақ та қиын қажырлы жұмыстарды «балғамен соғатын дәстүрлі символикалық, ұста ғана қолданатын» әрекеттер арқылы орындайды. (Сағалаев, Гомбожапов, 2013, 84 б.). А.М. Сағалаев түркі мәдениетінің мұндай ерекшелігін диалогтық-байланыс ретінде атап, Алтайдың түріктеріндегі Улген және Ерлік екі егіз құдайдың бейнесін былай деп жазады: «Олардың қарсыласуы бұл әлемді қозғалысқа келтіретін бірегей серпіліс... Алтайдың тұрғындары әлемде әртарапты күштердің барын біледі, бірақ олар осы күштердің әсерін әлемнің үйлесімі ретінде сезінеді. Олардың санасы әлемді өзара келіспеушіліктерге бөлуге қарсы. Ақ пен қара әлем - бұл сүреңсіз, үмітсіз, ақыр соңында адам табиғатына қайшы келеді. Басқа әлемнің бары айқын болса, онда тартылыс пен тебіліс күші артып және тұрмыс

түрленеді, жамандық пен жақсылық өзара ымыраға келуі мүмкін» (Сағалаев, 1992, 31 б.).

Якут мифологиясындағы «Құдай-бақсы» кейіпкері «темір ұста рухы» бейнесін сомдайды (Потанин, 1883, 337 б.). Г.В. Ксенофонтова деректері бойынша Кыдай-Бахсы төменгі әлемнің құдайы «алтын күмбез, күміс балға», жалған шамандар мен темір ұсталар болды: «оның төменгі жағында ұста – Кыдай Бақсы, шаман және темір ұсталар ретінде дәнекерленген» (Алексеев, Романова, 2012, 330–331-бб.). Сахадағы темір ұсталарға арналған Кыдай Бақсы қара бидай бұқасы түрінде құрбан етуді талап етеді. Салт жоралғыға сәйкес, қатысушы жүрек пен бауырын балғаға байлап тастау керек болды. Осылайша ол өз тағдырын «жасап» алды. Егер ол соққыға салынған тәңірді бірінші соққымен жаншып тастаса, онда ол жақсы ұста болады деп, екінші соққыдан кейін орташа, ал үшіншіден нашар шебер деп есептеледі (Алексеев, Романова, 2012, 331 б.).

Түркі-моңғолдарда ұсталық метал сияқты аспан әлемімен байланыстырылады. Буряттардың ұсталық иерархиясында құдайдың қорғаушылары екі түрге бөлінеді: жарқын құдайлар – Божинтойдың ұлдары – ақ ұсталар, қымбат металдар мен тастармен жұмыс істейтін, сондай-ақ Хожройдың ұлдары – қара ұсталар, темірді балқыту мен соғушылар. Кудиндік буряттар «Алтын әке-ханзада» және «Күміс ана-ханшайым» сияқты поэтикалық атауларды именденген (Банаева, 2008, 272 б.).

Тәңірқұтында моңғолдардың ертегісінде баяндалатын «Тажа» (ақ жапалақ) жетпіс жеті ұста (Тэнгриин далын долондархашул) болған, күн сайын жебелерін соғып беретін (Потанин Г. Н., 1883, 184 б.). Метал өңдеу өнері буряттардың мифологиясында құдайдың сыйы ретінде, аңыздар бойынша буряттың алғашқы темір ұсталары батыс тәңірі ретінде қарастырылды (Банаева, 2008, 273 б.).

Г.Н. Потанин буряттарда онгондардың болуы ақ бөртпенің қақпағы түрінде ұсынылған бақа, жылан, адамдар бейнесінде және темір ұсташы құралдарымен – балға, қысқыштармен жабдықталғандығын атап өтеді (Потанин Г. Н., 1883, 121 б.). Тункиндік буряттарда жергілікті рух-қорғаушысы Тархандурскі атын иемденетін шаман және ұста болып табылады (Потанин Г. Н., 1883, 127 б.).

К.А. Сағалаев пен А.Г. Гомфоджапов зерттеулеріне сәйкес, шығыс буряттары «темір ұсталық қолөнерінің пайда болуы құдайдың құдіретімен, адамның оны жоғарыдан сыйлық ретінде алғанына және осы ұсталық қасиетімен құдайдың қорғауына, ұсталық қызметінің байланысы бар екендігіне» әлі күнге дейін сеніп келеді (Сағалаев, Гомбожапов, 2013, 85 б.). Аталған топта құдай буряты Дамдин Дорлиг ұста, зергер болып табылады. Оның құрбандықтары қансыз құрбандық: бауыр, сары май, сүт, көмпиттер, сүтті күріш және аң аулау кезіндегі құрбандар: ешкінің тұтас еті ең алдымен пісіріліп, қасиетті шыршаға ілініп, алдын-ала қазылған жерге әкеліп қойылған. Рәсім орындалғаннан кейін барлығы ертеліп, осылайша құрбандық рухтар әлеміне жіберіледі (Сағалаев, Гомбожапов, 2013, 86, 88 б.).

Ұста – билеуші

Ашина үйінің билеушісінің пайда болу тарихы да метал өңдеумен тікелей байланысты. Таншада «...Ашина 500 отбасымен жужандарға қашқаны, Алтай тауының

оңтүстігінде орналасқаны және жужандар үшін темір өндіріп отырғаны» туралы айтылады (Бичурин, Т1, 225 б.). Қытай дереккөздеріне сәйкес, алқаптың шатқалынан жаулардан жасырынып, аңызға айналған түріктерді Ергене-күн (тік беткей) (Бичурин, Т1, 227 б.) немесе Ирган-кенді (Бичурин, Т1, 228 б.) де ұсталар ашқан болатын. Бір аңыз бойынша «Ашина ұрпақтарының бірі, Асян-шад көк бөрінің баласын алып, Гаогчана тауынан Алтай (Циньшань) тауына әкеліп орналастырады», олар жуань жуандарға қызмет жасап, темір өндіреді. Аңызға сәйкес Алтай тауының жергілікті атымен байланысты тайпа өкілдері түрік деп аталады (Кляшторный, 1965, 278 б.). Зерттеушілер атап өткендей, бірнеше негізгі әлеуметтік қызметтердің ұштасуы көшпенділер (жужандар, көне түріктер мен моңғолдар) үшін өте қарапайым құбылыс болды (Сағалаев, Октябрьская, 1991, 75 б.). Патшалық үйдің негізін салушы Ашина, шамасы басқа да маңызды қызметтерге ие болды. Ежелгі аңыз бойынша, тайпаның әміршісі әдетте қарапайым ұсташы болған. Бұндай байланыс тегін емес. «Металл өңдеу өнерін жақсы білетін адамдар төменгі әлемнің рухтарымен байланысты», деп санаған және жалпы алғанда, «шаман, темір ұсташы мен зайырлы биліктің байланысы түркі әлеміне тән», – деп түсіндіреді белгілі ресейлік этнограф-түрколог А. Сағалаев (Сағалаев, 13 б.).

Ұста-пайғамбар, ұсталық қолөнердің қорғаушысы, ұста-бабалары

Орта Азиядағы исламдық түріктердің мифологиясында темір ұсташы мен зергерлердің алғашқы ұстасы және қорғаушы-пірі – Дәуіт пайғамбар. Бұл аймақтағы кейіпкер тек металды өңдеу өнерімен ғана емес, басқа да қолөнер бұйымдарымен байланысты (Тохтабаева, 212 б.). Аңыз бойынша, ешқандай балға мен қысқышты қолданбай темірді ұн сияқты илейді, сонда да өрт Дәуіт Пайғамбардың қолын күйдіре алмағын (Тохтабаева, 212 б.). Қазақ ертегілерінде дәуіт деп аталатын металл өңдеушілердің пірі бар, ол қарлығаштың ұрпақтарын құтқарады. Бұл жәндіктер қазақ ұғымында қарлығаштың пірі – «аспан саласын бейнелейтін құстар» ретінде көрініс табады (Тохтабаева, 213 б.).

Ш. Тохтабаевтың айтуынша, мифологиялық пірлермен қатар, қазақ, тәжік және өзбектерде сабақтастық шынайы шеберлерге аруақ арқылы беріледі (Тохтабаева, 2005, 213 б.). Зерттеушілер «кейде тұқымынан тарайтын шеберлік мәдени батырлық сипатында, адамдарды техникалық дағдыларға үйрететіндігін» де атап көрсетеді (Тохтабаева, 2005, 213 б.).

Далалық материалдарға сүйенсек, заманауи қазақтардың зергерлік өнері ата-бабаларынан ұста немесе шебер болып қалыптасуы, кәсіптік ортада олардың қызметінің мойындалуы мен насихатталуы маңызды факторлардың бірі. Ұсталық құндылықтар ұрпақ жалғастығында ерлер тарапынан қаншалықты қажет болса, әйелдер жағынан да маңызды болып қала береді. Ұстаханаға байланысты бірқатар тыйымдар бар, солардың бірі балалар мен әйелдерге рұқсатсыз кіруге жол берілмейді. Ұсташылардың құрал-саймандарына, жарыққа шықпаған өнер туындыларына тиісуге болмайды (ПМА, 2009, 2018).

Түркі-моңғол дәстүрінде «темір ұстадан шыққандар» ғана ұста қолөнерімен жұмыс істей алады. Буряттарда XIX

ғасырдың соңы – ХХ ғасырдың бас кезінде ұсталықпен тек ұсталардың мұрагерлері ғана жұмыс жасай алды. «Өнеркәсіптік өнімдер нарықты толтырған кезде, діни қызметкерлер мен емшілер ғана өз функцияларын сақтап қалды» (Дашиева, 2013, 7 б.). Буряттарда темір ұсташы өнері мұрагерлік жолымен «ақ ұсташылар тәңірінен «дархан утха» ұсташылардың ұрпақтары» арқылы беріледі (Банаева, 2009, 273 б.). Бурятияда соңғы жылдары мұрагерлік ұсталық өнерді құрметтеу дәстүрі қайта жанданып келе жатқандығы байқалады (Лыгденова, 2013, 65 б.).

Ұста-абыз, ұста-дәстүрді жалғаушы

Якуттардың фольклорлық дәстүрінде, темір ұсташы – «темір қаруларының ұстасы» – қарсыласына қару жасайтын, кейде басты кейіпкердің көмекшісі ретінде сипатталады (Ксенофонтов, 1992). Якуттардың ерлік эпосының негізгі сюжеті «Қиыр Солтүстікке кеңінен қоныстанып, ұлан-ғайыр кеңістікті игеріп, дендей жайлаған» және «өте әлсіз қаруланып, аз мөлшердегі бұғылар мен өзге аңшыларға тұтқиылдан жасалған шабуылдар жайлы әңгімелер... Сонымен қатар, жеңімпаздар қатарында әрдайым темір ұсталары мен қару жасайтын ұсташылар: кейде ол шабуылдаушы топтың руласы ретінде, егер олардан алыс болса, онда әрқайсысы өздерінің тілектестері мен одақтасы» ретінде көрініс табады. (Ксенофонтов, 1992, 191 б.).

Қазақ мифологиясында жылан билеушісі – Бопы хан туралы қызықты сюжет бар. Қазақ ертегілерінде жылан билеушісінің кейіпкері («Шаһарман», «Қара жылан мен ақ жылан», «Жылан қабықты жігіт», «Шаямардан патша», «Жерден шыққан Желім батыр») басты кейіпкерге табиғат тілін үйретуші, жануарлар мен құстар тілін түсінетін қабілет бар Жаратушы бейнесінде кездеседі. Сонымен қатар жылан билеушісі өз білімін ешкімге айтпауға, айтқан жағдайда өзінің немесе оның өлімімен қорқытқан. Осы дәстүр бойынша ұста – жаратушының тұлғасы әскери бауырластыққа айналды «Жылан қайысқа» айналады. Отандық мәдениет қайраткері З. Наурызбаева ұстаның діни тұрғыдағы маңызын, мазмұны мен қайта жаңғыруын жақсы ашып көрсетеді. Дәстүр әкесінің төрт жасар баласын ұстаға әкелгендігі жөнінде болады. Ұста көріктің алдында от жағып, темірді қыздырып, содан кейін жылан қайысқа ұқсайтын киімін киіп, жылан билеушісі – Бопы ханның рөлін сомдаған. Бала ұста-абыздың аяғының ортасынан екі рет ету керек болады. Рәсімнің біріншісінде саут-сайманын, екінші рет өткенде қару-жарағын берген. «Ұста отқа алақанын жылтып, кейін қолмен баланың бетін сипаған. Осымен рәсім аяқталған. Кейбір жағдайларда рәсім біткеннен кейін оған жаңа есім берілген». Рәсімдегі баланың еңбектеуі жауынгердің өмірге келуімен сипатталған (З. Наурызбаева).

Сипатталған рәсімде ұста жылан табиғатын игерген, жерасты әлемнің құдайы ретінде киінген. Жылан мен ұста арасындағы байланыс жерден метал қазып алу арқылы, сонқай-ақ ұстаның жер бетіне үнемі (Хасамиль) немесе уақытша (Гефест) келуімен байланыстырылған.

Сонымен, түркі-моңғол әлемінде ұста бейнесі алуан түрлі болып келеді. Ол мифологиялық ұғымдарда құдай кейпінде, құдайдың қызметшісі, елді-мекеннің рух-жебеушісі, билеуші, пайғамбар, ұста қолөнерінің қорғаушысы, діни қызметкерлердің дәстүрін жалғаушы бейнесінде көрініс табады.

Әдебиет

Алексеев Н.А., Романова Е. Н. Мифология, ранние верования и культы // Якуты (Саха) / Отв. ред. Н.А. Алексеев, Е.Н. Романова, З.П. Соколова. – Москва: «Наука», 2012. – 312–336-бб.

Банаева В.А. Кузнечные культы в религиозно-мифологических представлениях бурят // Вестник Бурятского государственного университета. – 2008. – № 10. – 268–274-бб.

Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. – Т. 1. – Алматы: ТОО «Жалын баспасы», 1998.

Гармаева С.Ю. Кузнечное и ювелирное ремесло в традиционной культуре закаменских бурят // Вестник БГУ. – 2009. № 14. [Электронный носитель] URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/kuznechnoe-i-yuvelirnoe-remeslo-v-traditsionnoy-kulture-zakamenskih-buryat> (дата обращения: 02.03.2018).

Дашиева Н.Б. Кузнечный культ бурят: историко-культурные истоки // Вестник Вост.-Сиб. гос. акад. культуры и искусства. – 2013. – № 1 (4). – 7–19-бб.

Жалсанова Ж.Б. Образ «дархана / кузнеца» в бурятской культуре (психолингвистическое значение) // Вестник Том. гос. ун-та. Филология. – 2017. – № 45. – 89–99-бб.

Кляшторный С.Г. Проблемы ранней истории племени түрк (ашина) // Новое в советской археологии / МИА № 130. – Москва, 1965. – 278–281-бб.

Ксенофонтов Г.В. Ураангхай-сахалар. Очерки по древней истории якутов. Т. 1, 1-я кн. – Якутск: Нац. изд-во Республики Саха (Якутия), 1992. – 416 б.

Лыгденова В.В. К вопросу о культе кузнецов у баргузинских и курумканских бурят // Вестник Том. гос. ун-та. История. – 2013. – №2 (22). – 62–66-бб.

Наурызбаева З. Глава II. Инициатический ритуал «Жылан найыс» // Инициация и призвание человека в тенгрианстве [Электронный носитель] URL: http://otuken.kz/ii-lr/?option=com_content&task=view&id=213

Потанин Г.Н. Очерки Северо-Западной Монголии. Результаты путешествия, исполненного в 1879 году по поручению Императорского Русского Географического Общества членом-сотрудником оною. Вып. IV. Материалы этнографические с 26-ю таблицами рисунков. – Санкт-Петербург: Типография В. Киршбаума, 1883. – 1054 б.

Потанин Г.Н. Тангутско-Тибетская окраина Китая и Центральная Монголия. Путешествие Г.Н. Потанина. 1884-1886. Издание Императорского Русского Географического Общества. Том второй. – Санкт-Петербург: Типография А.С. Суворина, 1883. – 455 б.

Сагалаев А.М. Алтай в зеркале мифа. – Новосибирск: «Наука», 1992. – 176 б.

Сагалаев К.А., Гомбожапов А.Г. Кузнец и шаман // Наука из первых рук. 2013. № 5–6 (53-54). – 84–95-бб.

Сагалаев А.М., Октябрьская И.В. Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири. Знак и ритуал. – Новосибирск: «Наука», 1991. – 209 б.

Сураганова З.К. Обмен дарами в казахской традиционной культуре. – Астана, 2009. – 192 б.

Тохтабаева Ш.Ж. Серебряный путь казахских мастеров. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2005. – 474 б.

ПМА – Полевой материал автора. Центральный и Северный Казахстан, 2009, 2018.

ОБРАЗ КУЗНЕЦА В ТЮРКО-МОНГОЛЬСКОЙ МИФОЛОГИЧЕСКОЙ ТРАДИЦИИ

З.К. Сураганова

Образ кузнеца в мифологии народов мира достаточно хорошо представлен в обзорных работах известных российских исследователей – В.В. Иванова и А.Ф. Лосева

В тюрко-монгольской мифологии образ кузнеца рассматривался в работах отечественных и российских исследователей Ш. Тохтабаевой, Т. Асемкулова, З. Наурызбаевой, А. Сагалаева и И. Октябрьской. Целый раздел в фундаментальном монографическом труде известного казахстанского этнографа Ш. Тохтабаевой посвящен традиционным представлениям казахов, связанным с кузнечным и ювелирным ремеслами.

Среди работ, написанных в новом тысячелетии по рассматриваемой проблеме, интерес представляют монография «Якуты (Саха)» из серии «Народы и культуры» Института этнологии и антропологии имени Н.Н. Миклухо-Маклая РАН, статьи В. Банаевой, К. Сагалаева, А. Гомбожапова, В. Лугденовой, Н. Дашиевой и др. Раздел под названием «Божественный творец» посвящен месту и роли кузнеца в мифологической картине мира во втором томе энциклопедии Ю. Карабасова, П. Черноусова, Н. Коротченко, О. Голубева «Металлургия и время», изданной в 2011 г.

Анализ имен кузнечных божеств у тюрко-монгол отражает процесс диффузии. Так имена кузнецов у бурят часто сопровождалось тюркскими номинациями «Тархан», «Дархан» – Шар-тархан, Толон-Арык-Дархан (Потанин, 1883, с. 28; с. 610). Само слова кузнец в бурятском языке передается словом «дархан» (Дашиева, 2013). «В древнетюркском языке *taɣhan* означал титул или человека, освобожденного от податей и повинностей, любимца правителя, награжденного, прощенного им. В государстве Тимура существовала правовая норма объявлять всех жителей столицы тарханами, т. е. освобождать их от податей и повинностей в связи с большими событиями в царствующем доме» (Сураганова, 2009, с. 33). Интересное этнопсихолингвистическое исследование, проведенное Ж.Б. Жалсановой в Бурятии, отчетливо демонстрирует связь слова «дархан» со словами «шаман», «бурхан – божество». Эти реакции, как утверждает автор, «свидетельствуют о культе кузнеца в бурятской культуре, который связан с еще более архаичным культом огня, игравшим важную роль в верованиях и обрядах монголов» (Жалсанова, 2017, с. 94). При этом, в языковой картине мира современных бурят отражаются два уровня представлений кузнеца: кузнец – «почитаемый как божество, демиург» и кузнец – «медиатор, посредник между божествами-покровителями и людьми» (Жалсанова, 2017, с. 94). Респонденты, владеющие бурятским языком, понимают слово «дархан» как «кузнец, ремесленник, мастер, работающий с металлом, оружием, а также золотом» (Жалсанова, 2017, с. 97).

У тюрко-монгольских народов в кузнечном деле имела специализация, обозначаемая определенными по-

нятиями. Так «у бурят хара дархад – «черные» кузнецы, которые работали с железом и сагаан дархад – «белые кузнецы» на самом деле были ювелирами, поскольку работали преимущественно с серебром (Банаева, 2008, с. 296). Мастера, занятые металлообработкой, у бурят называются также тумэр дархашуул – кузнецы по железу и мунгэн дархашуул – ювелиры-серебряники (Гармаева, 2009, с. 298). В казахской культуре искусством металлообработки занимаются кузнецы – ұста и ювелиры – зергеры.

Несмотря на различия, в тюрко-монгольском мире образ кузнеца, представленный в разных ипостасях, имеет много схожего.

Кузнец – божество и кузнец – служитель божества, кузнец – дух-покровитель местности

На тесную связь божественного с тайным знанием и практической деятельностью указывают авторы монографии «Знак и ритуал» из серии «Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири»: «Священная природа власти была сопряжена с причастностью ее обладателей к тайному, сокровенному знанию и ремеслам. В тюркском мире таким ремеслом считалось кузнечное дело... Первые тюркские каганы... были тесно связаны с шаманами-кузнецами» (Сагалаев А.М., Октябрьская, 1991, с. 75). Вместе с тем, авторы указанной работы А. Сагалаев и И. Октябрьская сетуют, и не без оснований, на недостаток источников, которые не позволяют «реконструировать основные характеристики кузнеца как особой с о ц и а л ь н о й р о л и (рядка авторов), равной по своему содержанию правителю, шаману, старцу» (Сагалаев А.М., Октябрьская, 1991, с. 75). Эти сожаления связаны с гипотезой бурятского автора Л.Л. Абаевой которая полагала, что кузнец, которого почитали как божество и демиурга, при определенных обстоятельствах выступал носителем реальной власти (Сагалаев А.М., Октябрьская, 1991, с. 75).

Один из демиургов божественной антагонистической пары тюрков Алтая – Ульгень – Эрлик выступает в нескольких ипостасях: Творца и культурного героя. Его вклад в культуру состоит в открытииковки железа. Эрлик живет в железном доме и считается первым кузнецом (Сагалаев А.М., 1992, с. 31) и первым шаманом (Сагалаев А.М., 1992, с. 168). Связь кузнецов с шаманами была также основана на участии кузнецов в подготовке главного шаманского атрибута – бубна. Они изготавливали железные элементы бубна: «подвески, железную поперечину кириш (тетиву)» (Сагалаев А.М., 1992, с. 109). Современные мастера из Восточной Бурятии, потомственные кузнецы, при изготовлении деталей для шаманского костюма – долгой, тяжелой и кропотливой работе – используют не только молот и щипцы, но и болгарку, и дрель, хотя непременно начинают «с символического ритуального удара молота, который, конечно же, делает именно кузнец» (Сагалаев К.А.,

Гомбожапов, 2013, с. 84). Подчеркивая такую особенность тюркской культуры, как диалог-конфликт, выраженный в образах двух божественных близнецов Ульгень и Эрлик у тюрков Алтая, А.М. Сагалаев пишет: «Их противодействие есть та самая пружина, что приводит мир в движение... Аборигены Алтая тонко чувствовали, что в мире действуют разнонаправленные силы, но они ощущали и гармонию мира как совокупный результат действия этих самых сил. Их сознание противилось тому, чтобы расчленять мир на непримиримые противоположности. Черно-белый мир скупен, лишен надежды на чудо и в конце концов противен природе человека. Куда более правдоподобен мир другой, где силы притяжения и отталкивания обогащают и разнообразят бытие, где возможен компромисс между злом и добром, где царит взаимодействие» (Сагалаев, 1992, с. 31).

Персонаж «Кудай-бахсы» в якутской мифологии выполнял роль «кузнечного духа» (Потанин, 1883, с. 337). По материалам Г.В. Ксенофонтова, божество нижнего мира Кыдай-Бахсы, имевшее «золотую наковальню, серебряный молот», ковало шаманов и кузнецов: «Там внизу есть кузнец – Кыдай Бахсы, у которого предварительно свариваются, закаляются и выходят как кузнецы, так и шаманы» (Алексеев, Романова, 2012, с. 330–331). Посвящение в кузнецы у саха требовало от посвящаемого жертву Кыдай Бахсы в виде бычка черной масти. Согласно обычаю, от посвящаемого требовалось разбить молотом сердце и печень жертвы на наковальне. Посвящаемый таким образом сам «ковал» свою судьбу. Если он разбивал выложенные на наковальню дары божеству с первого удара, считалось, что он будет хорошим кузнецом, если со второго удара, то средним, и если с третьего, то плохим (Алексеев, Романова, 2012, с. 331).

Появление кузнечества, как собственно и металла, у тюрко-монгол связывают с небесной сферой. В бурятской кузнечной иерархии различаются два типа божественных покровителей: светлые божества – сыновья Божинтоя – белые кузнецы, работающие с драгоценными металлами и камнями, а также сыновья Хожироя – черные кузнецы, плавящие и куящие железо. У кудинских бурят они носят также поэтические названия: «Золотой князь-отец» и «Серебряная княгиня-мать» (Банаева, 2008, с. 272).

У Тенгри, как повествует монгольская сказка «Тажа» (белая сова), было семьдесят семь кузнецов (Тэнгриин дадын долондархашул), которые каждый день ковали для него стрелы (Потанин, 1883, с. 184). Искусство металлообработки рассматривалось в мифологии бурят в качестве божественного дара, первыми кузнецами у бурят, по преданиям, были западные тенгри (Банаева, 2008, с. 273).

Наличие онгонов, которые были представлены в виде лоскута белой бязи с изображениями лягушки, змеи, людей, а также снабжались кузнечными орудиями – молотком, щипцами отмечает у бурят Г.Н. Потанин (Потанин, 1883, с. 121). По преданиям Тункинских бурят, местный дух-покровитель носил имя Тархан-дуриск и был шаманом и кузнецом (Потанин, 1883, с. 127).

Согласно наблюдениям К.А. Сагалаева и А.Г. Гомбожапова, восточные буряты продолжают верить «в божествен-

ное происхождение кузнечного ремесла, в то, что человек получает его как дар свыше, а вместе с даром он обретает покровительство и защиту божества, связанного в данном пантеоне с кузнечным делом» (Сагалаев К.А., Гомбожапов, 2013, с. 85). У указанной группы бурят божеством, покровительствующим кузнецам и ювелирам, является Дамдин Дорлиг. Подношениями для него служат как бескровные подношения: печень, сливочное масло, молоко, сладости, рис с молоком, так и животная жертва: туша козла, которую сначала варят, подносят к священным листовницам, предварительно вкопанным в нужное место. Затем, после обряда, все сжигается, переправляя таким образом жертву в мир духов (Сагалаев К.А., Гомбожапов, 2013, с. 86, 88).

Кузнец – правитель

История происхождения правящего дома Ашина напрямую связана с металлургией. В Таншу есть указание на то, что «...Ашина с 500 семейств бежал к жужаньцам, и поселившись по южную сторону Алтайских гор, добывал железо для жужаньцев» (Бичурин, 1998, с. 225). Согласно китайским источникам, выход из теснин долины, в которой укрылись от врагов и размножились легендарные тюрки Эргэне-кун (крутой скат) (Бичурин, 1998, с. 227) или Иргана-кон (Бичурин, 1998, с. 228), также открыли кузнецы. По одной из легенд, «один из наследников Ашина, Асяншад вывел потомков волчицы из гор Гаочана и поселил их на Алтае (Циньшань), где они становятся подданными жуань-жуаней, добывая и обрабатывая для них железо. На Алтае племя принимает наименование тюрк, которое, согласно легенде, связано с местным названием Алтайских гор» (Кляшторный, 1965, с. 278).

Сочетание нескольких ключевых социальных функций, как отмечают исследователи, было для кочевников (жужаней, древних тюрков и монгол) достаточно распространенным явлением (Сагалаев, Октябрьская, 1991, с. 75). Отец-основатель царского дома Ашина, по всей видимости, был наделен и другими не менее значимыми функциями. «Ашина – первый правитель тюрков – был еще и шаманом. Древняя легенда кроме того говорит, что правитель племени был обычно и кузнецом. Такая связь, конечно, не случайна. Люди, владевшие искусством обработки металла, считались связанными с духами нижнего мира, да и в целом связь шамана, кузнечного искусства и светской власти весьма характерна для тюркского мира», – поясняет известный российский этнограф-тюрколог А. Сагалаев (Сагалаев, 1992, с. 13).

Кузнец – пророк, покровитель кузнечного ремесла, кузнец-предок

В мифологии исламизированных тюрков Центральной Азии первым кузнецом и патроном-покровителем кузнецов и ювелиров считается Дәүит Пайғамбар – Пророк Давид. С этим персонажем в регионе связывают не только искусство металлообработки, но и ряд других ремесел (Тохтабаева, 2005, с. 212). По преданиям, огонь не обжигает руки Дәүит Пайғамбар, который, не пользуясь молотом и тисками, месит железо, как тесто (Тохтабаева, 2005, с. 212). Есть

казахская сказка о богомоле, который имеет одно с покровителем металлообработки имя – дәуіт и спасает потомство ласточки. Это насекомое у казахов рассматривают в качестве покровителя ласточек – «птиц, олицетворяющих небесную сферу» (Тохтабаева, 2005, с. 213).

Наряду с мифическим патроном, как отмечает Ш. Тохтабаева, у казахов, таджиков и узбеков значительное место в преданиях и наследовании отводится реальным мастерам, отождествляемым с предками – аруақ (Тохтабаева, 2005, с. 213). «Порой родовой предок приобретает характеристики культурного героя, обучившего людей определенным техническим навыкам», – подчеркивает исследователь (Тохтабаева, 2005, с. 213).

Полевые материалы говорят о том, что в профессиональной среде современных казахских ювелиров наличие предка-кузнеца или ювелира является важным фактором в признании заслуг и продвижении в профессиональной среде. Значимым остается порядок наследования кузнечного инструментария последователями как по мужской, так и по женской линиям. Отношение к кузне сохраняет ряд запретов – в кузю без надобности не допускают детей и женщин. Кузнечный инструментарий также не может касаться непосвященный в таинство искусства (ПМА, 2009, 2018).

В тюрко-монгольской традиции кузнечным ремеслом могли заниматься только те, кто имел «кузнечное происхождение». В Бурятии в конце XIX – начале XX в. кузнечеством могли заниматься лишь потомки кузнецов. «С наполнением рынка промышленными изделиями за потомками кузнечных родов сохранялись жреческие и, связанные с ним, лечебные функции» (Дашиева, 2013, с. 7). Искусство кузнечества у бурят передается по наследству и «только от белого кузнечного тенгрия возникают кузнечные роды «дархан утха» (Банаева, 2008, с. 273). В Бурятии в последние годы наблюдается ревитализация ритуалов почитания родовых кузнецов (Лыгденова, 2013, с. 65).

Кузнец – жрец, кузнец – посредник в ритуале

В якутской фольклорной традиции кузнец – «ковач железного оружия» – зачастую предстает в виде помощника главного героя, который готовит для него оружие против врага (Ксенофонтов, 1992). Основным сюжетом героического эпоса якутов, «замечательно разработанного и однородного на всем громадном пространстве расселения их по Крайнему Северу», является «рассказ о неожиданном нападении одной малочисленной, но тесно спаянной группы оленеводов и охотников на другую, более малочисленную, но очень слабо вооруженную... При этом характерно то, что на стороне победителей всегда бывает кузнец, ковач железного вооружения: иногда он фигурирует как родич нападающей группы, если же он стоит вне их, то всегда представляется их доброжелателем и союзником» (Ксенофонтов, 1992, с. 191).

В казахской мифологии существует интересный сюжет о змеином правителе – Бопы хане. Персонаж змеиного правителя в казахских сказках («Жерден шыққан Желім батыр» «Жылан қабықты жігіт», «Қара жылан мен ақ жылан», «Ша-

ямардан патша», «Шаһмаран»), выступает в качестве Демиурга, обучающего главного героя языку природы, способности понимать язык птиц и животных. При этом змеиный правитель наказывает никому не говорить об этом знании, предупреждая о своей или его гибели. В указанном ритуале кузнец – персонификация демиурга, который посвящает в воинское братство «Жылан қайыс» («змеиная кожа»). Замечательная реконструкция и интерпретация ритуала, предпринятая отечественным культурологом З. Наурызбаевой, раскрывает значение ритуальной роли кузнеца, выступающего в качестве жреца. Ритуал состоял в том, что отец приводил сына в возрасте четырех лет к кузнецу. Кузнец раздувал огонь в кузне, ковал железо, затем он облачался в одежду, напоминающую змеиную кожу, и тем самым играл роль змеиного царя – Бопы хана. Мальчик дважды должен был проползти между ногами кузнеца-жреца. После первого раза на иницируемого надевали доспехи, во второй раз – давали оружие. «Затем кузнец, подержав ладони над огнем, проводил ими по лицу мальчика. Этим ритуал завершался. Лишь иногда в конце ритуала ребенку давалось новое имя». В рассматриваемом ритуале проползание ребенка символизировало его рождение в качестве – воина (Наурызбаева).

В описанном ритуале кузнец облачается в одеяние хтонического божества подземного мира, имеющего змеиную природу. Связь змея с кузнецом, основана на представлении о добывании руды из-под земли, аналогично пребыванию кузнеца под землей постоянному (Хасамиль) или временному (Гефест).

Таким образом, в тюрко-монгольском мире образ кузнеца многолик. Он предстает в мифологической традиции в качестве божества, служителя божеству, духа-покровителя местности, правителя, пророка, покровителя кузнечного ремесла, жреца-посредника в ритуале.

Литература

Алексеев Н.А., Романова Е. Н. Мифология, ранние верования и культы // Якуты (Саха) / Отв. ред. Н.А. Алексеев, Е.Н. Романова, З.П. Соколова. – Москва: «Наука», 2012. – С. 312–336.

Банаева В.А. Кузнечные культы в религиозно-мифологических представлениях бурят // Вестник Бурятского государственного университета. – 2008. – № 10. – С. 268–274.

Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. – Т. 1. – Алматы: ТОО «Жалын баспасы», 1998.

Гармаева С.Ю. Кузнечное и ювелирное ремесло в традиционной культуре закаменских бурят // Вестник БГУ. – 2009. № 14. [Электронный носитель] URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/kuznechnoe-i-yuvelirnoe-remeslo-v-traditsionnoy-kulture-zakamenskih-buryat> (дата обращения: 02.03.2018).

Дашиева Н.Б. Кузнечный культ бурят: историко-культурные истоки // Вестник Вост.-Сиб. гос. акад. культуры и искусства. – 2013. – № 1 (4). – С. 7–19.

Жалсанова Ж.Б. Образ «дархана / кузнеца» в бурятской культуре (психолингвистическое значение) // Вестник Том. гос. ун-та. Филология. – 2017. – № 45. – С. 89–99.

Кляшторный С.Г. Проблемы ранней истории племени тюрк (ашина) // Новое в советской археологии / МИА № 130. – Москва, 1965. – С. 278–281.

Ксенофонтов Г.В. Ураангхай-сахалар. Очерки по древней истории якутов. Т. 1, 1-я кн. – Якутск: Нац. изд-во Республики Саха (Якутия), 1992. – 416 с.

Лыгденова В.В. К вопросу о культе кузнецов у баргузинских и курумканских бурят // Вестник Том. гос. ун-та. История. – 2013. – №2 (22). – С. 62–66.

Наурызбаева З. Глава II. Инициатический ритуал «Жылан найыс» // Инициация и призвание человека в тенгрианстве [Электронный носитель] URL: http://otuken.kz/ii-lr/?option=com_content&task=view&id=213

Потанин Г.Н. Очерки Северо-Западной Монголии. Результаты путешествия, исполненного в 1879 году по поручению Императорского Русского Географического Общества членом-сотрудником оною. Вып. IV. Материалы этнографические с 26-ю таблицами рисунков. – Санкт-Петербург: Типография В. Киршбаума, 1883. – 1054 с.

Потанин Г.Н. Тангутско-Тибетская окраина Китая и Центральная Монголия. Путешествие Г.Н. Потанина. 1884-1886. Издание Императорского Русского Географического Общества. Том второй. – Санкт-Петербург: Типография А.С. Суворина, 1883. – 455 с.

Сагалаев А.М. Алтай в зеркале мифа. – Новосибирск: «Наука», 1992. – 176 с.

Сагалаев К.А., Гомбожапов А.Г. Кузнец и шаман // Наука из первых рук. 2013. № 5–6 (53-54). – С. 84–95.

Сагалаев А.М., Октябрьская И.В. Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири. Знак и ритуал. – Новосибирск: «Наука», 1991. – 209 с.

Сураганова З.К. Обмен дарами в казахской традиционной культуре. – Астана, 2009. – 192 с.

Тохтабаева Ш.Ж. Серебряный путь казахских мастеров. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2005. – 474 с.

ПМА – Полевой материал автора. Центральный и Северный Казахстан, 2009, 2018.



ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚАРУ-ЖАРАҚ ЖАСАУ ӨНЕРІ

Қ. Ахметжан

Қару-жарақ жасау өнері қазақтың ұлттық қолөнерінің үлкен бір саласы, маңызды бір бөлігі болды. Жазба дерек мәліметтері Қазақ хандығының бас кезеңіндегі үлкен қалаларда көптеген қолөнер шеберханаларының болғандығын көрсетеді. XVI–XVIII ғасырларға жататын Отырар, Сауран, Сығанақ, Күлтөбе, Тараз, Түркістан қалаларына археологиялық қазбалар жүргізу кезінде мәдени қабаттарда табылған осындай шеберханалардың қалдықтары бұған дәлел (Маргулан, 1987, 5 б.). Қазақ хандығында қару-жарақ жасайтын шеберханалар да осы қалалық мәдениет дамыған оңтүстік аймақтарда, Сырдария бойы, Орталық Қазақстан, Түркістан өңірінде болды. Бұл орталықтарда өндірілген қару-жарақтар Қазақстанның ортағасырлық қалаларының базарларында сатылып, Фаз-



Далалық жағдайда қару-жарақ жасап жатқан ұсталар. XV-XIV ғасырлардағы шығыс миниатюраларынан
Мастера, изготавливающие оружие в полевых условиях.
Восточная миниатюра XV-XIV вв.

лаллах ибн Рузбеханның жазуынша, Сығанаққа «Дештіден, Хожа-тарханнан... көптеген құнды тауарлар... қатты жақтар, ақ қайыңнан жасалған оқтар... және басқа бұйымдар әкелінген» (Фазлаллах ибн Рузбихан Исфажани, 1976, 117 б.; Прошлое Казахстана в источниках и материалах, 1997, 136 б.). Өкінішке орай, XVI–XVIII ғасырлардағы көп жылға созылған қазақ-өзбек, қазақ-жоңғар соғыстарының салдарынан бұл қалалардың талқандалуы қалалық қолөнер шеберханаларының да жойылуына алып келді. Ибн Рузбехан қазақтар Бұрұндық хан кезінде (XV ғ. аяғы – XVI ғ. басы) Алтын Орданың, Дешті Қыпшақтың өндірістік дәстүрін жалғастырып келді, бірақ Шейбани хан қазақтардың шеберханаларын жойды, «...солай әлемнің барлық базарларында көп жылдар бойы гүлденген қазақтардың шеберханаларын билік қолымен және семсердің соққысымен талқандады», – деп жазады (Фазлаллах ибн Рузбихан Исфажани, 1976, 138 б.). Бірақ XIX ғасырдағы орыс авторының бір еңбегінде «...қару-жарақ жасаумен Түркістан қаласының даңқы шыққан» деп жазылуы, кезінде Қазақ хандығының ордасы болған бұл көне қаланың ортағасырлық дәстүрді кейін де жоғалтпағанын көрсетеді (Паромонов, 1872, 215–217-бб.).

Тұрақты қалалық шеберханалардан басқа ежелде көшпелі халықтарда қозғалмалы жағдайда жұмыс істеген далалық қару шеберханалары да болған. Мысалы, Шығыстық миниатюраларда осындай далалық жағдайда, ашық жерде ұсталардың кіреуке сауыттарды қалай жасап жатқанын көре аламыз.

Көшпелі далалық жағдайда қару-жарақ жасау ісімен қазақтардың дәстүрлі шеберлері – ұсталар мен зергерлер айналысты. Бұл дәстүр қазақтарда XIX ғасырға дейін жалғасып келді. XIX ғасырдағы орыс авторлары қазақ ұста-зергерлерінің ер-тұрман, әйел әшекейлерімен бірге найза, сүңгі, қанжар, айбалта, мылтық, оқ-дәрі, оқшантай, дәрісауыт т.б. сияқты қару түрлерін жасағаны туралы мәліметтер келтіреді (Казахско-русские отношения в XVII-XVIII веках, 1961, 188–190-бб., Левшин, 1996, 387 б.). XIX ғасырда қазақ ұсталарының қару-жарақ түрлерін жасайтынын Ш.Ш. Уәлиханов та жазды (Валиханов, 1961, 463–468-бб.). Қазақ зергер-ұсталарының қару-жарақ соққаны туралы фольклорлық деректерде де айтылады (Ақсауыт, 1977, 27 б.; Бес ғасыр жырлайды, 1984, 71 б.).

Қазақ шеберлерінің қару-жарақ жасауға қолданған материалдары – мал шаруашылығынан алынатын өнімдер және Қазақстан территориясында өндірілетін шикізаттар мен табиғи материалдар болды, олар: қара металдар (темір, шойын, болат) және түсті металдар (алтын, күміс, мыс, жез, қола, қорғасын), асыл тастар, ағаш, сүйек, мүйіз, тері, тарамыс, қыл (Маргулан, 1987, 27–28-бб.). Бұл материалдар физикалық қасиеттері мен өңделу технологиясына сәйкес жауынгерлік қарудың түрлі функционалдық, конструктивтік бөліктері мен элементтерін жасауға пайдаланылды. Темір балқыту жолымен де, суықтай да «соғу», «кесу» және т.б. әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы әртүрлі



*Қазақтың жауынгерлік балталары. XIX ғ. ҚР Орталық мемлекеттік музейі қорынан
Боевые топоры казаховских воинов. XIX в. Из фондов Центрального Государственного музея РК*


жолмен «өңдеп» түрлі зат жасауға мол мүмкіндік беретін материал болғандықтан, қазақтардың қару-жарақ жасауға қолданған негізгі материалы болды. Жауынгерлік қаруды жасауға құрыш темір қолданылды. Құрыштың асыл түрі болат (фулад, пулад) деп аталды. Болаттың жай құрыштан айырмашылығы соғу кезінде қалыптасатын өзіндік өрнегінде. Шығыста болаттың өрнектері «жауһар» (ар.) аталды, сондықтан қазақтар өрнекті болатты «жауһарлы болат» «жауһардар» деп атаған (Будагов, Т.1, 447 б.; Қашқари Махмұт, 1997, 191 б.). Болат (фулад, пулад) атауы түркі тіліне парсы-араб тілінен ауысқан (Будагов, Т.1, 790 б.), ал асыл болаттың қазақ тіліндегі төл атауы – «алмас». Алмасты (болатты) қазақтар қару-жарақ жасауда жиі қолданғанын ауыз әдебиеті деректері дәлелдейді. (Ақсауыт, 1977, 27 б.; Қазақ халық әдебиеті, Т.5, 1989, 198 б.; Қазақ халық әдебиеті, Т.6, 1990, 58, 264-бб.). Қару-жарақ жасау ісінде темірден, алмастан (болаттан) жауынгерлік сауықтар, дулығалар, оқтың, найзаның (сүңгінің), айбалтаның, қылыштың бастары жасалды.

Музей қорларында сақтаулы қару-жарақ заттары мысты



*Қазақтың қылыш, сапылары. XIX ғ. ҚР Орталық мемлекеттік музейі қорынан
Казахские мечи и шашки. XIX в. Из фондов Центрального Государственного музея РК*

қазақ шеберлері негізінен қару-жарақтың күмістелетін, алтындалатын әшекей элементтерін жасауға астарлық ретінде қолданғанын көрсетеді. Жұқа мыстан жасалған өрнекті әшекейлер күміспен, алтынмен жалатылып көркемделді. Жезден, қоладан қазақ ұсталары мен зергерлері қылыш, пышақ қынаптарының, сауыт, дулығалардың детальдарын жасап, «қырнау», «ою» тәсілімен өрнектеген. Алтын мен күмісті салтанатты қару-жарақтың әшекей элементтерін жасауға қолданды. Тері – өз шаруашылығында өндірілетін шикізат болғандықтан көшпелі халықтарда қару-жарақ жасау ісінде өте ерте заманнан пайдаланған басты



*Қазақ қарулары. XVIII ғ. ҚР Орталық мемлекеттік музейі қорынан
Казахское оружие. XVIII в. Из фондов Центрального Государственного музея РК*

материалдың бірі. Қазақтар қару-жарақ жасау ісінде ірі қара малдың, түйенің, жылқының терісін қолданды. Иленбеген тері «көн», ал иленген тері «былғары» деп аталды (Қасиманов, 1995, 85 б.). Көн мен былғарыны қазақ ұсталары қылшан, садақ, қорамсақ, қалқан жасауға, қылыш, сапы, пышақ, қанжарлардың қынаптарын жасауға, айбалта, шоқпарлардың саптарын қаптауға пайдаланды (Курылев, 1978, 11, 12-бб.). Сүйектен, мүйізден қазақ ұсталары қылыш, сапы, пышақ, қанжарлардың сабын, жақтың иінін, басын, оқтың жебелерін жасады (Маргулан, 1987, 75 б.; Курылев,



*Қазақтың пышақ, қанжарлары. XIX ғ. ҚР Орталық мемлекеттік музейі қорынан
Ножи и кинжалы казахов. XIX в. Из фондов Центрального Государственного музея РК*

1978, 13,18-бб.). Бұл мақсатта шеберлер көбіне түйе мен жылқының жауырын, қабырға, жілік сүйектерін, сиырдың, серкенің, қошқардың, тау текенің, құлжаның мүйіздерін қолданған (Арғынбаев, 1987, 83–84-бб.).

Қару-жарақты жасау тұтас бір цикл ретінде қару-жарақ түрлерін дайындау, оларды өңдеу, беріктеу, әрлеу және көркемдеу сияқты бірнеше технологиялық процестерді қамтиды. Қару-жарақты дайындау әдістерінің негізгі түрі соғу әдісі болды. Темірден, болаттан соғу арқылы шақан, айбалта, қылыш, сапы, қанжар, пышақтардың бастары, сүңгінің, найзаның, оқтың жебелері, қорғаныс жарақтарының металл элементтері – сауыттардың көбе, берен темірлері, пластиналары, кіреуке шығыршықтары жасалған.

Соғу әдісімен дулығалардың формасы сомдалып,

құрама дулығалардың, темір телпектердің бөліктері дайындалған. Құрыш болаттан соғу арқылы дайындалған кесетін, түйрейтін, шабатын қарулардың бастары әртүрлі сұйықтарда – суда, майда «суару» әдісімен шынықтырылды. Қазақтардың және басқа түркі халықтарының ұсталары жақсы болаттан соғылған қылыштың жүзін желге, ауада дымқылдықтың ең көп кезінде таңғы тұманның (мұнардың) салқынына суыту арқылы да суарған. Бұл әдіспен суыту үшін ат үстінде шауып келе жатып, қылышты жан-жаққа сермейтін болған (Ахметжан, 2006, 163 б.). Дайындалған қарулардың жүздері «таптау» «шыңдау» «қайрау», «егеу» сияқты әртүрлі тәсілдермен өңдеудің бірнеше кезеңдерінен өтті. Ауыз әдебиетінің деректері жүздері өткірленген қаруларды, салған жарасы ауыр болу үшін, арнайы уға (жыланның, айдаһардың т.б.), зәрге (малдың, адамның) суарғанын көрсетеді. Қару-жарақтардың беттері түрлі сұйықтарды, қоспаларды қолданып, киізбен, жүн матамен ысқылау арқылы тегістеліп, жалтыратылады. Музейлік материалдарды зерттеу соғылған, құйылған, өңделген қарулардың ағаш, мүйіз немесе сүйек саптары мықты болу үшін темір, жез сақиналармен «қыналып», жақтың бөліктерінің қиюласқан тұстары, оқтың жебесінің бекітілген тұсы берік болу үшін тарамыспен байланып «буылып» беріктелді. Музейлік нұсқалардан қарудың ағаш бөліктерін сынып жарылудан, судан, дымқылдан немесе кебуден, құрғаудан сақтау үшін, басқа қарудың кесуінен қорғау үшін қайыңның тозымен, терімен, металлмен «қаптау» әдісі қолданғанын көреміз. Қаруды бүлінуден қорғаудың бір тәсілі - қорғау жабындарымен жабу әдісі. Қарулардың ағаш бөліктерін дымқылдан қорғау үшін түрлі бояумен «сырланды», «боялды». Ер қаруы көбіне әскери қоғамдық жіктің символдық түсі – қызыл түске боялған. Қару-жарақтың теріден жасалған бөліктеріне өң беру, және оны су өтпестей етіп ширықтыру үшін талдың, теректің, еменнің қабықтарынан, қына, құрайдың тамыры және т.б. шөптен алынған бояулармен бояған (Ахметжан, 2006, 164 б.).

Дайындалып, өңделген қару-жарақ заттары қолданылуына, қызметіне, кімге арналғанына қарай түрліше әшекейленіп, көркемделді. Қару-жарақты алтынмен және күміспен қақтау арқылы көркемдеу қазақ шеберлерінің кең қолданған әдістері болды (Қасиманов, 1995, 124 б.). Бұл әдіспен көбіне айбалта бастарының беттері, найза, сүңгілердің жебесі, болат қалқандардың беттері, дуылға, сауыт, жеңселердің беттері әшекейленген (Курылев, 1978, 11,12,21-бб.; Маргулан, 1987, 167 б., фото 174–175 беттерде). Алтын, күміспен әшекейленген заттардың бетін



*Қазақтың шиті мылтығы сүмбісімен. XIX ғ. ҚР Орталық мемлекеттік музейі қорынан
Казахское кремневое ружье с шомполом. XIX в. Из фондов Центрального Государственного музея РК*



*Мылтық атуға қажетті жабдықтар (шақпақ, дәріқұты, оқшантай). XIX ғ. ҚР Ұлттық музейі қорынан
Принадлежности для ружья (кресало, пороховница, кожаная сумка для дроби). XIX в. Из фондов Национального музея РК*

көркемдеудің келесі әдісі – «қарала жүргізу». Х. Арғынбаев бұл әдіс Орта Азия зергерлеріне XIII–XVI ғасырлардан белгілі болған деп санайды (Арғынбаев, 1987, 60 б.). Бұл әдіспен қылыш, қанжар, пышақтар, олардың қынаптарының детальдары әшекейленген. Қаруды әшекейлеуде қазақ шеберлері қолданған тағы бір көркемдік тәсіл - «сірке салу» және «жалған сірке жасау» әдістері. Бұл әдістер көбіне Батыс Қазақстанда қолданылатындықтан қаруды әшекейлеуде де негізінен осы өңірде кездеседі (Арғынбаев, 1987, 61–62-бб.; Тәжімұратов, 79 б.). Музейде осы әдіспен әшекейленген пышақ саптарын, дәрісауыттарды кездестіруге болады. Өте сәнді, салтанатты қару-жарақ түрлерінің беттері асыл тастардан немесе түсті шыныдан «көздер» салып көркемделді. Қазақтардың қару-жарағына негізінен перуза, ақық тастарды пайдалану тән (Левшин, 1996, 387 б.). «Фируза» (перуза) сөзі парсыша «жеңіске жетуші», «жеңімпаз» дегенді білдіреді, шығыс халықтары бұл тас иесін түрлі қауіп қатерден сақтайды, жаудан қорғайды, егер жауынгер көк тасы бар затты ұстаса жеңілмейді деп сенген. Ал ақық тасты қазақтар адамды көз тиюден сақтайды, жүректің толқуын басып, дұшпанға сұсты болуға игі әсерін тигізеді деп санаған. Сондықтан осы тастардың магиялық қасиетіне сену қазақтарда да әскери қару-жарақта перуза, ақық тастарды жиі қолдануға себеп болды. Ал бұл тастар қолда болмаған жағдайда шеберлер оларды түсті шынылармен имитациялау тәсілін қолданды. Тастан «көз салу» әдістермен салтанатты қылыш, семсер, сапылар, жауынгерлік балталар мен айбалталар, дулығалар, әсем сауыттар, жауынгерлік жеңселер көркемделген (Маргулан, 1987, 164–166-бб., фото 173-бетте). Теріден (көннен, былғарыдан) жасалған қару-жарақ заттары қалыппен бастырып «бедерлеу» әдісімен әшекейленді. Музейлік заттарда осы әдістермен қорамсақ, садаққаптар, терімен қапталған қынаптар көркемделген. Кейде теріден жасалған заттардың беттері металл жапсырмалармен әшекейленіп, түсті жібек жіптермен де кестеленді (Арғынбаев, 1987, 98 б., фото 2,3; Маргулан, 1987, 207 б.).

Қару-жарақты көркемдік тәсілдермен әшекейлеудің

негізгі тақырыбы – ою-өрнек болды. Қару-жарақта қолданылатын ою-өрнектер бірнеше функцияны атқарды. Бірінші функциясы – магиялық функция. Ерте кезден қандай да болмасын бір затқа ою-өрнек салу – оны магиялаудың, магиялық ғұрыптың бір элементі болатын. Сондықтан қару-жарақтарға қорғау магиясына жататын әртүрлі ырымдық белгілер – бейнелер, ою-өрнектер салынатын болған. Мұндай бейне, өрнектер қарудың күшін арттырып, жауға әсер етіп, жауынгерді қорғайды деп түсіндірілді. Ислам дінін қабылдағаннан кейін қазақтар қару-жарақтарға Құран аяттарын, Алланың есімін, түрлі дұға сөздерді жаза бастады. Құран аяттарымен негізінен қорғаныс жарақтары: жауынгерлік баскиімдер, сауыттар, жауынгерлік жеңселер әшекейленді. Бұл жазулардың мақсаты да қарудың күшін арттыру, оның иесін қорғау болатын, яғни әшекейдің түрі өзгергенмен оның негізгі магиялық функциясы өзгерген жоқ. Ою-өрнектің тағы бір басты функциясы – оның коммуникативтік функциясы. Қару-жарақтағы ою-өрнек жауынгердің әлеуметтік статусының айыру белгісі, жалпы этноайыру белгі ретінде қолданылған. Жауынгердің статусы жоғары болған сайын оның қаруының әшекейі де аса



*Қазақтың қорғаныс жарағы (жауынгерлік кіреукелі бас киім, кіреуке сауыт, шарайна). XVIII ғ. ҚР Орталық мемлекеттік музейі қорынан
Защитное вооружение казахов (боевой головной убор, кольчуга, боевое зеркало). XVIII в. Из фондов Центрального государственного музея РК*

күрделі және көркем болды. Қару-жарақты көркемдеуде этностың өзіне тән эстетикалық талғамы, дәстүрлі көркемдік сипаты, өзіне ғана тән ою түрлері мен элементтері сақталып отырды. Бұл сипат қазақ қару-жарағын басқа халықтың қару жарағынан айыруға мүмкіндік береді. Үшінші, ою-өрнектің эстетикалық, көркемдік функциясы да оларды қару-жарақта қолданғанда ескеріліп отырды. Қару-жарақтың бетіне салынатын ою-өрнектердің көлемі, күрделілігі, оның композициясы, стильдік ерекшелігі көркемдік заңдылығы бойынша әр заттың формасына, көлеміне сәйкестендіріліп жасалды.

Әдебиет

Ақсауыт. Екі томдық. – Алматы: Жазушы, 1977. – Т. 1: Батырлар жыры – 367 б.

Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. Ғылыми-зерттеу еңбек. – Алматы: Өнер, 1987. – 128 б.

Ахметжан Қ.С. Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы. – Алматы: «Алматыкітап» ТОО, 2006. – 216 бет, суретті.

Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Үш томдық. Т. 1. – Алматы: Жазушы, 1984. – 256 б.

Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий в двух томах. – Т.1. – СПб: Типография императорской Академии наук, 1869. – 816 с.

Валиханов Ч.Ч. Вооружение киргиз в древние времена и их военные доспехи // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. В 5-ти томах. – Т.1. – Алма-Ата: Издательство Академии наук Каз ССР, 1961. – С. 464–466.

Казахско-русские отношения в XVII-XVIII веках: (Сборник документов и материалов). – Алма-Ата: Наука, 1961. – 444 с.

Курылев В.П. Оружие казахов. // Материальная культу-

ра и хозяйства народов Кавказа, Средней Азии и Казахстана. СМАЭ XXXIV. – Л.: Наука, 1978. – С. 4–22.

Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық. – Т. 5: Батырлар жыры. – Алматы: Жазушы, 1989. – 384 б.

Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық. – Т. 6: Батырлар жыры (Мұрын жыраудан қалған мұралар). – Алматы: Жазушы, 1990. – 272 б. суретті.

Қасиманов С. Қазақ халқының қол өнері. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 240 б.

Қашқари Махмұт. Түрік тілінің сөздігі (Диуани луғат-ит-турік). 3 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Хант, 1997. – Т.2. – 538 б.

Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. – Алматы: Санат, 1996. – 656 с.

Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. В 3-х томах. – Т.1. – Алма-Ата: Өнер, 1987. – 248 с.

Парамонов И.А. О туземном оружии в Туркестанском крае // Русский Туркестан: Сборник, изданный по поводу Политехнической выставки. Выпуск второй. Статьи по этнографии, технике, сельскому хозяйству и естественной истории. – М.: Университетская типография (Катков и Ко), 1872. – С. 213–218.

Прошлое Казахстана в источниках и материалах / Под ред. проф. Асфендиярова С.Д. и проф. Кунте П.А. – 2-е издание. – Алматы: Қазақстан, 1997. – Сб. 1: (V в. до н.э. – XVII в. н.э.). – 383 с.

Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ. – Алматы: Қазақстан, 1977. – 96 б.

Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакхани. Михман-наме-ий Бухара (Записки бухарского гостя). – М.: Наука, 1976. – 343 с.

ТРАДИЦИИ ИЗГОТОВЛЕНИЯ ОРУЖИЯ У КАЗАХОВ

Ахметжан К.

В прошлом оружейное дело было важной отраслью народного прикладного искусства казахов. В начальный период Казахского ханства в крупных городах южного региона, в Присырдарье, Туркестанском регионе, Центральном Казахстане и в Семиречье было множество ремесленных мастерских, в которых изготавливались также и предметы вооружения. Об этом свидетельствуют остатки таких мастерских, найденных в культурных слоях во время археологических раскопок городов Отырар, Сауран, Сыгнак, Култобе, Тараз, Туркестан (Маргулан, 1987, с. 5). Оружие, произведенное в этих центрах, продавалось на рынках крупных средневековых городов Казахстана. По сообщению Фазлаллах ибн Рузбихана «...в Сыгнак привозят из Дешти-Кипчака, Хожда-тархана множество ценных товаров.....крепкие луки, березевые стрелы...и другие изделия» (Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакхани, 1976, с. 117; Прошлое Казахстана в источниках и материалах, 1997, с. 136). К сожалению, из-за длительных казахо-узбекских,

казахо-джунгарских военных столкновений в XVI–XVIII вв., эти города были разрушены, что в дальнейшем привело к полному уничтожению и городских ремесленных мастерских. Ибн Рузбихан писал, что при Бурундук хане (конец XV в. – начало XVI в.) казахи продолжали ремесленные традиции Золотой Орды, Дешти-Кипчака, но «...благополучие мастерской казахов, которые в течение долгих лет процветали на базаре всего света, были разбиты управляющей рукой и ударом меча» Шайбани хана (Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакхани, 1976, с. 138). Но в работе русского автора XIX века сообщается, что в этот период «изготовлением оружия славится город Туркестан» (Парамонов, 1872, с. 215–217), то есть этот древний город продолжал сохранять остатки прошлых оружейных традиций еще в XIX веке.

Кроме городских стационарных мастерских, у кочевых народов в прошлом существовали и степные оружейные мастерские, действовавшие в кочевых условиях. На восточных миниатюрах XVI–XVIII веков можно увидеть, как



*Алтын қақтап әшекейленген дулыға. XVIII ғ.
ҚР Орталық мемлекеттік музейі қорынан
Шлем с золотой насечкой. XVIII в. Из фондов
Центрального государственного музея РК*

работают оружейники в подобных мастерских в полевых условиях, на открытом воздухе. У казахов в кочевых степных условиях изготовлением оружия занимались кузнецы «ұста» и ювелиры «зергеры». Эта традиция у казахов продолжалась сохраняться до XIX века. Русские авторы XIX века писали, что казахские мастера — кузнецы и ювелиры, кроме женских украшений и конского снаряжения, изготавливали кинжалы, секиры, копья, пики, ножи, ложки ружья, стволы, порох, футляры для пуль и пороховницы (Казахско-русские отношения в XVII–XVIII веках, 1961, с. 188–190, Левшин, 1996, с. 387). Об изготовлении казахскими кузнецами различных предметов вооружения в XIX в. писал и Ч.Ч. Валиханов (Валиханов, 1961, с. 463–468). Эти сведения подтверждает и дополняют фольклорные материалы (Ақсауыт, 1977, 27 б.; Бес ғасыр жырлайды, 1984, 71 бб.).

Для изготовления воинского оружия казахские мастера использовали продукты, получаемые из собственного скотоводческого хозяйства, а также сырье и природные материалы, добываемые на территории Казахстана. Это – черные и цветные металлы, драгоценные камни, дерево, кость и рог, кожа, сухожилия и конский волос (Маргулан, 1987, с. 27-28). Эти материалы, в соответствии с их физическими свойствами и технологией обработки, применялись для изготовления разных функциональных и конструктивных частей и элементов воинского оружия. Железо был основным материалом, используемым при изготовлении оружия у казахов. При применения различных способов обработки – «выплавки», «ковки», «резки» и других приемов, этот металл давал большие возможности для изготовления различных вещей. Для изготовления оружия использовался также и сталь «құрыш». Высококачественная сталь назывался булат (фулад, пулад). Главным отличием булата от обыкновенной стали был узор, получаемый металлом во время егоковки. На Востоке узор булата называли

«жауһар» (ар.), поэтому на казахском языке узорчатый булат назывался «жауһарлы болат», «жауһардар» (Будагов, Т.1, с. 447; Қашқари Махмұт, 1997, 191 б.). Булат (фулад, пулад) – слово, перешедшее из персидского языка, на казахском языке булатная сталь назывался «алмас». По фольклорным данным из алмаса ковались клинки сабель, мечи, наконечники копий, пики, доспехи, шлемы, щиты (Ақсауыт, 1977, 27 б.; Қазақ халық әдебиеті, Т.5, 1989, 198 б.; Қазақ халық әдебиеті, Т.6, 1990, 58, 264 бб.). Из железа и булата (алмас) изготавливались боевые доспехи, шлемы, наконечники стрелы, копья, клинки секиры, сабли. Медь и латунь применялись казахскими мастерами для изготовления деталей ножен, доспехов, шлемов, которые затем покрывались узорчатой гравировкой, резьбой, декорировались серебрением и золочением. Золото и серебро в казахском вооружении применялось в основном для изготовления декоративных элементов вооружения и для декоративного покрытия. Кожа – одна из главных материалов, который использовался в оружейном деле кочевых народов с древних времен. В оружейном деле казахи использовали кожу крупного рогатого скота, верблюда и лошади. Сыромятная кожа называлась «көн», а выделанная – «былғары» (Қасиманов, 1995, 85 б.). Казахскими мастерами кожа использовалась



*Асыл тастармен әшекейленген дулыға. XVIII ғ.
ҚР Орталық мемлекеттік музейі қорынан
Шлем, украшенный цветными камнями. XVIII в. Из фондов
Центрального государственного музея РК*



*Күміс қақтап өрнектелген айбалта басы. XIX ғ.
ҚР Орталық мемлекеттік музейі қорынан
Секира, украшенная серебряной насечкой. XIX в. Из фондов
Центрального государственного музея РК*

для изготовления колчана, налуча, щита; кожей обтягивались ножны клинкового оружия, рукояти топора и булавы (Курылев, 1978, с. 11,12). Кость и рог применялись при изготовлении обкладок рукояти сабли, шашки, ножа, кинжала, наконечников стрел, накладок лука, гири кистеней (Маргулан, 1987, с.75; Курылев, 1978, с. 13,18). В этих целях мастера в большинстве случаев использовали кости лопатки, ребер и берцовые кости верблюдов и лошадей, рога коровы, горного козла, архара (Арғынбаев, 1987, 83–84-бб.).

Производство оружия как единый цикл состоял из нескольких технологических процессов, таких как изготовление, обработка, укрепление и украшение. Основным способом изготовления предметов вооружения был способковки. Техникойковки из железа, стали изготавливались головки топора, клинки сабли, шашки, ножа и кинжала, а также наконечники копья, пики, стрел, металлические элементы защитного вооружения – пластины доспехов, шлема, кольца кольчуги и т.д. Готовые функциональные элементы оружия проходили несколько этапов последующей механической и термической обработки различными способами. Послековки клинки режущего, колющего и рубящего оружия подвергались закаливанию «суару», после нагрева быстро или медленно охлаждая в различных жидкостях – в воде, масле. У тюркоязычных народов и у казахов кузнецы для мягкого закаливания только что выкованный из булата клинок сабли медленно охлаждали на ветру, в прохладе туманного утра, когда в воздухе была самая большая влажность. Для этого скакали на коне и на скаку размахивали клинком сабли в разные стороны (Ахметжан, 2006, 163 б.). Затем клинки сабли, меча, лезвия топора наклепывались ударами молотка на наковальне (таптау, шыңдау), обрабатывались напильниками (егеу), оттачивались (қайрау) на твердых и мягких точильных камнях, затем шлифовались и полировались. Фольклорные материалы свидетельствуют, что для нанесения смертельных ран острия оружия иногда пропитывались ядом. Деревянные, костяные и роговые рукоятки

и древки изготовленного и обработанного оружия для укрепления стягивались железными, латунными кольцами, места соединения частей лука, крепления наконечников стрел для прочности обматывались сухожилиями. Музейные материалы показывают, что деревянные части оружия (древко, рукоять, топорища) для предохранения от влаги или от высыхания, от трещин, обтягивались берестой, кожей; для защиты от ударов другого оружия оковывались металлом. Для защиты оружия от физико-химического разрушения наносилось защитное покрытие. Деревянные части оружия для предохранения от влаги пропитывались животным жиром и красились («сырлау», «бояу») различными красками. Боевое оружие обычно красилось в красный цвет – символический цвет военного сословия. Кожаные части предметов вооружения для предохранения от влаги, для улучшения вида красились красками, изготовленными из коры дуба, осины, корня мха, курая, а также из различных трав (Ахметжан, 2006, 164 б.).

Уже готовые и обработанные предметы традиционного вооружения, в зависимости от их назначения, использования украшались и декорировались в различной художественной технике. Широко распространенным методом украшения оружия у казахских мастеров была техника золотой и серебряной насечки. Эта техника применялась для декорирования головок топоров, наконечников копий и пик, поверхностей щитов, шлемов, доспехов и наручей (Курылев, 1978, с. 11,12,21; Маргулан, 1987, с. 167, фото на с. 174-175). Золотые, серебряные декоративные эле-



*Жүзінің қырына алтын қақталып өрнектелген сүңгі жебесі.
XVIII ғ. ҚР Орталық мемлекеттік музейі қорынан
Наконечник пики с золотой насечкой. XVIII в. Из фондов
Центрального государственного музея РК*



*Қазақ пышағы мен қайрағы. XIX ғ.
ҚР Орталық мемлекеттік музейі қорынан
Казахский нож и точила. XIX в. Из фондов
Центрального государственного музея РК*

менты оружия дополнительно украшались техникой чернения. Х. Аргынбаев считает, что техника чернения была известно ювелирам Средней Азии и Казахстана еще с XIII–XVI веков (Аргынбаев, 1987, 60 б.). Её использовали для украшения деталей рукоятей и ножен клинкового оружия. Другим художественным методом оформления оружия, который использовался казахскими мастерами была техника «зернения». Использование зерни и ложной зерни в художественном оформлении предметов было распространено в Западном Казахстане, и поэтому встречается в декоративной отделке оружия именно этого региона (Аргынбаев, 1987, 61–62 бб; Тәжімұратов, 79 б.). В музейных коллекциях можно увидеть рукоятки ножей, пороховницы, украшенные таким образом. Парадные оружия и доспехи украшались вставками из драгоценных и цветных камней. Для казахских мастеров-оружейников при использовании драгоценных камней в украшении оружия решающее значение имели, прежде всего, их магические свойства, а уж затем эстетическая красота самого камня. Для традиционного казахского вооружения характерно использование, в основ-



*Сабы сірке салып өрнектелген пышақтар.
XIX ғ. Батыс Қазақстан. Жеке коллекциядан
Ножи с рукоятями, украшенными техникой зернения.
XIX в. Западный Казахстан. Из личной коллекции*

ном, бирюзы «перуза» и сердолика «ақық» (Левшин, 1996, с. 387). «Фируза» (бирюза) на персидском языке означает «побеждающий», «победитель». Восточные народы верили, что камень бирюза охраняет своего владельца от опасностей, защищает от врагов, если воин использует предмет, украшенный этим камнем, он никогда не будет побежден. В представлении казахов сердолик приносит много счастья, предохраняет человека от сглаза, успокаивает волнение сердца, помогает быть грозным для врагов. Поэтому вера в такие магические свойства этих камней была причиной широкого применения бирюзы и сердолика в оформлении боевого оружия у казахов. При отсутствии драгоценных камней мастера заменяли их имитациями из цветных стекол. Вставками из цветных камней и стекол украшались парадные сабли, шашки, боевой топор, шлемы, доспехи и наручи (Маргулан, 1987, с. 164–166, фото на с. 173). Предметы вооружения, изготовленные из кожи, украшались техникой тиснения. Среди музейных предметов такую технику украшения можно увидеть на колчанах, налучах и кожаных ножнах. Кроме тисненого орнамента, кожаные предметы украшались металлическими бляхами, вышивкой цветными шелковыми нитями (Аргынбаев, 1987, 98 б., фото 2,3; Маргулан, 1987, с. 207).

Основной темой художественного оформления предметов вооружения был орнамент. В украшении оружия орнамент выполнял несколько функций. Первая функция – магическая. С древних времен нанесение различных орнаментов и символов на поверхность предмета было средством его магической защиты, одним из элементов магического ритуала. Поэтому оружия украшались различными знаками предохранительной магии – изображениями, узорами. Считалось, что они увеличат силу боевого оружия, воздействуют на врага и защитят воина. С принятием Ислама казахи стали украшать предметы вооружения аятами из Корана, именем Аллаха и разного рода другими священными надписями. Такими надписями украшались, в основном, защитное вооружение: боевые головные уборы, доспехи, наручи. Назначение этих надписей также была увеличение силы оружия, защита владельца оружия от опасностей, от злых сил. То есть характер декора оружия могло меняться, но их основная магическая функция оставалась неизменной. Еще одна из функций орнамента – коммуникативная. Декор на предметах вооружения был маркером социального статуса воина, пользующегося этим оружием, в целом этномаркирующим знаком. Чем выше был статус воина, тем и украшение на его оружии было сложным и пышным. В декоре оружия нашли отражение присущие для казахского этноса эстетический вкус, традиционные художественные представления, сложившиеся типы и виды орнамента. Национальный характер орнамента на предметах вооружения позволяет отличить казахское оружие от оружия других народов. В-третьих, при художественном оформлении оружия учитывалась также и эстетическая функция декора. Характер, сложность орнамента, его композиционное решение, стилистические особенности по законам художественности подчинялись форме, объему каждого предмета оружия и его элемента.



Қазақ пышағының қыны. XIX ғ. ҚР Орталық мемлекеттік музейі қорынан
Ножны казахского ножа. XIX в. Из фондов Центрального государственного музея РК

Литература

- Ақсауыт. Екі томдық. – Алматы: Жазушы, 1977. – Т. 1: Батырлар жыры – 367 б.
- Арғынбаев Х. Қазақ халқының қол өнері. Ғылыми–зерттеу еңбек. – Алматы: Өнер, 1987. – 128 б.
- Ахметжан Қ.С. Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы. – Алматы: «Алматыкітап» ТОО, 2006. – 216 бет, суретті.
- Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Үш томдық. Т. 1. – Алматы: Жазушы, 1984. – 256 б.
- Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко–татарских наречий в двух томах. – Т.1. – Спб: Типография императорской Академии наук, 1869. – 816 с.
- Валиханов Ч.Ч. Вооружение киргиз в древние времена и их военные доспехи // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. В 5-ти томах. – Т.1. – Алма-Ата: Издательство Академии наук Каз ССР, 1961. – С. 464–466.



Теріден сомдалған қалқан. XVIII ғ. Оңтүстік Қазақстанның тарихи-өлкетану музейі қорынан
Щит, изготовленный из кожи. XVIII в. Из фондов историко-краеведческого музея Южного Казахстана

- Казахско-русские отношения в XVII-XVIII веках: (Сборник документов и материалов). – Алма-Ата: Наука, 1961. – 444 с.
- Курылев В.П. Оружие казахов. // Материальная культура и хозяйства народов Кавказа, Средней Азии и Казахстана. СМАЭ XXXIV. – Л.: Наука, 1978. – С. 4-22).
- Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық. – Т. 5: Батырлар жыры. – Алматы: Жазушы, 1989. – 384 б.
- Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық. – Т. 6: Батырлар жыры (Мұрын жыраудан қалған мұралар). – Алматы: Жазушы, 1990. – 272 б. суретті.
- Қасиманов С. Қазақ халқының қол өнері. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 240 б.
- Қашқари Махмұт. Түрік тілінің сөздігі (Диуани луғат-ит-турік). 3 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Хант, 1997. – Т.2. – 538 б.
- Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. – Алматы: Санат, 1996. – 656 с.
- Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. В 3-х томах. – Т.1. – Алма-Ата: Өнер, 1987. – 248 с.
- Парамонов И.А. О туземном оружии в Туркестанском крае // Русский Туркестан: Сборник, изданный по поводу Политехнической выставки. Выпуск второй. Статьи по этнографии, технике, сельскому хозяйству и естественной истории. – М.: Университетская типография (Катков и Ко), 1872. – С. 213–218.
- Прошлое Казахстана в источниках и материалах / Под ред. проф. Асфендиярова С.Д. и проф. Кунте П.А. – 2-е издание. – Алматы: Қазақстан, 1997. – Сб. 1: (V в. до н.э. –XVII в.н.э.). – 383 с.
- Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ. – Алматы: Қазақстан, 1977. – 96 б.

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ТАС ҚАШАУ ӨНЕРІ

Р.А. Бекназаров

Қазақ халқы ежелі уақыттан бері көптеген этностардың, этникалық топтардың мәдени элементтерін бойына сіңіріп, көшпенділердің дәстүрін сақтап қана қоймай, оған қоса ежелгі тас өңдеушілердің, зергерлердің және әбзел жасаушылардың өнері мен қолөнерін және т.б. үйрене отырып, өз тарапынан өзге мәдениет өкілдеріне сауда, жер өңдеуді үйреткен. Тас пен ағашты өңдеуде жетілдірілген металл бұйымдар мен құрал-жабдықтар кеңінен пайдаланылған. Арнайы маманданған халық шеберлерінің және түрлі мектептердің қалыптасуына жол салды. Әрине, мұндай жұмыспен малынан айырылған көшпенділер (жатақтар мен кедейлер) айналысқанын айта кету керек, оған қоса бұндай жұмыс негізгі мал шаруашылығының қосалқы бір бөлшегі ретінде саналады.

Тас көшпенді қазақ өмірінде ағаш, тері, жүн сияқты кеңінен қолданысқа ие болмады, себебі оны «тасымалдау» қиынға соқты. Сондықтан да тұрмыстық қажеттілікке қажет тастан жасалған заттарды шағын көлемде ғана жасауға тырысып, немесе тастың жеңіл түрінен, сондай-ақ көші-қон жолында тұрақты пайдалану үшін қалдырып отырған.

Тастың қаттылығы мен төзімділігін ескере отырып, көшпенді халық тастан шұңқыр ыдыс пен малға оттық ретінде, құдық қазған кезде тас блоктарды пайдаланды. Сондай-ақ қол диірмені кеңінен (әр отбасында) қолданылғанын көруге болады. Отырықшы шаруашылықта кейбір қазақтар тоқ арқалы дәнді ұнтақтауды тәжірибеге енгізген болатын. Тас қашау ісіне қатысты шаруашылық-тұрмысқа қажетті құралдарды толығырақ қарастырамыз.

Қазақтардың негізгі шаруашылығы көшпенді мал шаруашылығы болғандықтан, адамдар мен мал үшін су көзі болып табылатын құдықтан бастаған жөн. Шөлді-далалық өңірлерде ежелгі құдықтардың қалдықтары қола дәуіріндегі Тастыбұтақ пен Шағалалы қоныстарының ішіндегі тұрғын үйлері маңынан табылған, тиісінше, Батыс және Солтүстік Қазақстанда кездеседі. Бұл кезеңде мал басы өсіп, сондай-ақ табиғи су көзінен алшақ жатқан малдардың жайылымы үшін жаңа жерлерді игеру жұмыстары жүргізілді. Алғашқы жер игеру кезінде-ақ «құдықты қазудың қиын технологиясы: цилиндрді құдықтар орташа диаметрі 95–100 см 3-тен 5 м-ге дейінгі тереңдікте қазылған. Қабырға топырағының үгітіліп құлауының алдын алу үшін таспен қалаған, өрме және кесінді ағаштар қазыққа бекітіліп жасалған» (Оразбаев, 1972, 154 б.). Негізінен, қазу техникасы мен құдық формалары өзгеріссіз қалған. Жасанды су көздері жаңа далалық территорияны игеруге мүмкіндік берді, сондай-ақ тайпаның қоныс аудандарының қарқынын арттырып, мал басының көбеюіне әсер етті.

Құдық қазу үшін дәстүрлі аумақтар ретінде Бетпақдала, Маңғышлақ, Оңтүстік Балқаш, Үстірт секілді Қазақстанның шөлді далалары таңдалған. Көшпенділер жыл бойы құдықты пайдаланбағанын ескеру керек. Малды суару үшін табиғи су көздері қолданылған (өзен, көл, лиман, хактар және т.б.), оған қоса қар сулары да пайдаланылды. С.Е.

Толыбековтың айтуы бойынша, «көшпелі өмір жағдайында жалпы су айналымының тепе-теңдігінде құдықтар 20–25% ғана құраған болатын» (Толыбеков, 1971, 84 б.). Құдықтың екі: тұрақты және уақытша түрі болды.


Біздер үшін тұрақты құдықтар қызығушылық танытады, себебі олардың құрылысына қатты мән берілген. Олар мұқият өңделіп, қабырғасы таспен және өрмемен қаланып; сыртқы жағы тарылып келген және кей кездері шаң түспеуі үшін таспен қаланған. «Осындай құдықтар керуен жолдарда табылған, сондай-ақ суды терең жерлерден алуға болатын және тұрақты қоныстар бар жерлерде кездеседі» (Вялов, 1934, 60 б.).

Тұрақты құдықтар тереңдігіне қарай бірнеше түрге бөлінген: терең емес (саяз-таяз) 4 м дейін, орташа тереңдік 4 м-ден 10 м-ге дейін, және терең (шыңырау) – 10 м жоғары. Негізінен, шыңыраулар таспен қаланған, себебі 10 м тереңдікте қазуға жұмсалған күш-жігер зая кетуі мүмкін. Шыңырау құдықты тұтас тұқымның немесе мал шаруашылығымен айналысатын байлардың арнайы тапсырысы бойынша қазылған. Орын таңдауда жерлер қатпарлары, топырақтың қасиеті, өсімдіктер де ескеріліп, ақсақалдар кеңесіне жүгінген. Негізінен, кедей адамдар қазумен айналысқан, кейіннен сол адамдар осы жұмысқа маманданып, кәсіп жасаған.

Адай руының шеберлері таза және тиянақтылық қасиеттерімен ерекше көзге түскенін атап өтуге болады. «Әрбір адайдың темір күрегі бар, оны беліне іліп жүреді, адайлар оны барлық қазақтар сияқты күрек деп атамайды, белдеме деп атайды, яғни белге ілетін. Ерте уақытта әрбір қазақ ие болуы керек: оттық, пышақ, шылбыр (атты байлайтын жіп), демек әрбір адай белінде темір күректі іліп жүретін – белдеме», оның негізінде құдық маңында әрдайым тазалықты сақтап отыруы керек деп жазады А.Н. Бөкейхан (Букейхан, 1927, 68 б.).

Шыңырауды топырақтың құрамына байланысты бір немесе бірнеше маусым қазған. Қазу барысында оның тереңдігіне қарай құдықтың қабырғасын жақсылап бекіткен. Тәртіп бойынша олар «ортасы орташа ойылған және таспик тәрізді құдық шұңқырына дейін бір-бірінің үстіне тас плиталар» төселген (Масанов, 1963, 120 б.). Суға жақындаған сайын су көздерін табуға тырысқан. Оны тапқан соң уақытша шүберекпен жауып, суды жинақтау үшін суқоймасын дайындау үшін кеңейту жұмыстары жасалады. Шүберекті алған кезде суқоймасы суға толады. Өңделген топырақты құдық маңына төсеп, суға шаң-тозаң түсуінің және малдың құлап кетуінің алдын алған. Құдық қазылған соң оның жан-жағы тас және саңылауы бар тақтатастармен қоршалған және үнемі ауызына қойылып отырған. Саңылау ағаштан жасалған және сырттан топырақ пен құмның түсуінен сақтау мақсатында киізбен оралған қақпақпен тығыздап жабылған.

Шағын құдықтардан суды алу және су ішетін астауларға суды құю қауғаның немесе сырғауылдың көмегімен жүзеге асырылды. Бірнеше қой мен он шақты ірі қара малды суару



Тас қашаушының құралдары
Инструменты камнереза

үшін суды бір уақытта екі адам алып отырған. Осыған байланысты істеген қызметіне қарай арнайы қазақша атаулар пайда болды: құдықшы, қауғашы, сушы. Терең құдықтардан су алу үшін арнайы құрылғы тауып – тетігі бар блокты пайдаланған.

Құдық маңында тастан немесе ағаштан жасалған астаулар қойылған, оның сыйымдылығы 10 қауға-шелекке дейін жетеді. Көшпенділер малды суарған соң ағаштан жасалған құдықтарды өздерімен келесі құдық маңына пайдалану үшін алып кетіп отырады. Ал, тас астаулар тұрақты етіп жасалып, мұқият тазаланып отырады. Негізі, құдықтың суы үшін және ағын су сағасын қоршау үшін бір материалды пайдаланған. Мал суаруды тездету үшін астау пішіні төртбұрышты етіп жасалады. Кей жағдайда жиналған қалдық пен қалған суды ағызып жіберу үшін астау түбіне шағын саңылау қалдырылады. Көшпенділер тастан жасалған шыңырауларды жүз жыл және одан да көп уақыт бойы пайдаға асырған. Мысалы, аудармашы армян Турпаев осындай тас құдықтар мен тас астаулар жайында өзінің саяхат күнделіктерінде 1834 жылы жазған болатын. Бұл құдықтарды О.С. Вялов өзінің Үстірттің гидрогелогиясы бойынша жасаған жұмысында арнайы зерттеген. Ол 62-ден

астам тас құдықтарды атап көрсеткен; соның ішінде 23 құдық қасында тастан жасалған астаулар болған, әр құдық маңында 1-ден 7-ге дейін астау болғанын айтады.

Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде де малды суару үшін тастан жасалған астаулар кеңінен пайдаланылған. Тас астауларды бұлақ суын жинау үшін немесе мешіт маңында дінге сенетін адамдардың дәрет алуы үшін де пайдаланылғанын айта кету керек. И.Г. Андреев тас астаулардың басқа мақсатта қолданылғандығы жөнінде көрсетіп өткен, яғни Семей облысындағы Барлық тауында «ыстық суды жинақтау үшін тастан екі құдық қашалып, оларды астауға ұқсас етіп, оның ішіне су толтырып, өздерінің ауруларынан айығу мақсатына екі немесе үш адам құдық ішіндегі жылы суға түскен».

Қазақстанның далалық аймақтарында тастан құдық пен астау жасау XX ғасырдың 50-жылдарына дейін кеңінен қолданылып келген, яғни жинақталған темір бетонды құрылысты кеңінен пайдаланғанға дейін және механикаландырылған сорғыш станциялардың пайда болуына дейін тас құдықтар жасалып келді. Тастан жасалған архаикалық құдықтар мен мал суаратын астауларды жергілікті халық мұқият сақтап келген және мал шаруашылығы мәдениетінің маңызды ескерткіштерінің бірі болып саналады. Осындай құдықтардың бірқатары Маңғышлақта, Үстіртте және өзге де аудандарда сақталған. Олардың кейбіреуін сорғыш арқылы қазіргі күнде де пайдаланады.

Көшпелі шаруашылық бидайдан жасалған тағамдар, қолөнершілердің тұрмыстық бұйымдары мен халықсыз болуы мүмкін емес. Сондықтан көшпенді қазақ халқы қосымша табыс көзі ретінде бақша шаруашылығымен де айналысып отырған, шағын алаңдарға тары егіп күн көрген. Мысалы, С.Н. Никитин 1892 жылы өзінің Орал облысының Орал даласы мен Үстіртте жүргізген экспедициясы кезінде Қайнар бұлағы солтүстік Үстірттің жергілікті тұрғындары арасында кеңінен танымал екендігін атап көрсетеді. Оның маңында мешіт салынған, тары, қауын-қарбыз бақшасы егіліп, шағын ғана шоқ қайыңның өсіп тұрғанын атап өтеді.

Осы және өзге де бірнеше ақпарат көзі XIX ғасырда қазақтардың тұрмыс-тіршілігінде егіншілік дәнді-дақылдарға деген сұраныс көзінің артқанын айтуға болады. Оның себебі егін шаруашылығының кеңінен дамығандығы, жатақтар санының артқандығы, соған қоса этномәдени инновациялар мен тауар алмасу болып саналады. Осының бәрі дәнді-дақылдарға деген сұраныстың артуына әкелді, яғни нанның тұрмыста пайдалануы артты. Бұл өзгерістерге XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басында қазақ ауылдарында тастан жасалған қол диірменінің пайда болғаны дәлел бола алады.

Қолдан жасалған диірмен тас ротациялық диірмен түріне жатады. Оның жұмыс жасау қағидасы жоғарғы тасы – диірменнің айналуы, ал төменгі жағы қозғалыссыз күйінде қалады. С.П. Толстов жазбаларына сүйенсек, Орталық Азияда қол диірмендерін пайдалану бойынша алғашқы деректер ж.с. II–III ғасырында кушан кезеңінде пайда болған. Қазақстан аумағында (Отырар оазисы) алғашқы диірмен

тастар жыл санауымыздың бірінші мыңжылдығының ортасында-ақ белгілі болған. Диірмен тастарды анықтау өте сирек және көп жағдайда қайық тәрізді дәнді үгуші сипатта болатынын айта кету керек. Күлтөбе обасынан (Түркістан) табылған граниттен жасалған тас диірмен ерекше қызығушылық тудырады. Оны археолог Е.А. Смағұлов VII–VIII ғғ. жатқызады. Аталған диірмен тастың қасынан қыш бұйым мен үзеңгі табылған. Оған қоса қағаз өндіруде (751 ж. Арабтар мен қытайлықтар арасындағы Талас шайқасынан кейін) диірмен тастарын пайдалану деректері де назар аударарлық. Ж.с. VIII ғ. бастап Подонда, томенгі Повольже, Приазовта, Кубань мен солтүстік Кавказда қол диірмен тасы кеңінен қолданылған. Р.С. Минасян өз зерттеулерінде аталмыш территорияларға қол тас диірмені Қазақстан аумағынан келген деген болжам жасайды.

Егер де ортағасыр кезеңіне дейінгі уақытта тас диірмендер санаулы көлемде ғана кездессе, кейінгі ортағасырлық Тараз, Отырар, Сарайшық қалаларында жүргізілген қазба жұмыстары барысында тас қол диірмендер көптеп кездеседі, соның ішінде дән үгітушілер мен тас қол диірмендер кешені жиі кездеседі. Сондай-ақ уақыт өте келе дәнді қолмен үгітетін тас диірмен мен үккіштің орнына оңтайлы әдістер пайда болып, тас диірмен мен үккіш дәстүрлі заттар ретінде ғана пайдаланылады. Бәлкім тас диірменді пайдалану ісінің кеңінен таралғандығы кездейсоқ емес те шығар, себебі дәнді осы әдіспен үгу жұмыс өнімділігін арттырып, уақытты үнемдеуге (дәнүкішпен салыстырғанда) өз септігін тигізді, сонымен қатар алынған ұнның сапасын арттырды.

Дәнді үгу үшін қол диірмен тасын көшпенді халықпен бірге даланың отырықшы халқы да пайдаланған. Демек, қалалық жерлерде диірмен тастар әр үйде болған және «тандыр маңындағы суфаның шетінде» орнатылған (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1981, 173 б.). Кейбір жағдайда диірмен тас үшін арнайы балшықтан түрлі пішінді тұғыр дайындалған, оның бөлмедегі орналасуына (ортада – дөңгелек, бұрышта – құрақ және т.б.) байланысты. Тұғыр биіктігі де түрлі факторларға байланысты болды, ең бірінші кезекте, жұмыс барысында ыңғайлы болуы керек. Тас диірменді пайдалану кезінде оның төменгі тасы тұғырға «тастай» қылып бекітілген. Мысалы, тас диірменнің осындай қалыптағы, яғни «қос тас диірмен биіктігі 0,55 м (сыртқы шеті көлемі 30x22x8 см тазартылмаған шикізат көзімен бекітілген) тұғырда балшық «жастығы» бар диаметрі 0,48 м және биіктігі 0,12 м» сипаттағы диірмен XVIII ғ. Отырар үйлерінің бірінде табылған. Кешен ішінен тары дақылдарын сақтау үшін арнайы екі сақтау-шұңқыры мен қосымша жұмыс үстелі табылған. Тұғырдың үсті ұнды жинауға ыңғайлы болуы үшін ортасына қарай шұқырлана түседі.

Қазақ халқының тұрмысында әйелдер қол диірмен арқылы бидайды үгітумен айналысқан, бұған XIX ғ. көптеген зерттеулер, сонымен қатар қазіргі таңдағы экспедиция нәтижелері де дәлел болады. Қол диірменнің астында жиналған ұнды жинау үшін жақсы өңделген қой немесе ешкі терісін төсеген, кей жағдайларда қол диірменін арнайы ағаштан жасалған жәшіктің үстіне қойған.

Этнографиялық мәліметтерге сүйенетін болсақ, диірменнің айналуы сағат тіліне қарама-қарсы болған. Ар-

найы термин «диірмен-кезек» пайда болды. Бұл тәртіпті асық, ханталапай, қақпақыл және т.б. ойындардың кезектерінде пайдаланған болатын.

Егін шаруашылығымен айналысу, нан нарығы сұранысының артуы бидайды үгу технологиясын жетілдіруді талап етті. XIX ғ. аяғында Қазақстанның кейбір аудандарында ежелгі әдістер – дәнді-дақылдардың үстінен жануарлардың тұяғымен басу және өткізу әдістері орыс жерінен қоныс аударушылардың әсерінен тас тегістеуші – малтатас арқылы бастыру техникасына ауысты.

Осындай құралды пайдаланудағы басты қажеттілік – бау-бақшадан жиналған дәнді үгу, дәнді сабаннан ажырату мақсатында туындаған. Оның негізгі анықтайтын термині «малтатас» деп аталады. Сонымен қатар өзге де анықтамалар: «тас», «дән бастырғыш», «тоқылдақ» көптеп кездеседі. Тоқылдақ деп оның жұмыс барысында шығарған дыбысына қарай айтылған. Әрине, біз негізгі анықтама – «малтатас» деген терминді ұстанатын боламыз, себебі, бірінші кезекте, ол қарастырылып отырған сұрақтың функционалды жағын сипаттайды. Екі терминнен құралған – «мала» сөзі негізін құрайтын бөлік ретінде қарастырылады, ол «сүйреуші» деген мағынаны білдіреді, біздің жағдайымызда – егін шаруашылығының құрал-жабдығының шығыңқы өзекшесіне бекітілген.

Тас бастырмалар, негізінен, алты қырлы және сегіз қырлы призма пішінді болып келеді, олардың ұзындығы 70–80 см-ден ұзын болмаған, ал кесу диаметрі 40 және 50 см. Бастырманы жалпы білікті алмастыратын екі металл қаданың көмегімен ағаш қалыпқа орнатқан. «Негізі, бастырмаға бір немесе екі атты жегіп, жайлыған дақылдың үстінен атпен бастырманы жүргізген». Малтатастың металл қадаларына ағаш қалыпты бекіту тәсілі Х. Арғынбаевтың «Қазақ халқының қолөнері» атты еңбегіндегі фотода көрсетілген (Арғынбаев, 1987, 120 б.).

Тас төзімді материал ретінде көшпелі қазақ қоғамында тек шаруашылыққа пайдалану мақсатында ғана



Қойтас. Тасастау Қайнар қорымы (Р. Бекназаровтың суреті, БҚКЭАЭ – 2007, жетекшісі С. Әжіғали)

Қойтас. Некрополь Тас-Астау Қайнар (фото Р. Бекназарова, материалы ЗККЭАЭ–2007, руков. С. Ажигали)

қолданылған жоқ, сондай-ақ ойын, көңіл көтеру үшін де қолданылған. Мысалы, бұл жайында тоғызқұмалақ ойыны үшін тақташалардың таралғандығы дәлел болады. Аталмыш ойынның «топан» және басқа да атаулары болған. Бұл мәліметті Н. Сабитов Оңтүстік Қазақстан облыстарын зерттеу барысында атап өткен болатын (Сабитов, 1956, 127 б.). Бірақ тоғызқұмалақ атауы кеңінен таралды, оның негізі - моншақтардың саны болып саналды. Тоғыз саны түркі халқы үшін киелі болып табылады. Соңғы уақытқа дейін 9 саны қазақ халқының тұрмысы мен күнделікті өмірімен байланысты, дүниетанымында маңызды ұғымға ие.

«Тоғызқұмалақты» үстел үстінде ойнаған, сол себепті ойын тақтасы қажет болған. Егер ойынның басты атрибуты – ұяшық (14–18 ұзынша ұяшық – отау және 2 көлденең ұяшық – қазан) екенін ескеретін болсақ, тақтаның болуы маңызды емес екенін көруге болады. Ежелгі кезде тоғызқұмалақ ойынын жерде де ойнаған, қолайлы жерге ұяшық қазып ойнаған. Аталған ойынды өз ісінің мамандары ойнағандықтан ағаштан немесе тастан жасалған арнайы тақтаның пайда болуына әкелді. Өз кезегінде, төзімді материал – тастан тақташаны жиі жасағандықтан, аталмыш ойынға аса мән берілген және сұрнысқа ие екендігін көре аламыз.

«Тоғызқұмалақтың» тастан жасалған тақташалары қазақ халқының тас кескіндеме өнерінің өзіндік үлгісі болып табылады, оның қолдану аясы кеңейді. Бізге белгілі нұсқаларды шартты түрде екі түрге бөлуге болады: тақтатас тәрізді және таудың тасынан қашалып жасалған тақта.

Таудың тегіс жерінде жасалған тақташалар Жамбыл облысы аумағында анықталған. Солардың бірін – Қаратау маңындағы Ақшұқыр жерінде кездесетін тақташаны А. Ақшураев өз еңбегінде атап өткен. Келесі тақташа Тараз қаласының облыстық өлкетану музейінде сақтаулы, пішіні трапеция тәрізді ұсақ алқызыл құмдақ тастарының үйінділері іспетті. Оның тегіс жерінде ортасына қарай екі ұяшық – қазан ойылған, ал айналысына ұсақ – отаулар қашалған, әр жақта 9 ұяшықтан. Отаулар жапырақ тәрізді және өзінің үшкір жағымен орталық ұяшыққа қарай бағытталған. Төмен қарай, оң жақтауының астында шұңқыр жасалған және жебе ұшы сияқты сызықты өрек қашалған. Әр ұяшықтың іші тегіс қылып қырылғанын айта кету керек.

Ойынға арналған тас тақташаларының бірнеше нұсқасы бізге белгілі. Олардың үшеуі Манғышлақтан табылғаны белгілі және жергілікті жеңіл әктас түрінен жасалып, тікбұрышты тегіс тақтатас пішінді болып келеді. Тегіс жазықтық үстінде отау қашалған, жалпы саны 14, бір-біріне қарама-қарсы 7 ұяшық ойылып қашалған, ал шар тәрізді қазандық тақтатас шетіне орнатылған. Аталмыш тақтадағы ретсіз ұяшықтар саны тоғызқұмалақ ойынының өзгеше бір нұсқасын сипаттаған болуы керек. Келесі бір тақташа дұрыс өңделмеген және ұяшықтар ретімен орналасқан: шетіне 9 сопақша отау ойылып, ортасына 2 дөңгелек қазандық қашалып жасалған. Тақтатас пішіні трапеция тәрізді.

1988 жылы С.Е. Әжіғали тоғызқұмалақ ойынына арналған тастан жасалған тақташаның үшінші таңдамалы нұсқасын Қанға-баба діни кешеніндегі Қаракөз күмбезінен анықтаған болатын. Ол қорымнан алшақ үстірттің шетінде

орнатылған. Тақташаны тапқан автордың айтуы бойынша «тақташа» ескерткіштің батыс қабырғасына қарай тығыз орнатылған және екі бөліктен құралуы мүмкін. Отаулар мен қазандықтар дұрыс өңделмеген.

Тоғызқұмалақ ойыны үшін тастан қашалып жасалған тақташалар формасының екі типтес болуы мал шаруашылығымен айналысатындардың күнделікті тұрмыс-салтымен байланысты болуы мүмкін. Тастар үйіндісінің үстінде, қойтастардағы «тұрақты тақташалардың» орналасуы жергілікті халықтың жартылай отырықшы және көшпелілердің қыстауда орналасуымен байланысты болуы да мүмкін. Шағын ғана тас тақташаларының пайдаланылуы тасымалдауға ыңғайлы және тоғызқұмалақ ойынын ойнайтын шеберлерге кез-келген жерде (уақытша тұрақтарда және т.б.) ойнауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Үстірт пен Маңғышлақтағы күмбездердің қаптамаларына орнатылған тас тоғызқұмалақ тақталарының табылғандығын да атап өтуге болады. М. Меңдіқұлов өз еңбектерінде Қасмола күмбезі үйіндісінде осындай деректің кездескенін атап өтеді. Отаулардың дәстүрлі қалыпта қашалып жасалғандығы көзге түседі – 14 отау, яғни бір-біріне қарама-қарсы орналасқан 7 отаудан келеді. Археолог З. Самашевтің Жығылған елді-мекеніндегі Төлекбай күмбезінде анықтаған тақташалары, Қасмола күмбезінің табылған тақташалардың баламасы болып табылады (Самашев, 1993, 63 б.). Тақташа күмбез шатырында және сыртқы күмбезге жартылай кірігіп орналасқан. Қазақтардың қорым үстіндегі құрылыстарынан тас тоғызқұмалақ тақташаларының, соның ішінде күмбездерден табылуы кездейсоқ емес. Әбілхайыр хан кезеңіне дейін қайтыс болған адамның қасына қару-жарақты қоюдың далалық дәстүрін ескеретін болсақ, кейінірек, оларды тұрмыстық заттармен, әшекейлермен, қарумен алмастырылуына байланысты тас тақташасына қатысты мәліметтер де осындай сипатқа ие деген мағына береді. Бұны батыс Қазақстанның қорым үстіне қойылған шыны-құлпытастар, қойтастар мен сандықтастар негізінде көре аламыз. Байқап отырғанымыздай, анимизм бойынша тоғызқұмалақ ойынына берілген, ойын шеберін о дүниеге осылай шығарып салған.

Қазақ халқының тас қашау өнері бойынша деректік материал жинау жұмыстары барысында ұсақ тас заттар жиі кездескен болатын, соның ішінде ұршық, ұршықбасты атап өтуге болады. Аталған бұйымдар малдың жүнінен жіп иіру үшін пайдаланылған және Қазақстан территориясында қола дәуірінен бастап белгілі болған.

Қазақ халқы ұршықты жасау үшін түрлі материалдарды пайдаланған. Ұршықты дайындау, пішіні, жұмыс жасау принципі түбегейлі өзгеріске ұшырамағандығын атап өту керек, себебі негізгі қызметі – жіп иіру өзгеріске ұшырамады. Ұршықтас ағаш ұршық сабының иірілген жіп домалағын ұстайтын негізгі бекітушіге демеу болатын және оны тездететін шағын ғана салмақ-сермер ролін атқарған. Жіпті жинақтау үшін бұйымның үстіне ойық-кертпе орнатылған.

Ұршықты жасау үшін түрлі материалдар пайдаланылған: ағаш, тас, метал кеңінен қолданылған. Бізді қызықтыратын тас ұршықтар, негізінен, тау жыныстары түрлерінен жасаған (балшықты қатпалы тас, туф және т.б.), олар жіп иіру кезінде

негізгі қызметті атқарған. Біздің ойымызша, қатты тау жыныстарынан (мәрмәр, гранит және т.б.) жасалған ұршықтар тігін машиналарында жүк қызметін атқаруы мүмкін немесе жіп иіру үшін пайдаланылып немесе ат қылынан арқан дайындау кезінде қолданылады, себебі жүн ауыр салмақты көтере алмайды. Мысалы, Батыр Керей Жәнібектің ұршығы – «хан ұршықты» алатын болсақ, бисфералы шара пішіндес болып келеді және ортасында өтпелі тесік бар. Шара диаметрі – 8,2 см, биіктігі – 5,5 см. Ұршық үсті 8 сегментті ойықтар арқылы бөлінген. Өз кезегінде, бұл бөліктер тағы да екі қатарлы сызықпен бөлінген. Төменгі жағында шағын ғана кесте қашалған. Бұл кестенің негізінде ұршықтың қара қиыршық мәрмәрден жасалғандығы анықталады. Салмақты ұршықтың (салмағы – 700 г) дайындау техникасы: нақыш, сүргілеу, тегістеу және жалтырату.

Ойыншық сияқты тас бұйымдарын да бөлек қарастыруға болады. Р. Карутц «Маңғышлақтағы қырғыздар мен түркмендер арасында» атты еңбегінде тастан жасалған ойыншықты атап өтеді, бұл нұсқа ерекше қызығушылық тудырады. Бұл дұрыс өңделмеген жұмсақ тас кесегінен жасалған шынайы ат бейнесі болып табылады. Ат арқасына мата қиындысы жабылған және жіппен байланған, қылқұйрық орнына шаш қолданылған. Мүмкін, басқа да тас ойыншықтар болған шығар. Шамасы олардың тарихи бағасының анықталмағандығына байланысты зерттеу аясынан тыс қалған.

Демек, халық ойыны тоғызқұмалақтың тас тақташалары қазақ халқының бай зияткерлік тәжірибесі бүгінгі күнге дейін жеткізген. Ойын тақташалары, ұршық және өзге тас ойыншықтар дәстүрлі тас қашау өнері мен біздің ата-бабаларымыздың тас қашау өнерінің аясын кеңейте түседі. Жалпы, қазақ халқының тас қашау өнерінің тұрмыстық сипаты өте ауқымды. Әрине, ол болашақта бұйымдар аясын кеңейту арқылы зерттеуді, бұл тас бұйымдардың типологиясы мен топтастырудың сараптамасын қажет етеді. Бұл келесі зерттеулерде көрініс табуы ықтимал.

Қазақстан аумағында тас қашау өнерінің дамуы ежелгі уақыттан бері біркелкі дамып келді, әрине, шарықтау шегі мен бұл өнердің құлдырау кезеңі де болды. Бірақ, шарықтау шегі жерлеу-ғұрыптық құрылыстарда және батыс

Қазақстанның кейінгі ортағасырлар мен жаңа кезеңіндегі (XVI–XX ғғ. басы) шағын формалардың монументалды глиптикасында көрініс тапты.

Аталмыш аймақта түпнұсқалы тас қашау өнерінің қарқынды дамуының бір себебі халық бейнелеу өнерінің тереңінен келе жатқан дәстүрін есептемегенде, әлбетте, өңдеуге қолайлы тау жыныстары айтарлықтай себеп болды: аймақтың оңтүстігінде – әктас, әктас-ұлтас; солтүстігінде – құмтас және бортас жиі ұшырасады. Негізінен, батыс Қазақстанның тас қашайтын шеберлері табиғаты бойынша біртекті, тығыз, бірақ, өңдеуге икемді материалды пайдалануға тырысты.

XIX ғасырдағы Маңғышлақты зерттеген орыс зерттеушілері тау жынысын құрылыс материалы ретінде пайдалануға икемді екендігін атап өткен. Ұлтас күнделікті материал ретінде пайдаланылып, немесе, күмбездің ішін қаптау үшін пайдаланылған. Бірақ, көбінесе күмбез сыртын қаптауға қолданылған. Мүмкін, тас құрылысындағы тесіктер себеп болған шығар. Олар кейінірек атмосфералық жауын-шашынның жиналуына септігін тигізіп, ескерткіштің неғұрлым тез бұзылуына әкеліп соқты.

Құмдақ өзінің тығыз құрылысына байланысты әктасқа қарағанда сирек пайдаланылды. Одан қарапайым нұсқадағы стела жасауға тырысты – құлпытас пен қойтастар жасалған болатын. Мысалы, Есет батыр мен Бекқұл-әулие обаларындағы қоңыр құмдақтардан жасалған құлпытасарды атауға болады. Стелалар дұрыс өңделмеген, бірақ тас қашаушының шеберлігі мен ынтасының нәтижесі ретінде материалдың құрылысымен бірге екінші рет тасты қашау негізінде өңдеуі назар аудартады. Әріптер, сүйір төбенің табақшасы үлкен қылып жасалған, егер де ескерткіштерді өңдеу өте ұсақ және мұқият өңделген жағдайда, ескерткіштер өзінің сипатын жоғалтар еді. Жем (Ембі) өзенінің жағасынан бастап Ұлыбританияның оңтүстігіне дейін таралған бортас әлсіз құрылысы мен атмосфералық жауын-шашын нәтижесінде тез өзгеріске ұшырауына байланысты өте сирек пайдаланылған және оны пайдаланудың негізгі себебі эстетикалық сипатына байланысты болуы мүмкін.

Ежелгі тас қашау өнерінің тәжірибесі Маңғышлақ және Үстірт жерлерінде тауға ойып немесе жер асты мешіттерін қашау сипатында көрініс табады. Негізінен, оларды өңдеуге, тіреуіш баған мен сәндік бағандарды, еденін және т.б. нақыштауда көркемдік нақыш беру есебінде қолданылған. Ұзақ уақыт бойы осы мешіттер қасында ірі обалардың қалыптасу үрдісі жүрді және оларда да тас қашау өнері көрініс тапқан.

Аталған обалардың негізін шағын пішінді мемориалды-діни сәулетшілік өнері құраған: стела – құлпытас, қойтастар, сандықтастар. Олардың ең ежелгі түрлері ортағасырларда қалыптасқан. Осы орайда Арал-Каспий ескерткіштерін зерттеуші С.Е. Әжіғали ортағасыр кезеңінде қойтастар мен сандықтастар дамуының екі кезеңін бөліп көрсетеді: ортағасыр (XI–XII–XV ғғ.) және кейінгі ортағасыр (XV–XVIII ғғ. басы) (Ажигали, 2002).

Ерте кезеңдерде ескерткіштердің композициялық негіздері қалыптасып, құрастырылады, түрлі формалар әзірлене бастайды, олар арасында құлпытас, қойтастардың



Қайнар мазары. XIX ғ. соңы – XX ғ. басы
(Р. Бекназаровтың фотосы, 2005 ж.)
Мавзолей Қайнар. Конец XIX – нач. XX вв.
(фото Р. Бекназарова, 2005 г.)

қарапайым нұсқалары басым болып келеді; негізінен, көп жағдайда дұрыс өңделмеген, әрлендіруде эпиграфика қолданылмаған. Ескерткіштердің үстін өңдеу тәсілі – тегіс бедерлі нақышта болып келеді. Кейбір ескерткіштерде бейнеленген қару-жарақ, тұрмыс бұйымдары жоғарғы беттің контур маңын нүктелі өрнек (бекеттік әдіс) арқылы өңдеген.

